б 63(5К)
Ж91

Л. Қ. Жүсіпова

# МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ – ДЕРЕКТАНУШЫ



Кереку баспасы
Павлодар

Б 63(5К)
Ж 91

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Л. Қ. Жүсіпова

# МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ-ДЕРЕКТАНУШЫ

Тарих (бакалавр) мамандықтарының студенттеріне және магистранттарына арналған оқу құралы

Павлодар
Кереку
2013

ӘОЖ 951(574)
КБЖ 78.5+63.3 63(5каз)
Ж90

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды**

**Пікірсарапшылар:**

М. Қ. Әбусейітова – Р. Б. Сулейменов атынд. Шығыстану институты директоры, тарих ғылымдары докторы, профессор

А. Қ. Ешмұратов – тарих ғылымдары кандидаты, доцент

Е. К. Рахимов – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті тарих ғылымдары кандидаты, доцент

**Жүсіпова Л. Қ.**

Ж90 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы-деректанушы: тарих (бакалавр) мамандықтарының студенттеріне және магистранттарына арналған оқу құралы /Жүсіпова Л.Қ.-Павлодар: Кереку, 2013.- 120 б.

**ISBN 9965 539 -79-0**

Бұл оқу құралы қазақ елінің ғұлама ғалымы, энциклопедист Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына арналған.Мұнда ғалымның өмірі мен заманы туралы мәліметтер, оның көзін тірісінде жарияланғын еңбектері мен кейінен жарыққа шыққан шығармалары және ол туралы зерттеулер мен пікірлер берілген. Оқу құралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ғылыми тұғырнамасының деректанушылық көзқарасына тыңғылықты талдаулар ұсынады.

ӘОЖ 951(574)
КБЖ 78.5+63.3 63(5каз)

**ISBN 9965 539 -79-0**

683175
С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің академик С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапханасы

© Жүсіпова Л. Қ., 2013
© Павлодар:ПМУ баспасы, 2013

Материалдың дұрыс болуына грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

## Алғы сөз

Тарих ғылымы үздіксіз дамуы үшін жаңа деректер таным арнасына тартылып, үнемі зерттелуі қажет екені баршамызға белгілі. Деректанушы ғалымдар жергілікті халықтағы ауызша, жазбаша деректерді сол елдің тарихи, рухани дамуының бірден–бір кепілі ретінде қарастарыды. Ел тарихының объективті зерттелуі деректану ғылымының дамуымен тікелей байланысты. Ғылыми ортаға беймәлім қолжазба мәтіндер жарияланып, зерделене түссе, тарихымыздағы ақтаңдақ мәселелердің де ашыла түсері анық.

Осы орайда халқымыздың тарихы, мәдениеті туралы мол мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858–1931ж.) қазақ ғылымына қосқан үлесін ерекше атауымызға болады. Әрине, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еңбектерін жіктей қарастырсақ, фольклортану, медицина, астрономия, философия, космология, этнография, теология т.т. ғылым салалары үшін де құнды зерттеулер, деректік мәтіндер бар. Біз үшін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Мес” деп аталып кеткен 30 томдық жинағы ішінен Қазақстан тарихы туралы жазылған қолжазбалары құнды болмақ.

М. Ж. Көпейұлының тарихи мұрасы хақында сөз болғанда, ғалым жазбаларын мазмұны жағынан екі жақты сипатта қарастыруымызға тура келеді. Біріншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір бойы (1917 ж. дейін) салт атпен Қазақстанның көп жерін аралап жүріп, мол мағлұмат шоғырын жазып алған. Екіншіден, көп жылдық зерттеу жұмысын қолжазбалық кітап түрінде жинақтаған. Бұл жағынан алғанда Мәшһүр қолжазба кітаптарының бірқатары әрі деректанушылық, әрі тарихшылық мазмұнда жазылғанын шамалаймыз.

Мәшһүр Жүсіптің тарихи мағлұматтарды шежіре түрінде баяндап жазғаны белгілі. Белгілі шығыстанушы ғалым В. П. Юдин өз зерттеуінде фольклордағы тарихи әңгімелер топтамасын далалық ауызша тарихнаманың тарихи білімді жеткізудің негізгі формасы деп көрсетеді: “Ол–далалық ауызша тарихнама. Тарихи атқарушының (субъектінің) өзінің өткені жөніндегі жады. Қазақстан тарихын қалпына келтіру тек осы екі тарихнамалық дәстүрді пайдалану арқылы ғана іске аспақ. Бірі–кәдімгі жазбаша, яғни отырықшы елдердің мәдениетінің нәтижесі, екіншісі–далалықтардың ауызшасы.

Далалық ауызша тарихнама–Дәшті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімі. Біз үшін Дәшті Қыпшақтың шығыс бөлігі мұңғол заманынан бері көшпелілердің ортақ тарихи зердесінен бөлектене бастаған ерекше өлке. Осы себептен тарихи білімді не “ауызша

дәстүр” деп, не “аңыз”, “хикая” деп анықтауға болмайды. Далалық ауызша тарихнама не мифология, не фольклор, мысалы, батырлық эпос түрінде ұтылмауы керек, себебі фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан нәр алған.

Осыны көрсететін шығармаларды далалық ауызша тарихнаманың деректері, қайнар көзі деп белгілесе болар еді. Олар Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімдерінің тарауларына құрылған тарихи әңгімелердің жинағы сияқты. Бұл әңгіме тараулар “қария сөз”, яғни ескіден қалған көне сөз деп ерекше аталған. Осы белгісімен бұл деректер шығыстың кәдімгі сарай тарихнамасынан бөлектенбеді. Оларда далалық ауызша және шығыстың жазбаша тарихнамасының элементтері аралас”[1, 64–65 б.].

В. П. Юдин атап көрсеткен екі тарихнамалық (далалық ауызша және жазбаша шығыс) дәстүр Мәшһүр мұрасында өзара байланыста берілген. Оның үстіне ғалымның қазақ елі тарихына қатысты барлық мәлімет көздерін қамтуға тырысуы және бұл тарихи білімді ғылыми жүйелілік тұрғысынан баяндауға ұмтылуы қолжазбалар құндылығын арттыра түседі.

Отандық тарих ғылымы жазба жәдігерлердің жүйелі түрде зерттелуін қажет етеді. Арабтанушы А. Б. Халидов дүние жүзінде 630000 шамалы қолжазба кітап ( түпнұсқа ) сақталынғанын анықтады [2, 255 б.]. Қазақ қолжазбаларын зерттеген М. Бөжеев пен М. Ғұмарова Алматыдағы Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорында және Әдебиет және Өнер институты қолжазба қорында көлемі әртүрлі 40000 қолжазба (түпнұсқасы мен көшірмесі аралас) 3000 папкаға сидырылып салынғанын мәлімдейді [3, 6 б.].

Ал бұл қорларда сақталынған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасын жете зерттеген ғалым М. Бөжеев қолжазбалары көлемі 30 томдай болады деп көрсетті [4, 127 б.]. Мұндай мол қазынаны игеру көп жылдық ізденісті қажетсінеді.

Мәшһүртану тарихына шолу жасасақ, Кеңестік дәуірде, көбінесе, әдебиетші ғалымдар: М. О. Әуезов, М. Бөжеев, З. Сейітжанов, Д. Әбілев, Ж. Шалғымбаева, С. Дәуітов т.т. зертеулерінде ғалымның әдеби мұрасы, фольклоршылдық қызметі басым айтылды. Академик Ә. Х. Марғұлан мен Е. Бекмаханов еңбектерінде ғана оның тарихи мұрасына баға берілген. Түпнұсқамен жұмыс жүргізген ғалым, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан ғана 1940 ж. басылып шыққан мақаласында: “Мәшһүр–Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы”,–деген тұжырым жасады [5, 91 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбаларында Кенесарытану саласы бойынша сақталынған мәліметтерді (кейіннен жинақ ретінде

құрастырылған №1330 папка) Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорынан іздеп тауып, аударып, жан–жақты пайдалана білген галым Е. Б. Бекмаханов М. Ж. Көпеев мәліметтерінің географиялық нақтылығына, тарихи шынайылығына жоғары баға берді [6, 52 б.].

Алайда 1952 ж. орын алған "Е. Бекмаханов ісі" Мәшһүртануға да көп қиындық келтірді. 1984–1986 ж. жарияланған Ә. Х. Марғұлан зерттеулерінен [7, 353 б.] басқа ешбір ғылыми еңбектерде Мәшһүр–Жүсіптің тарихшылық көзқарасы мен қызметі мүлде қарастырылмады. Кеңес өкіметі жүргізген саяси қуғындау шаралары және ғалым шығармаларының ескі араб жазуында жазылуы 1952–1991 ж. тарихшы галымдарымыздың Мәшһүртану бағытына үлес қоса алмауына себеп болды.

Ескі хадим жазуымен жазылғандықтан әдебиетші, фолклортанушы ғалымдар М. Ж. Көпеев қолжазбаларын толық емес, шағын үзік фрагменттерін ғана тәржімалап отырды. Толық тәржімалау мүмкіндігі болмаған себепті бертінге дейін көптеген ғылыми жинақтарда М. Ж. Көпеевті көбінесе әдебиетші, фольклор үлгілерін жинаушы деп көрсетіліп келді.

Өткен ғасырдың 90–жылдары Мәшһүртануда зор өзгеріс жүзеге асып, шежіресі (1993 ж.) мен екі томдық жинағы ( 1990, 1992 ж.) жарияланып, тарихшы ғалымдар еңбектерінде Мәшһүр мәліметтері пайдаланылып, оң бағалана бастады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасымен таныс болған ғалым М. Қ. Әбусеитова ғылыми еңбегінде жазбаларындағы мәліметтерінің тарихилығын жоғары бағалап, терең зерттеудің қажет екенін жазды. [8].

Мәшһүртану бағытында тарих ғылымы саласы бойынша Алпысбесұлы М. (1999 ж. Қарағанды) мен Жүсіпов Е. Қ. (2000 ж. Астана) кандидаттык диссертацияларын қорғады. М. Алпысбесұлы қазақ шежіресіне арнаған еңбегінің бір тарауын тікелей Мәшһүр Жүсіптің "Қазақ шежіресі" туындысын зерттеуге арнады. Е. Жүсіпов ғалым жазбаларындағы тарихи тұлғалар туралы мәліметтерге сүйеніп, сол тұрғыдан оның тарихтану, деректану көзқарасын қарастырды.

Кейбір даулы мәселелер бойынша, салыстыратындай басқа мәлімет кездесе қоймағандықтан Мәшһүр мәтіндерін сол қалпында өзгеріссіз келтірілген. Билеушілердің өмір сүрген жылдарын, ата–тегін, мекендеген жерлерін т.т. баяндайтын Мәшһүр мәтіндері осы басылым арқылы шығыстанушы, өлкетанушы, тарихшы, деректанушы ғалымдар назарына ілініп, алдыңғы болашақта М. Ж.Көпеев пайдаланған дерек көзі иелерінің есімдері ашыла түседі деп сенеміз. Алда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әр қолжазба үлгісін толық

аударып, қажетті түсініктер беріп, жеке кітап ретінде жариялау міндеті тұрғаны түсінікті.

**Әдебиеттері:**

1 Утемиш–хаджи. Чингиз–наме. [Факсимилие, перевод, транскрипция, текстологические примечание, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М. Х.Абусеитовой. – Алматы: Ғылым, 1992. –С. 296

2 Халидов А.Б. Арабские рукописи и арабская рукописная традиция.– Москва: Наука, 1985. – С.311

3 Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). /Редакциясын басқарған Ғабдуллин М. – Алматы: Ғылым, 1975. – т.1. – 347 б.

4 Бөжеев М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында. // Жалын.– 1974.– N4. – 127 б.

5 Марғұлан Ә. Х. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. //Қазақ әдебиеті. – 1940. –5 қаңтар. – №2. –4 б. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс–Баянаула өңірі. –Павлодар: Дауа –Қазақстан, 1995. – 1 кітап. – 368 б.

6 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында (Оку құралы). – Алматы : Санат, 1994. – 416 б.

7 Марғұлан Ә. Х. Олжабай батыр. //Жұлдыз, 1984. – №2 – 171–175 б.; Соныкі. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. –368 б.; Соныкі. Еңбекпен өткен өмірім. //Жұлдыз. – 1986. – №1. – 174–181 б.

8 Абусеитова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв.:история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк–Пресс, 1998. – С. 268

## 1 Мәшһүр Жүсіп: өмірі мен ғылыми –зерттеу тұғырнамасы

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының (1858–1931) алар орны ерекше. Жас кезінде Шығыс әлемінің білімімен сусындаған, кейіннен орыс тілін меңгеруі арқылы Батыс өркениетінің де ғылыми жаңалықтарымен танысқан ол тарих, этнология (шежіре нұсқалары), фольклористика (жинастырған ауыз әдебиет үлгілері), әдебиет (ақындығы), тіл тарихы, этнография (қазақ халқының салт дәстүрі туралы шығармалары), философия [1, 56–61 б.], медицина (емшілік, дәрілік өсімдіктер туралы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы N1175 папка материалдары), космология [2, 87–89 б.] ғылым салаларына арналған еңбектерді жазып қалдырды. Бұл мәселе бойынша Ә. Х. Марғұлан: "Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл–Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары және араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы", – деген тұжырым жасаған еді [3, 91 б.].

Ол 1858 жылы, қой жылы, Баянауылдағы Қызылтаудың Найзатас деген жерінде ережеп айы, жұма күні, бесін кезінде Көпей шаңырағында дүниеге келді. Әкесі Көпжасардың (Көпейдің) жанұясында Мәшһүр Жүсіптен кейін Қасен, Мәдина (қыз) балалары туған еді.

Арғын тайпасының Сүйіндік руынан таралатұғын ата–тегі Мәшһүрдің өзінің 1907 ж. Қазаннан басылып шыққан кітабында баяндалынған: **"Мен өзім, атым Жүсіп, 49 жаста отырмын. Әкем аты Көпей, жылы барыс еді. 73 жасында, барыс жылы өліп, Баянауылға қойылды. Оның әкесі Сермұхамед жетпістен асып өліп, Қызылтауға қойылды. Оның әкесі Ақжігіт 49 жасында өліп, Көкшетау бауырында Шортаңқарағай, Қыздың қарасуы деген жерге қойылды. Оның әкесі Бесім қартайып өліп, Ұлытауда бес саланың өре басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудың теріскей жағына ағатұғын сайларды "Бесімнің бес саласы" деуші еді. Тірі күнінде өзінің қоныс қылған жері болғаны үшін..."** [4, 257–258 б.].

Мәшһүр Жүсіптің бала кезінде азан шақырып қойылған есімі – Адамжүсіп. Кейін 9 жасында қалың топтың алдында "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жырын жатқа айтып көзге түскенде, Мұса Шорманұлының

ұнатып: "Өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен",–деп лепес қылуымен тақиясына үкі тағылып, Мәшһүр бала атанады [5, 119–120 б.].

Неше жыл бойы керуеншілікте жинаған дәулетінен 1861 жылғы жұтында "ақ сирақ" болып шығуы әкесі Көпейге баласы Мәшһүрді "жұтамас байлық" оқуға беруге ой салады.

М. Ж. Көпеев Баянауыл медресесінде 1863–1868 жылдары Нәжмедтин молдадан, 1868–1872 жылдары Қамар (Хамерреддин) қазіреттен дәріс алады. Араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгеріп, Шығыс әлемінің ғылымымен танысады. Сонымен қатар ұстазы Қамар қазіреттің жыр–дастандарды кітапқа түсіріп ел арасына тарататұғын ісіне еліктеп өзі де жастайынан ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастырып, қағазға түсіре бастайды. Мәселен, әулеттік архивте сақталынған Ә. Марғұланның Сердәліге жазған хатында:"Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы (Мәшһүрдің 7 жасар бала кезі –Л. Қ.) жазып алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы", – деген мәлімет беріледі [6, 16 б.].

1872–1874 ж. Бұқарадағы Көкілташ медресесіндегі оқуын аяқтаған соң Мәшһүр Жүсіп еліне оралып, Әкімбектің сұратуы бойынша 1874–1876 ж. ауылда бала оқытып (оның ішінде Әкімбектің жалғыз баласы Қабылбек бар –Л. Қ.) табыс табады.

1880 ж. бастап Мәшһүр Жүсіптің өмірінде жариялаушылық (публицистік) қызметі айқын көріне бастайды. Ол 1880–1895 жылдары "Дала уалаяты" газетіне, 1887 жылы Бұқарға барған екінші сапарында Ташкент қаласынан шығатын газеттерге, 1911–1912 жылдары "Айқап" журналына мақалалар мен фольклорлық үлгілерді беріп отырады. Бұл мақалаларында автор қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық мәселелерін көтерумен ғана шектелмей, ел тарихынан да мәліметтер келтіріп отырады.

Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіптің ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау үшін ел аралағаны, Қазақстан жерінің көп бөлігін салт атпен жүріп өткені, білім алу мақсатында Орта Азия қалаларына үш мәрте сапар шеккені мәлім.

Әсіресе, ел тарихы туралы мағлұматтарды жинастыруда 23 жасында, 1881 ж. Ақмола дуанына шеккен сапарының мәні ерекше. Мұнда ол Қараөткел (Ақмола) өңірінің атақты шежірешісі, орысша сауатты, Сүйіндік Жанайдар батырдың баласы Мейрам үйінде бір жыл бойы қыстап шығады. Ақмола дуанында да ақындығымен, шешендігімен көзге түскен ол сол заманның атақты адамдарымен: Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы, шежіреші Қаракесек Бердалы қожа, Қанжығалы Саққұлақ (әйгілі Бөгенбай батырдың немересі

Сәбелең – Л. Қ.) және Қоңырқұлжа сұлтанның ұрпақтарымен жолығып, шежіре нұсқаларын алып, XVIII–XIX ғ. Абылай мен Кенесары замандары турасында аңыз–әңгімелерді жинастырады. Мейрам Жанайдаровтан 1870 ж. Петербургтен басылып шыққан В.В. Радлов кітабын (түпнұсқасында) көшіріп алады.

Кейіннен Көкшетау жерінде Абылай хан әулетінің адамдарымен кездесіп, XVIII ғасыр тарихына қатысты фольклор үлгілерін жазып алады. Мәшһүр Жүсіптің 29 жасында, 1887 ж. Бұқара қаласына шеккен екінші сапары оның тарихи танымының өсуіне, дүниетанымының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Барған жолында Түркістан, Ташкент калаларын аралап, Бұқар шаһарында білімін толықтырады. Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кешенін көріп, оның тарихын баяндайды. Ташкентте Сыздық Кенесарыұлынан әкесі К. Қасымұлының істеген ерлік істерін естиді, Қасым Абылайұлы әулетінің шежіресін, тарихын жазып алады. Қайтар жолында Шу мен Сырдария өңірлерін, Ұлытау мен Кішітауды, Есіл мен Нұраны аралап шығып, еліне оралады. Бұл сапарында Мәшһүр Жүсіп Майлықожа, Көшекұлы Күдері қожа секілді атақты ақындармен кездеседі. Тіпті, Ақмолда, Дайыр, Молдағали ақындармен айтысып, сөз сайысына да түседі. Ұлытауда Алаша хан кесенесін тамашалай отырып, бала кезіндегі Баянауылдағы домбырашы тартымпаз Ақай, Қиялша шалдардан естіген "Ақсақ құлан" күйінің тарихын, "Алаша хан" аңызын Жеті Кеңгірді жайлаған бір найманнан алынған әңгімесімен ұштастырып қарастырады. Басып өткен жерлеріндегі Қыпшақ, Қоңырат, Алтай (Арғын), Найман рулары адамдарының тарихи сөздерін жинастырады.

1889–1891 жылдары Кіші жүз жерінде Жәңгір төремен, Қаржауұлы Науша батырдың шөбересі Қадырмен жолығады. Бөкей ордасы мен Кіші жүзге танымал адамдар туралы (Науша [7, 1–9 б.], Жәңгір, Исатай, Шернияз, Тама Сарыбас мерген т.т.) мағлұматтарды қағаз бетіне түсіреді. Кіш жүз ру –тайпаларының ұрандарын, таңбаларын, шежіресін сипаттайды [8, 1–2 б.].

1895ж. 37 жасында Бұқар, Самарқан қалаларына сапар шегіп, білімін толықтырады.

1905 ж. "Қанды жексенбі" оқиғасынан кейін шыққан Манифестке арналған өлеңдерінде М. Ж. Көпейұлы патшаның бұл шарасы жалғандығын айтады.

1907 ж. Қазандағы Хұсайыновтар баспаханасынан Мәшһүр Жүсіптің 3 кітабы: "Хал–ахуал", "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз", "Сарыарқаның кімдікі екендігі" басылып шығады [9, 112–123 б.]

Бұл кітаптарында Мәшһүр Жүсіп алғаш рет баспа бетінде патшалы Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатын ашық сынайды. Сол саясат салдарынан қоғам ішінде пайда болған партиялық ел тартысын; жуан елдің әлсіз елге, байдың кедейге жасаған қысымын әшкерелей отырып, бұл мәселелердің түп негізіне үңілтеді. Сөзінің дәлелі ретінде қалмақпен соғысып, қан кешіп жүріп ата–бабалары азат еткен қазақтың Сарыарқа даласын шенеунікке сүйенген орыс мұжықтарының қоныстанып жатқандарын сөз етеді.

1907 ж. Түркістан, Ташкент қалаларын аралайды, ел сөзін жинастырады. 1912 ж. патша әкімшілігінің цензурасы назарына Мәшһүрдің 1907 ж. бастырылған кітаптары алынып, татар аудармашысының тәржімалауынан кейін 3 кітаптың екеуінің мазмұны Ресейдегі патша билігіне қарсы мақсатта жазылған деп танылып, 1912 ж. екінші рет басылған 3 кітап баспахананың өзінде "тұтқындалынып", 12000 сом айып салынып, 14 кісі айыпқа тартылады [10, 75–77 б.]. Сол кезде Мәшһүр атын атаудың өзі қауіпті болғандықтан "Айқап" басылымы иелері одан "Мұхаммед Юсуф" деген жалған атпен мақалаларын жіберіп тұруын сұрайды.

1916 ж. қазақты қара жұмысқа алу туралы июнь жарлығына қарсы болғанымен Мәшһүр Жүсіп Баянауылда жасақ құрған көтерілісшілерге (оның ішінде баласы Әмен де бар – Л.Қ.) батасын бермейді, қарулы патша әскерімен соғысса тек қазақтардың ғана шығынға ұшырайтынын ескертеді. Соңынан қара жұмысқа М.Ж. Көпеев шаңырағынан Әмен алынады.

1917 ж. Қазан төңкерісі кезінде патша өкіметінің құлауына қуанғанымен Мәшһүр Жүсіп Кеңес өкіметіне сенімсіздікпен қарайды. Ақындықпен қош айтысып, өмір бойы жинаған қолжазбаларын реттеумен, қорытумен шұғылданады. 1920 ж. Ә. Диваев экспедициясы келіп, Мәшһүр мұрасының бір бөлігін көшіріп алады. 1921 ж. ортаншы баласы Әменнің Ташкентте мұғалім болып істеп жүрген кезінде қастандықпен кісі қолынан қаза табуы Мәшһүр Жүсіпке ауыр тиеді.М. Ж. Көпейұлы 1931 ж. 27 қарашада жұмаға қарай таңға жақын көз жұмып, денесі қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ескелді деген жерде өзі алдын–ала жасатқан зиратына қойылды.

**Әдебиеттері:**

1 Көпеев М. Ж. Аспан, Жер және адам жаратылысы туралы. // Қазақ тарихы. – 1995. –№2.

2 Көпеев М. Ж. "Ай мен күндей; һәммаға бірдей",–демегінің мағынасы.// Ақиқат. – 1994; Адам мен жұлдыздар арақатынасы.// Соныкі. //Қазақ тарихы. – 1995. –№6;

3 Тілеке Ж.Шежіре: Ертіс–Баянауыл өңірі.– Павлодар: Дауа–Қазақстан,1995.– 368 б.[91]; Марғұлан Ә.Х. Мәшһүр Жүсіп Көпеев..//Қазақ әдебиеті.– 5.01.1940.–.№2.–Б.4

4 Көпеев М.Ж. Таңдамалы.– Алматы: Ғылым, 1990.– Т.1.– 273 б.[258–259].

5 Сонда.Б.119–120

6 Қ.П.Жүсіповтар жанұясының әулеттік қолжазба архиві ( ҚПЖӘМ), Жолмұрат көшірмесі, 2–топтама, 33 тізім.–Б.–1; 7 Жүсіпов Н.Қ. Мәшһүр–Жүсіп Көпейұлының фольклоршылық еңбегі: ф.ғ.к...Автореферат ы.–Астана, 1998.–32 б.[16].

8 Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қоры (ОҒКҚҚ), Көпеев қолжазбасы көшірмесі, №378 папка.–Б.1–9. ҚПЖӘМ , Жолмұрат көшірмесі, 2–топтама, 21–тізім.– Б.1–2.

9 Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі.// Қазақ тілі мен әдебиеті.–1994.–№4.–Б.112–123.; Соныкі. Таңдамалы.– Алматы: Ғылым, 1990.– Т.1..–Б.24–71, 257–259.

10 Шалғымбаева Ж. Из истории казахской печатной книги.– //Мұрагер.–1992.– 1992.– №12.– Б. 75–77.

## 2 Тарихи мұраның жалпы сипаттамасы

Мәшһүр Жүсіптің қазақ тарихы туралы жазылған жемісті еңбегі – "Қазақ түбі". Бұл еңбектің бірнеше нұсқалары бар. Әр үлгіде ел тарихы әртүрлі баяндалынады. Ортақ ұқсас мәтіндер (Әбілғазы шежіресі, В. В.Радлов мәтіні т.т.). пайдаланылса да, кейбір тарихи даулы кезең, не тарихи оқиға бірнеше вариантта әңгімеленеді. Бірақ бір ортақ ұқсастығы қолжазба мәтіндері көбінесе "Қазақ түбі" деген сөзден басталып отырады [1, 193–194 б.]. Әсіресе бұл атау тарихты Адам Атадан бастайтын Әбілғазының "Түрік шежіресіне" байланысты қолданылады. Барлық қолжазбаларда ел тарихы бір хронологиялық жүйеге сай баяндалса да, әрбір жазба нұсқасының мазмұны әртүрлі болып берілген. Сондықтан Мәшһүрдің қазақ тарихын ортақ бір жылнамалық–шежірелік жүйе ретімен баяндауын ескеріп, адамзат тарихын Адам Ата мен Хауа Анадан бастайтұғын Әбілғазы шежіресі мәтіндерін "Қазақ түбі" деген атаумен бастайтынына назар аударып, "Қазақ түбі" дегеніміз М. Ж. Көпеевтің тарихи тақырыптарды қамтитын шығармаларының ортақ тақырыбы, бастама сөзі болғандығына ден қоямыз. **Автордың басты мақсаты ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыру болғандықтан қолжазба кітаптарында фольклорлық нұсқалар жиі пайдаланылған. Бірақ бұлардың да бір тарихи кезеңді суреттеуде қосымша дерек көзі ретінде**

**қолданылғанын аңдауға болады. Әр қолжазбадағы барлық материалдардың көлемін сараптай қарасақ, әдебиет пен фольклорға тән мәтіндердің үлесі (70–80%) көптігін байқау қиындық тудырмайды. Алайда сол ауыз әдебиеті үлгілерінің (тарихи, жыр, аңыз–әңгіме, дастан т.б.) белгілі бір тарихи–хронологиялық ретпен жазылып, "Қазақ түбі" тақырыбын жан–жақты толықтырып тұрғандығын ескерсек, Мәшһүр мұрасының әртүрлі сипатын танимыз. Яғни белгілі бір тарихи аңыз–әңгіме мәтінін таза әдеби сарында, әрі тарихи сипатта жазылған деп тануымызға болады. Бұдан Мәшһүр Жүсіп мұрасының ғылыми таным үшін көпқырлы сипатқа ие болғандығын көреміз. Жинаушының белгілі бір материалдарды бір қолжазба кітабында жинақтап беруі арқылы екі бірдей мақсатты (әдебиет пен тарихты) орындауды іске асырғандығы танылады. Сонымен қатар таза фәлсафалық, медициналық т.б. ғылыми салаларына арнап жазылған шығармалары да бар [2]**

Қолжазбалардың жазылу, сақталыну ретіне көз салсақ, әрбір қолжазбадағы, әрбір материалдың өз алдына жеке–жеке қолжазба мәтіні болғандығы көрінеді. Кейіннен бұл үлгілердің бір тобы 1907 ж. Қазанда басылған "Сарыарқаның кімдікі екендігі" кітабында жарияланды. Кеңес өкіметі орнауына, ортаншы баласы Әменнің Ташкентте 1921 ж. қаза табуына байланысты ақынның қоғамдық өмірден қол үзіп, баспасөз беттерінде мақала жіберіп тұрудан бас тартып, таза өз жұмысымен, қолжазбаларды реттеумен айналысқаны белгілі. Бұған қарағанда, Мәшһүр жазбаларының басым көпшілігі кітап түрінде 20–жылдары құрастырылған. Әрбір мәтін белгілі бір жүйе бойынша жинақталып, бір пішінді беттерге көшіріліп, кітап түрінде бір–біріне жіп арқылы жалғанып құралған. Соңынан кітаптың соңғы беттерінде қолжазбадағы барлық материалдарды көрсететін мазмұны келтірілген.

Бір қолжазбадағы қауырсын қаламмен жазылған мәтіндердің бірде көк, бірде қызыл, бірде қара түспен жазылғанына қарап, олардың әуелде жеке–жеке мәтін болғандығы айқын білінеді. Бір қолжазбадағы мәтін екінші жазбада кездессе де, өзіндік ерекшеліктері, ауытқулары кездесіп отырады. Және де бір қолжазбадағы қазақ тарихы туралы деректерді басқа қолжазбалардағы мәліметтер толықтыра түседі. Мәшһүр Жүсіп өзі бір кезеңнің адамы болғандықтан 1870–1920 ж. заман оқиғалары туралы жазбаларын түпнұсқа ретінде қолдануға болады. Кенесары туралы жазбаларында сол бір оқиғаға қатысқан адамдардың (Майлы Жәдігер Сымайыл қария), не солардың ұрпақтарының, естелік жазбаларының (А.

Кенесарин кітабы, В. Недзвецкий кітабы) мағлұматтарын пайдаланды. Сол себепті қолжазба мәтіндері де түпнұсқалық сипатқа ие болып, архив құжаттарына сай келетін шынайы, тарихи материал ұсынады.

Жалпы Мәшһүр мұрасының мазмұнын зерделей карастырсақ, автордың өзі қолданған деректің түпкі иесін көрсетіп, пайдаланбақ болған мәтінді еш өзгертусіз келтіріп, керексіз деп таныған тұстарын қысқартып, өз талдауын, ой–пікірін қатар танытып бір жүйе бойынша баяндауға жұмылдырғаны көрінеді. Сол себепті Мәшһүр Жүсіп жазбаларын XIX ғ. а. мен XX ғ. б. аралығында қағаз бетіне түскен, құрастырылған тарихи туынды ретінде қарастырамыз.

**1.1 Дерек көздері.** "Қазақ түбін" жазуда М. Ж. Көпейұлы әртүрлі мәлімет түрлерін пайдаланған. Олардың қатарына жазба деректерді (Әбілғазы шежіресі түпнұсқасында), баспа бетінде басылған кітаптарды (Қ. Халид, Ш. Құдайбердиев шежірелері, В. В. Радлов кітабы), естелік кітаптарды (А. Кенесарин, В. Недзвецкий), ауызша сипатта сақталынған фольклорлық үлгілерді (тарихи әңгіме, аңыз, жыр, ертегі), ғылыми зерттеулерді (Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Вельяминов–Зернов) жатқызамыз. Мәшһүр жинастырған деректердің түпкі иелерінің бірқатарының есімдері белгілі. Белгілілері баспа бетінде еңбегі жарияланған адамдар болса, ауызша әңгіме түрінде мәлімдеушілер есімдерінің көбісі беймәлім болып отыр. Түпнұсқалық алғашқы мәтінде әңгіме айтушынын аты–жөні, тегі т.т. туралы толығырақ баяндалып, кейінгі кітап түрінде жинақталған қолжазбада бұл түпкі дерек иесінің есімі берілмеуі де мүмкін.Қолда бар дерек көздерінің сипатына назар аудара отырып, Мәшһүр Жүсіптің пайдаланған тарихи мәтіндерді екі топқа: ауызша жеткізілген фольклорлық үлгілер мен жазба деректерге бөліп қарастырамыз.

Мәшһүр Жүсіп материал жинау барысында өз заманындағы шежірелердің қолжазбаларын көшіріп, әрі баспа бетіне шыққан тарихи кітаптарды да сарқа қолданған. Реті келгенде естелік кітаптар мен ресми ғылыми зерттеулер мәліметтері де сарапталып пайдаланылған. "Мес" жинағындағы тарихи жазбалардың дерек көзінің бірі–Әбілғазының "Түрік шежіресі". Мәшһүр онымен бала кезінен–ақ Баянауыл медресесінде Қамар (Хамереддин) қазірет кітапханасынан кездестіріп оқып жүргендігін әңгімелейді [3, 357 б.]. Кейіннен "Мес" жинағын жинастырған кезде Әбілғазының шежірелік сипаттағы Орта Азиялық үлгілерін (тілі шағатай, ескі өзбек тіліне ұқсас варианттарын) ресми баспада басылған нұсқасын (Қазембек аудармасы) да кеңінен пайдалана білген.

Бұл орайда Мәшһүр Жүсіптің ресми түрде басылып шыққан Әбілғазы шежіресінің жариялану тарихынан да хабардар болғандығын

көреміз. Мәселен, қолжазбасының бірінде (№ 1177 папка–2 том) ғалым Әбілгазы өмірбаянын баяндап, оның алғашқы нұсқасы Европада жарық көргенін айтып, Ресейдің бұл шежіре нұсқасын түпнұскадан емес француз тіліндегі (1726 ж.) басылымнан [4] Қазембектің аударғанын әңгімелейді:

**"Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді. Заман кадимнан шаһар атанып, талай хандар тұрақ қылған жай. Шыңғыс жұрағатынан Арап хан деген хан билеп тұрған. Өзінің 7 баласы болған. Қазақ айтады: "Жетеу болса жеті ит десейші". Асфандияр, Жошы, Елбарыс, Әбілғазы, Хорезмшах, Афған, Шәріпмахмұд. Бұлардың иттігі сол, Жошы сұлтан 16 жасында, Елбарыс сұлтан 14 жасында–екеуі тізе қосып, өз әкесі Арап ханмен жауласып соғысып, әкесі Арап ханды, әкесіне жақтасқан Хорезм сұлтанды және әкесіне жақтасып соғысқа шыққан Асфандияр сұлтанның 3 жасар бір баласын, 15 жасар бір баласын–төртеуін қасапқа сойған. Қойдай бір жерде бауыздады. Афған сұлтан деген бауырын Мәскеуге жер аударды.**

**Аталарын өлтіріп жатқанда Әбілғазы Шәріпмахмұд деген інісін алып қашып, Самарқанға барып, Имамқұлы ханның қолында 2 жыл тұрды. Асфандияр сұлтан қырға барып қазақты жиып келіп, Елбарыс, Жошы–екеуін де өлтіріп, Хиуаға хан болды. Асфандияр хан болған соң Әбілғазы қайта келіп еді. Асфандияр мұны Иран жұртына жер аударып жіберіп, Асрахан түрмесінде 10 жыл жатты. Сонан қашып шығып, Арал көлінің айналасында қаңғып жүргенінде Асфандияр өліп, тақ иесіз қалған соң, таласарлық ит қалмаған соң, 1054–те Хиуа тағына хандыққа отырды һижрие есебімен 1014 жылда туған бала екен. 40 жасында хандыққа отырып, 23 жыл патшалық қылды. Сол Әбілғазы хан "жетім өз кіндігін өзі кеспекші" деп шежіре тарих сөйлеген. Оның сөйлеген шежіресін Яуропа жұрты атам заманда перуаттап алған. Вельяминов–Зернов жазған тариқтан көдедей көп Николайдың әкелері Александр патша француз тілінен орыс тіліне айналдыртып, Қазимбекке перуатдатқан. Сол Қазимбек баспасынан алынған сөз Уыз хан шежіресі. Мұны Әбілғазы хан шежіресі атаған"**[5, 221 б.].

Ғылыми зерттеулердің ішінен Мәшһүр Жүсіптің XV–XVII ғғ. хандар шежіресін жазуда В. В. Вельяминов–Зернов (алдыңғы мәтіндегі дерек бойынша) [6, 85–92 б.] пен Ш. Ш. Уәлихановтың [7, 239–242 б.] зерттеулерін салыстыра қарастырғаны білінеді. Мәшһүр шежіресіндегі тарихи нақтылық, шынайы мәліметтердің молдығы автордың шежіре жазуда бірнеше зерттеушілердің, шежірешілердің

жазбаларын салыстыра қарастырғанын айғақтайды. Алайда Қасым хан қазасын 930 ж. (һижра) деп көрсетуі Вельяминов–Зернов қолданған М. М. Хайдар Дулати мәліметімен (924 ж.) сай келе қоймайды. Бұған қарағанда М. Ж. Көпеев мұндай мәліметті әл Гаффари, Хасан бек Румлу, Мунажим–Баши секілді парсы тарихшыларының еңбектерін пайдалануы (ғалымның ортағасырлық араб, парсы тілін еркін меңгергендігін есепке алсақ) ықтимал [8, 275–276 б.].

Баспа бетінде жарық көрген кітаптар ішінен Қ. Халид (1910 ж., Қазан, "Тауарих хамса") пен Ш. Құдайбердиев (1911 ж., Орынбор, "Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі") еңбектерін де пайдаланған. Бұл шежірелерді зерделеу барысында Мәшһүр Жүсіп өз сын–талдауын қатар жүргізген. Қ. Халидтың таза шығыстық шежіре үлгісімен ғана шектеліп, Қоқан хандарының шығу тегін ата–тегі белгісіз Алтын Бесіктен бастап таратқан шежіресіне сенімсіздікпен қарайды [9, 198 б.]. Өз шежіресінде Мәшһүр Жүсіп Шәкәрім шежіресіндегі қисынсыз мәлімдеулерді теріске шығарып сынап отырады, хандар шежіресінің толымсыздығына (Хақназар туралы мүлде айтылмағандығын ескерсек) байланысты көп дерек келтірмейді. Алған дерегін азғана өзгеріспен келтіреді: "**1499–нші жылы Аболхайыр немересі Шибан хан Әмір Темір нәсілінен Бұқара, Самарқандты тартып алып, 1508–де Ташкентті алмақ болғанда Ахмед Алашы мен ағасы Жәніке Махмұд екеуі Ташкент ханы Оратөбеде Шибанымен соғысқанда, қазақтар: "Шыңғыс тірі күнінде бізді Жошы ұлысына беріп еді. Шағатай біздің ханымыз емес, тәжік–сарт туысқанымыз емес. Өзбек болса өз ағам, сарт болса садағам",–деп, Шибаны ханға қосылды. Сол соғыста Шибаны хан жеңді**"[10, 21–22 б.].

1870 ж. Санкт–Петербург қаласынан В. В. Радловтың "Түрік тайпаларының халық әдебиеті үлгілері" атты он томдық еңбегінің үшінші кітабы басылып шығады. Мәшһүр Жүсіп оның кітабын 1881 ж. Ақмола өңіріне барған сапарында Мейрам Жанайдарұлы кітапханасынан кездестіріп, түпнұсқасында көшіріп алады [11, 91–96 б.]. Енді бір нұсқасын таркату барысында В. В. Радловтың "Қазақ түбі" аңызын (мазмұны жағынан "Моңғолдың құпия шежіресіне" ұқсас келеді) келтірместен бұрын оның жинаушылық қызметіне тоқталады: "**Жетпіске жетіп, жер таянып отырған біздердің тумай тұрып қалған күнімізде Василей Васнлейч Радлоф қазақ әдебиетін бастырған екен. Біз жазайық деп отырған сөзіміз сонан алынған. "Қазақтың түбі" деп Василей Василеич Радлоф баспаға бастырған**"[12, 275–279 б.].

Мәшһүр Жүсіп жазба дерек көзі ретінде естелік кітаптарды да зерделеу барысына тарта білген. Әсіресе Кенесары заманы туралы баяндауларында А. Кенесарин (1889 ж. басылып шыққан) мен В. Е. Недзвецкий (1905 ж. Верный) естелік кітаптарындағы мағлұматтар жан–жақты қамтылған.Мәшһүр Жүсіптің қолданған жазба дерек қатарына баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды да қосуымызға болады. Ғалым 1887 ж. бастап Ташкенттен шығып тұрған "Түркістан уалаятының газетіне", 1880–1895 ж. аралығында "Дала уалаятының газетіне" (Омбы қ.), 1911–1912 ж. "Айқап" журналына мақалаларын жіберіп, баспасөз мағлұматтарын жинап, баспагерлермен хат–хабар алмасып тұрған.

Сонымен қатар М. Ж. Көпеев араб, парсы, түркі тілінде басылып шыққан ортағасырлық кітаптарды да өз ғылыми ізденісіне жұмсай білген. Бұл орайда Ә. Х. Марғұлан пікіріне сүйенеміз: " Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, фарсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сиякты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбу Әли ибн Сина, Әл–Фараби сияқты орта ғасырдағы бұқара ғалымдарының шығармалары, жаңа араб, фарсы, түрік кітаптарын көп оқыған...Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы"[13, 91 б.].

Баласы Мұхаммед Фазыл көшірмесінде сақталынған көшірме мағлұматы бойынша, Мәшһүр–Жүсіптің М. М. Хайдар Дулати еңбегімен де таныс болғаны анықталынып отыр: "**Өзбектен Қазақ пен Қырғыз. Бұхардан арғы халықты Тауарик кітабы** (Қ.Халид еңбегі–Л. Ж.) **айтады. Мір Мырза Хайдар хазірет басқандар. Өзіміз Бұхарда оқып көрдік. Көрдім. Парсыша жазылған екен. Ол кісі шаһарда өлсе керек. Ғабдилуәлі марқұм нақлият бнн ғабрахан**" [14 96 б.].

Әдеби нұсқауларды жинастыруды Мәшһүр Баянауыл медресесінде оқып жүрген кезінен бастаған. Мәселен, 1865 ж. 7 жасар бала кезінде "Сүйіндік Олжабай батыр" ертегісін Сақау ақынның айтуынан жазып алса , 1866 ж. 8 жасында Қамар (Хамерреддин) қазірет ұстазынан 4 қиссаны көшіріп жазып алған [15, 86 б.].

1881 ж. 23 жасында Қараөткелге (Ақмола) барған сапарында Мәшһүр Жүсіп мол тарихи мұра жинақтайды. Бердәлі қожадан Қаракесек шежіресін, Саққұлақ (шын аты–"Сәбелең") шешеннен (Бөгенбай батыр ұрпағы) Қанжығалы шежіресін, Мейрам Жанайдарұлынан (XVIII ғғ. Жауғаш батырдың шөбересі, XIX ғғ. Кенесары қозғалысына қатысқан Сүйіндік Жанайдар батырдың

баласы) Сүйіндік шежіресі мен Кенесары көтерілісі тарихын, Қараөткелдегі Қоңырқұлжа сұлтан ұрпағынан 1838 ж. Кенесары әрекеттері мен әз Тәуке әулеті шежіресін жазып алады.

1887 ж. 29 жасында Бұхар, Ташкент, Түркістан қалаларына арнайы сапармен шығып, Шу мен Сырдария өңірлерін, Ұлытау мен Кішітауды, Есіл мен Нұраны аралап өтеді. Өткен жолында 1887 ж. Ташкентте кездескен Сыздық төреден өз өмірбаяны мен әкесі Кенесары туралы естеліктерді, Сырдария өңіріндегі Көшекұлы Күдері қожадан Абылай хан туралы дастанды, Майлы қожа мен Мәделі қожадан ескі шежіре сөздерді, Шу өңіріндегі Уак Есмағамбет деген кісіден Сыздық төренің жас шағында Қокан бегіне тұтқын болу оқиғасын [16, 375 б.] т.б. естіп, қолжазба мұрасын толықтырады.

1889–1891 ж. аралығында Кіші жүз жерінде болып, мұнда атақты батыр Науша Қаржауұлының шөбересі Қадырдан және т.б. Исатай бүлігі (көтерілісі), Науша батырдың Ресейге қарсы әрекеті, Әбілхайыр хан әулеті тарихын жазып алады.**1912 ж. Қазанда басылған кітаптары үшін саяси қуғындау басталған кезде Мәшһүр Жүсіп Семей, Аягөз өңірін аралайды. Шәкәрім Құдайбердіұлынан Тобықты шежіресін қағазға түсіріп алады. Әдетте Мәшһүр Жүсіп кез–келген тарихи оқиға туралы мәліметті сол оқиғаға тікелей қатысқан куәгерлерден (Кенесары көтерілісі кезінде Жанайдар батырдың атқосшысы болған Майлы Жәдігер Сымайыл қариядан), не болмаса солардың ұрпағынан (1838 ж. Қараөткелдегі оқиғалар куәгері Байғозының баласы Нұрсейіттен), не сол оқиғаға қатысқан шежірешінің шежіре сөздерінен (Шоң–Торайғыр, Абайділдә, Кенесары туралы ескі тарихи сөздерді жинаған Мұса Шорманұлы қолжазбасын Мәшһүр Жүсіп оның баласы Садуақастан сұрап алады), не сол оқиғаға туралы шығарылған әдеби нұсқадан (Кенесары туралы Нысанбай жырау дастанынан) алған. Әлдеқандай себептерге байланысты дерек беруші өз есімін айтудан жалтарған кезде ғана М. Ж. Көпеев мәлімдеушінің жалпы кім екендігін үстүрт айтады:** "Өлтіруге көзі қимай Тілеуғабыл Наурызбайды үш ай, тоқсан күн сақтады. Ақырында Тілеуғабыл өзі бір жаққа кеткенде, жанкүиері өлген қырғыздар келіп өлтіріп тастады дейді. "Наурызбайды өлтіргендер дәнемеге ұшыраған жоқ",–десіп, мұны қырғыз жұртының өздерінің жиһан кезген, орыс қолына түсіп, жер аударылғандары айтысады. Болмаса Кенесары, Наурызбай қырғызға қолға түскенде мен туғаным да жоқ" [17, 199 б.].

Араб ықпалы заманы, Аныс сахаба шежіресі туралы діни сипаттағы мағлұматтарды ақын 1887, 1895 ж. Орта Азия қалаларын

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің академик С.Бейсембаев атындағы ғылыми КІТАПХАНАСЫ

683175

аралаған сапарлары кезінде жазып алғаны белгілі. "Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер" еңбегінде әмір Темір туралы бірден–бір дерек көзі ретінде діни аңыз–әңгіме келтіреді [18,77–79 б.].

Жер–су атауларына байланысты мәлімет берушілер туралы да мәлімет аз. Ұлытаудағы Алаша хан кесенесі туралы мағлұматты Мәшһүр Жүсіп Жеті Кеңгірді жайлап–қыстап жүрген бір найманнан естігенін айтады [19, 6 б.]. 1907ж. Қазаннан басылып шыққан "Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы" кітабына өзен, жер–су атауларына қатысты мәлімет берушілер есімдері де белгісіз.

Мәшһүр Жүсіп ауызша дерек беруші есімін өз қолжазбасында мәтіннің не басында, не ортасында, не соңында келтіріп өткен. Алайда ең алғашқы қағаз бетіне түскен түпнұсқалық жазбалардың жоғалуына, ел арасына таралып кетуіне байланысты Мәшһүр қазынасын қорлануына үлес қосқан ақпарат иелерінің көбінің есімдері ұмытылған. Бұл тұста "Мес" жинағын көшірген көшірмешілердің маңызы арта түседі. Қолжазба мәтінін мейлінше толық әрі дәлме–дәл етіп көшірген көшірмеші нұсқаларында ғана (кейін түпнұскалық қолжазба жоғалып кетсе де) аңыз–әңгіме айтушы адам есімі кездеседі. Осы орайда ғалымның мол мұрасымен еркін сусындаған Жолмұрат Жүсіпұлының (жиенінің) көшірмелерінің өз кемшілігі барын ескеру лазым. Өйткені Жолмұрат мұраны толық көшіруді мақсат тұтпай, іріктеп, сараптап көшіруді негізге алған. Нәтижесінде бұрын көшірген белгілі нұсқаларды тастап кетіп, белгісізін ғана теріп жазған. Материалы шашыраңқы сипатта болғандықтан Жолмұрат нұсқаларында түпкі дерек көздерін іздестіру мүмкіндігі тарылады.

Мәшһүр мұрасын толықтай аударып жариялау, оның ішінде ең алғаш рет қағаз бетіне түскен түпнұсқалық қолжазбаларды салыстыру, алдау ғана М. Ж. Көпеев жинаған мұраға үлес қосқан дерек көздерін ашып, зерделеуімізге жол салады.

**1.2. Қолжазбалар тізімдері.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының « Қазақ түбі « түпнұсқалары мен көшірмелері үш жерде сақтаулы: Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясындағы Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорында (ОҒКҚҚ), қалған бөлігі М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (ӘӨИ) және К. П. Жүсіповтар әулеттік мұрағатында (КПЖӘМ) сақтаулы тұр. Сонымен бірге « Қазақ түбі « еңбегінің тағы бір нұсқалары Ресей Федерациясындағы Ленинград қаласындағы Шығыстану институты колжазба қорында, Татарстан Республикасындағы Қазан қаласының Орталық архивінде және татар жазушысы Наки Исәнбеттің жеке әулеттік мұрағатында т.т. сақталулы тұр. Парижден табылған М. Ж. Көпеев қолжазбасын Қазақстанға И.Тасмағамбетов әкеп тапсырғаны

белгілі. Біздіңше, М. Ж. Көпеевтің қолжазбалары сақталынған мұрағаттар әлі де Ташкенттен, Бұхардан т.б. шежіреші ғалым жүріп өткен жерлерден табылуы мүмкін.

Қолжазбалардың жан–жақтан табылуының бірнеше себептері бар. Бірінші, ғалым өз айтуынша (оның Ж.Аймауытовпен жүргізген хаттарында) кейбір адамдарға өзі оқуға беріп отырған. Ал кейбір еңбектері кітап болып шығады деген үмітпен Қазанға жеткізіліп, кезінде патша үкіметі тарапынан (1912 ж.) қыспақ көріп, шықпай жатып қалды . Шет мемлекеттерде таралып кетуінің тағы бір себебі Кеңестік дәуірде өз елінен қуғындалып қашқан қазақ азаматтарының да өздерімен бірге ала баруы ықтимал. Қазіргі кезде бізге жеткен қолжазбалардың жоғалуы әлі де тоқталған жоқ. Мысалы, Ұлттық Ғылым Академиясы ОҒКҚҚ №1327 папкада тізім бойынша 14 дәптер көрсетілген. 9–ншы дәптерден кейінгі 10,11,12,13,14 дәптерлер папка ішінде мүлде жоқ. Көптеген қолжазбалар ішінде бір, екіден беттері жоқ. Қазақстан территориясында М. Ж. Көпеевтің өз қолжазбасы, көшірмесі бар 80–ге жуық папка бар. Қазіргі кездегі 6 томдық қолжазбалар сипаттамасында (Алматы,Ғылым,1975–1989) толық енгізілмеуі бұл жұмысты қайта қарауды қажет етеді.

Біз бұл қолжазбаларды автор қолтаңбасына қарап 2 топқа жіктедік: а) түпнұсқалар б) көшірмелер. Ұлттық Ғылым Академиясы ОҒКҚҚ–ғы «Қазақ түбі» тізімі: №1170(а), №1170(б), №1171, №1176, №1177, №1178, №1645. Сол қордағы көшірмелері: №228, №334, №378 , №657, №664, №829, №1173, №1174, №1327, №1623, №1661. ӘӨИ қолжазба қорында : №131, №334, №479 , №599.

Ш.24. Инв.31. түпнұсқасы Ленинград қаласы Шығыстану институты қолжазбалар қорында сақталынған , қолжазбаның микрофильмі ОҒКҚҚ–да сақтаулы. Тағы бір микрофильм (түпнұсқасы татар жазушысы Н. Исәнбет архивінде сақтаулы). Ш.814. папкасы ОҒКҚҚ жатыр. ҚПЖӘМ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолтаңбасы барлығы 9 бума ішінде (№1–9 папкалар) топталған. Ал көшірмелері Жолмұрат , Фазыл деген бумалар ішіне топталған. Сонымен қоса М. О. Әуезов атындағы ӘӨИ басқа да көшірмелерін табуға болады. Бұл қордағы қолжазбалар әлі реттелмегендіктен, тек папкалар тізімі ғана беріліп отыр: №24, №131, №334, №479, №599, №879.

Көшірмелерді есептемегенде бір ғана ОҒКҚҚ түпнұсқалардың көлемі 6500 бет шамасындай. Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіптің өз қолтаңбасы жалпы көлемі 9 том, бет саны– 2000–ға жуық, ал көшірмелердегі бет саны– 4000 жуық. Әлкей Марғұлан, Жолмұрат , Фазыл, Омар Иманбаев т.б. көшірмелері арасында салыстырылмалы

текстологиялық талдаулар жүргізу барысында жеке–жеке ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік. Фазыл жазбаларында шежіренің « Қазақ түбі « үлгісін дәлме–дәл түсіруге талпынғаны көрінсе, Ә. Х. Марғұлан мен О. Иманбаев т.б. көшірмелерде жалпы текстологиялық дәлдікті ұстанғанымен , көп жерлерін (Ресейді сынаған тұстарын) тастап кетіп отырған. «Қазақ түбі« варианттарының көптүрлілігі (5 вариант) Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы ерекшелігін айқындайды.

**ОҒКҚҚ** сақталынған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларына сипаттама кестесін төмендегідей ретпен беруді жөн көрдік: Қолжазба шифры (Ш.);.Инвентарь реті(Инв.);Автордың, архив қызметкерлерінің қолжазба мұқабасындағы атауы; Көшірмені кімнің, қашан, қай жерде жазып алғаны ; Қолжазба тапсырушы аты (есімі), қашан тапсырылғаны: Ақауы, қағаз түрі, сақталуы; Бет саны(Б.), парағы(П.); Бет көлемі ; Текстің орналасуы; Сия түрі, жазу құралы; Қолжазба ішкі бетіндегі мөр жазуы; Нөмірленуі; Мұқабасы(картон мұқаба, жіппен тіркелген т.б.);Жазу түрі.

**ОҒКҚҚ(түпнұсқа) Ш.1170(а). Инв.1170.**Қолжазбаның барлық дерлік беттерінің шеткі жазулары өше бастаған. Қайта түптелген кезде кейбір жазулар үстінен клеймен ақ қағаз жапсырылып өңделген. 16(24) бет шетінде жазу бар, үстінен көк сиямен сызған. 86,89 беттеріндегі жазулары мүлде өше бастаған. 15(23), 16(24),17(25),18(26),23(31) беттеріндегі жазулар үстінен көк сиямен сызған. П.261.Б.512. Қолжазба бетінің көлемі: 23x19. Бір қатарға қара сөзбен, екі–үш қатарға өлең жолдарымен жазылған. Сиясы қара, көк қауырсын қалам. Тақырып асты көк сиямен, қызыл қарындашпен, қара қарындашпен сызылып берілген.498(254; 506) бет шетінде қызыл сиямен берілген кириллица жазуы бар: “1903 ж. сөйлеген”. Қолжазбаның екінші бетінде Мәшһүр Жүсіптің қолмен жазылған мазмұны берілген. Соңғы бетіндегі мөрі: “ҚССР ҒА ЦНБ АН КССР”. Қолжазба үш рет араб цифрымен оңнан солға қарай нөмірленген. (Қара, көк, қызыл қарындаштармен). Беттің нөмірі оң жақ басында төменгі бұрышында кездеседі. Мұқабасы жасыл –көк ала картон папка. Ішінде дәптерлері клеймен түптелген. Сары кеңсе қағаздары. Жазуы: хадим(ортағасырлық араб жазуы).

**ОҒКҚҚ(түпнұсқа) Ш.1170(б). Инв.1170.**1934 ж. жиені Жолмұрат Жүсіпұлы қорға тапсырған. Сарғайған қағаздағы жазулардың үстінен клейленіп түптелген. Қарындашпен үстінен сызылған жазулары, түртулері бар. 156–ншы беті мүлде жоқ. 552 бет шетінде қарындашпен қоршау жасалынған. Ақауы көп, шеттері желінген, кей беттері нөмірленбеген. П.130. Б.59. Қолжазба бет

көлемі : 23x19. Бір қатарға әдемі ұқыпты қара сөзбен жазылған жазу анық көрінеді. Сиясы көк, қара, қоңыр.Қауырсын қалам. Кейінгі түптеу барысында қарындашпен арабша жазулар үстінен түзетілген. Папка ішіндегі мөрі: "ҚССР ҒА ЦНБ АН КССР". Қолжазба екі рет (көк паста, қызыл қарындашпен) нөмірленген .Мұқабасы жасыл, көк ала қалың картон папка. Ішінде клеймен түптелген. Сарғайған кеңсе қағаздары бар. Жазуы: хадим (орта ғасырлық араб жазуы) [20, 283–284 б.].

**ОҒКҚК(түпнұсқа) Ш.1171. Инв.№844 ,№847 ,№859.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің тарих әдебиет, этнографиясынан жинағандары. Ел аузынан М. Ж. Көпеев жинаған (1920жыл)". Үш түрлі уақытта тапсырылған: 1940 ж. 30 қараша М. Қожанова, 1946 ж., 1948 ж. шілде тапсырушысы– белгісіз. Сарғайған қағаздардың кейбірі мүлде жоқ. Шеттері үлбіреген. Сиясы өше бастаған. П.236 . Б.522 , Ж.1464. Бет көлемі: 19x12,5. 2,3 қатар жазулары бар 2(4)–3 (5) беттер. Бетте бір жолы ғана қара сөз, қалғаны өлең жолдары 2 қатардан, 86(97)–87(98) беттердің ортасында 13 сөз сирек шашыраңқы жазылған. Тақырып асты сызылып, кейбір жолдардың тұстарында қарындашпен түртілген белгілер көруге болады. Қара, көк, қоңыр сия. Қауырсын қалам.80 (59) бетте Мәшһүр Жүсіп араб әрпімен берілген небары 9 түрлі тақырыптың мазмұны берілген. 115(194);24(18); 143(51); 220(187);422 беттеріндегі дөңгелек үкіметтің мөрі: "Институт языка и литературы. Академий наук КССР отдел фондов рукописи". Екі рет араб цифрымен нөмірленген (қызыл, көк қарындашпен).Картон мұқаба ішіндегі сарғайған қағаздар жіппен тіркелген. Жазу түрі: хадим, кейбір беттері төте жазумен жазылған.

**ОҒКҚК(түпнұсқа) Ш.1176. Инв.1176.** Папка екі бумаға бөлініп салынған, ортақ бет нумерациясы сақталынған. **І бума.**Тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер жинағы". 1920–1925 ж. М. Ж. Көпеев Баянауыл өңірінде жазылған материалдар . Тапсырушы– Жолмұрат Жүсіпұлы (1946 ж.). Қолжазба жазулары анық, әрі көркем жазумен берілсе де, кейіннен шеткі беттеріндегі әріптері өше бастаған. Кей беттері нөмірленбеген., П.102. Б. 204. Сыртқы папка көлемі: 33x23.Ішіндегі дәптерлер көлемі: №1 дәптер көлемі: 29 x19,5; №2 дәптер көлемі: 28,5 x20. Шығарма текстері бір бетте 1 қатардан көркем жазумен жазылған. Көк сия және қара қарындаш жазу аралас. Қауырсын қалам. Мазмұны мұқабаның 1 бетінде (ішкі жағы) берілген. №7 дәптер соңында мемлекеттік мөр: "Институт Языка и литературы Академий Наук КССР", ортасында: "Отдел рукописного фонда". Араб

цифрымен оңнан солға қарай үш рет нөмірленген. Қара паста, қызыл және көк карындаштармен беттің реті қойылған(1[202; 20 беттер).Ең сыртқы мұқабасы жасыл ала картон папка. Оның ішінде жіппен тігілген, сарғайған жұқа ұзын жол дәптер қапсырма. (№ 1 дәптер). Екінші қапсырма сарғайған, шеттері желімделген, қатты қалың қағаз. Хадим жазуы.

**II бума.** Тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер жинағы''. 1894 ж., 1908–1909 ж 7 сентябрь. Ташкеннен М. Ж. Көпеев жазып алған. 1946 ж. Жолмұрат Жүсіпұлы тапсырған. Кейбір бет шеттері жыртылып алынған, шет жағындағы жазулары өше бастаған. Өңдеуден өткен беттерінің шеткі жазуларын оқу мүмкін емес.Себебі жазулар үстінен қағаздар жапсырып тастаған. Басқа папкаларға қарағанда әріптері анық. П.123. Б.246. Ж.60 . Бет көлемі сыртындағы қапсырма қағаз көлемі: №3 дәптер: 30х22, ішіндегі қолжазба беттері көлемі 26х18. №4 дәптер: 30х22; ішіндегі бет көлемі 28,5х19;27х18. №5дәптер: 30,5х20,5. ішіндегі бет көлемі 19,2х14,5; 18х11. №6 дәптер: 29х19,5; 14,5х20,3. №7дәптер: 32х25,4;31,5х 25,3. Анық, ұқыпты 1 қатарға жазылған жазу. Беттердің шеттерінде қиғаш жазулары бар. №7 дәптерде 1,2 қатар жазулардан басқа, 7–8 жолдан тұратын беттер бар. 383–397 б. 2 қатардан өлең жолдары кездеседі, қалған 7 бетінде қара сөз әр бетке толық жазылған. Жалпы бума ішіндегі жолдар бір қалыпты, барлық беттеріне толық жазылып шыққан. №3, №4, №6, №7 дәптерлерде көк сия қауырсын қаламмен жазылған, №5 дәптерде қара сия қауырсын қаламмен жазылған. Қолжазба ішіндегі мөрі: "Институт языка и литературы Академий Наук КССР, отдел фонда рукописии".Үш рет араб цифрымен нөмірленуден өткен (қызыл, көк карындаш және қара сия қалам).Үш түрлі мұқаба. Ең сыртындағы мұқаба көк ала картон, ішінде №3 дәптер сыртында жіппен тігілген ақ жылтыр қатты қағаз, №4 дәптер сыртында ақшыл көк қатты картон қағаз, №5 дәптер сыртында қатты көк қағаз, №6 дәптер сарғайған қағазбен қапталған. №7 дәптер ақшыл картон қағазбен қапталған [21, 69–73 б.].

**ОҒКҚҚ(түпнұсқа) Ш1177. Инв.1177.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер".1920 ж. Жетісу өлкесінде М.Ж.Көпеев жинап жазып алған. Тапсырушысы: Ж.Жүсіпұлы(1946) . Кейбір беттерінің шеттері жыртылған, сарғайған. Кеңсе қағазындағы шеткі жазулары өше бастаған, ылғал тиген беттері үлбіреген. П.129. Б.258.Ж.58. Көлемі: 21х35;17х 28,5.Қара сөзбен және бір қатарға (оң жаққа қарай) өлең жолдарымен жазылған. Әр бетке бір қатардан

жазылған. Сиясы қара, көк қауырсын қаламмен. Қолжазба бетінің ішіндегі мөрі: "ҚССР Ғылым Академиясы, Центральная Научная библиотека". Үш рет араб цифрымен (көк, қызыл қарындашпен, қара сиямен) нөмірленген. Қалың картон мұқаба, жіппен тіркелген. Жазуы: хадим [22, 71–72 б.].

**ОҒКҚҚ(түпнұсқа) Ш.1178. Инв.1178.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер жинағы". 1905–1906 ж. Баянауыл өңірінен М.Ж. Көпеевтің жинағандары. Жазылған жері 1915 ж. Баян. Толық жөндеуден өткен. Сарғайған кеңсе қағазында әр беттің шеткі жазулары өше бастаған, кей беттері нөмірленбеген. Бір қатарға анық , көркем жазумен жазылған ( өлең, қара сөз аралас). Б.306. П.153. Ж.32. Бет көлемі: 30х19. Араб цифрымен үш рет нөмірленген (қара, көк, қызыл қарындаштармен). 1915–1920 ж. Баянауыл өңірінен жинаған М.Ж.Көпеев. Оның бұл қолжазбасын 1920 ж. Ә.Диваев көшіріп алған. 1941 ж. Ғылым Академиясы қолжазба қорына Ф. Ғабитова тапсырған. Бума толық өңдеуден өткен. Сызылған, өшірілген жерлері бар. Беттердің шеттері желімделген. Өлең жолдары әр бетке 2 қатардан, қара сөздері 1 қатардан ұқыпты түсірілген. Сиясы аралас: қара , көк, қызыл. Қауырсын қалам. Сарғайған қағаздардағы тақырып асты көк сиямен сызылған. Мөрі көрсетілмеген. Мазмұны мұқабаның бірінші бетінде, ішкі жағында берілген. Қалың картон мұқаба ішінде жіппен тігілген қолжазба беттерін көруге болады. Жазуы: хадим [23, 213–214 б.]

**ОҒКҚҚ(түпнұсқа) Ш.1645. Инв.1645.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "М. Ж. Көпеевтің ата тарихынан. XX ғасыр басында (шамамен 20–30 жылдары) Баянауыл өңірінен жиналған ауыз әдебиеті үлгілері, М. Ж. Көпеевтің өз шығармалары". Тапсырушысы белгісіз. Сарғайған кеңсе қағазы беттерінің барлығы дерлік шеттері үгілген . Өңдеуден өткен. 160–162 беттері ішіндегі жазулары өше бастаған. Басқа бумаларға қарағанда сақталуы жақсы. Сиясы қара, қауырсын қалам. Б.162. П.131.Ж.124. Әр бетке бір қатардан қара сөз жазу , өлең жолдары екі қатардан , бет шетінде қиғаш жазулары бар. Үш рет нөмірленуден өткен ( қызыл, көк, қара қарындашпен). Қалың қоңыр папкаға салынған . Жіппен тіркелген кеңсе қағаздары. Жазу түрі: хадим. [24, 74 б.].

**ОҒКҚҚ(микрофильм) Ш.24. Инв.31.**Тақырыбы:"Мәшһүр Жүсіптің Абылай туралы жазғандары ".Түпнұсқасы Ленинград қаласы Шығыстану институты қолжазба қорында сақтаулы. 1964 ж. М. Ғұмарова қорға (ОҒКҚҚ) әкеп тапсырсырған. Жинаушысы Әлкей Марғұлан. 1905 ж. Жетісу өңірін аралап жүріп, ел аузынан қағазға

түсірген Мәшһүр Жүсіп Көпеев . Сиясы қара ,көк . Сарғыш түсті кеңсе қағазы бетінің көлемі :21х29,5. Өлең жолдары әр бетте бір қатардан , 25 жолдан түсірілген. Парақ 80 (П. 80.), Бет 160 (Б.160). Жөндеуден өткен, кейбір беттерінде әріптері өшіріліп, қайта жазылған сөздер кездеседі. Қолжазба ішкі бетіндегі мөр жазуы: "Институт востоковедения АНСССР, отдел рукописи" . Жазу түрі: хадим.

**ОҒКҚК(микрофильм)Ш.814.Инв.814.** Папка сыртындағы тақырыбы: "Көрұғлы сұлтанның көрде туғаны һәм Райхан падшамен соғысқаны". Мәшһүр Жүсіптің бұл нұсқасы татардың көрнекті жазушысы Наки Исәнбеттің айтуынша 1894 ж. бері біледі. Біздінше оның естеліктеріндегі жазбаларында Орта Азия қалалары (Бұхар, Ташкент т.б.) сапарында , 37 жасында жазылған. Бұл қолжазба қазірде Татарстанда Н. Исәнбеттің жеке жанұялық мұрағатында сақтаулы. Көшірмесі (микрофильмі) ОҒКҚК сақтаулы. Жазу түрі ахмеджем.[25].

**ОҒКҚК(көшірме)Ш.228.Инв.228.** Тақырыбы: "Мөнеп пен Опан". Жинаушысы белгісіз.Қорға 1940 ж. түскен. 1946 ж. латын әрпімен машинкаға көшірілген.Өлең жолдары әр бетке бір қатардан (23, 32 жолдан) түсірілген.Қолжазба сары мұқабамен қапталған, көлемі 30 х 19, ішіндегі қолжазба бетінің көлемі 28х 20. Қолжазба өңдеуден өткен, түптеліп, ақ қағазбен тысталған. Қолжазба ішіндегі мөр жазуы: "Институт востоковедения АНСССР, отдел рукописи". Жазу түрі: латын.

**ОҒКҚК(көшірме)Ш.334.Инв.334.** Қолжазба мұқабасындағы тақырыбы: "Бұқар жыраудың толғау жырлары". 1920 ж. Баян өңірінен жинаған Мәшһүр Жүсіп. Өңдеуден өткен. Жіппен тіркелген дәптерлер. Барлығы 13 дәптер, 18 өлең:қолжазба көлемі:19х28. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан(30 жолдан) орналасқан. П.15, Б.29. Сарғайған қағаздардағы өлең жолдары машинкамен басылған. Жазу түрі: ахмеджем [26].

**ОҒКҚК(көшірме)Ш.378.Инв.378.** Тақырыбы:"Науша батыр." Көшірушісі көрсетілмеген қызыл тысты папка . Төрт бұрышты штамп басылып сызылған сопақша мөр жазуы: "Академия Наук Каз.ССР, центральная научная библиотека (АН КССР ЦНБ)". Ақ қағазға машинкамен басылған. Европа цифрымен нөмірленген. П.5.Б.9.Бет көлемі: 29х20,5. Әр бетке бір қатардан (28 жол) орналасқан.Жазу түрі: латын, ахмеджем [27].

**ОҒКҚК(көшірме)Ш.657.Инв.980.** Тақырыбы: "Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жинағандары". Барлығы 13 дәптер.Оның ішінде 8,9,11,13 дәптерлер Мәшһүр Жүсіптен көшіріліп алынған. № 1 дәптер : "Абылай туралы поэма". Қара қатты картон мұқаба. Көшірушісі

белгісіз. 1936 ж. ОҒКҚҚ тапсырылған. Сарғайған дәптер бетттері көлемі П.22Б.44., 20,8х14,5. Сиясы қара, көк. Қара қарындаш. Екі қатар өлең жолдары анық түсірілген. Сақталуы жақсы .Үш рет нөмірленген(көк, қызыл, қара қарындашпен).№ 2 дәптер, инв. 980. Машинкаға басылған. П.19. Б,38. Жалпы бет көлемі: 20,8х 14,5. Соңғы 39 беттегі мөрі : "АН КССР ЦНБ". Төрт парағы бос, жазуы жоқ. Орта тұстарында инв. № 980 жазуы (соңғы "0" цифры түсіп қалған) бар. Жеке үлкен қағаз ішінде Абылай ханның әңгімелері берілген [28].

**ОҒКҚҚ(көшірме)Ш.664.Инв.664.** Тақырыбы: " Ир Кукши " . Қатты картон папка . 1942 ж. Бозтай Жақынбайұлы аударған. Кейін 1953 ж. кім көшіргені белгісіз латын әрпінде басылған. П.19. Б.38. 1 қатар жазу (30 жол). Сарғайған қағаздар өңдеуден өткен, жіппен тіркелген. Беттердің нөмірленуі 2 түрлі қарындашпен қойылған (қызыл, көк). Жазу түрі: ахмеджем [29].

**ОҒКҚҚ(көшірме)Ш.829.Инв.№ 953 (№1 дәптер), №954 (№2 дәптер). № 985 ( №10 дәптер).** Мұқаба сыртындағы тақырыбы : "Абылай туралы аңыз–әңгімелер". Жинаушысы: М.Ж.Көпеев. 1929–1939 ж. тапсырған Ә.Х. Марғұлан. П.8.Б.15. Бет көлемдері : 35х24(мұқабасы), №1 дәптер: 37х24;№2 дәптер: 27,8 х20 ;№10 дәптер: 35 х 20. Бір қатарға қара сөз, өлең аралас жазу жолдары . Сиясы көк қауырсын қалам. Қолжазба ішіндегі мөрі: "ҚССР Ғылым Академиясы, Центральная Научная Библиотека, Академии Наук КССР". Үш рет нөмірленуден өткен: қызыл көк және қара қарындаштармен (15(7;1),бет). Қызыл үлкен қатты папка ішінде жіппен тігілген 8 дәптер. Жазуы: латын.

**ОҒКҚҚ(көшірме)Ш.1327.Инв.( №1 дәптер) №1031;( №3 дәптер) №262 ;( №4 дәптер) №1906.** Мұқаба сыртында тақырыбы берілмеген. Негізінде жинақтағы 9 дәптердің 1,3,4 дәптерлері Мәшһүр мұрасынан көшірілген. I бума: №1 дәптерді 1949 ж. жинаған К.Байғұтұлы 1–2 бет. №3 дәптер 1941 ж. жинаған М. Ғабитова 4–8 бет.II бума №4 дәптер. 30 –ншы шілдеде 1937 ж. жинаған Мұсаұлы Қалауы 1–2 бет. Қолжазбаның қазіргі сақталуы жақсы. Б.185.П.93 Екі қатардан өлең жолдары , ортасында қара сөз. Бір қатарға толығымен жазылған. Бос жазуы жоқ беттері көп. Папка көлемі: 30,5х 20,3. Ішіндегі дәптерлер көлемі: №1 бума, №1 29,7х23; №2 19,9х13,5; №3 18,5 х 11,5; №4– 29х22; №4– 29х 22; №5 –29х 22; №6–16,4х20,5; №7–16,4х20,5; №8–28,3х 9,4; №9– 17,5х10,5. Сиясы қара, көк, қауырсын қалам.Мөрі: "Институт языка и Литературы Акадмий Наук КССР, отдел фонда рукописии"; "КССР Ғылым Ғылым Академиясы Ценртральная Научная библиотека".Үш рет беттерінің нөмірлері қойылған (қызыл, көк, қара қарындашпен). Сары қатты жылтыр

картон қағаз папка ішінде: I бума –картон қағаз, II бума–қоңыр картон қағаз, III–IV бума катты сарғайған кеңсе қағазы , V бума–жылтыр катты ақ қағаз.Жазу түрі: латын, кирилл, ахмеджем.

**ОҒКҚ(көшірме)Ш.1173.Ивн.1173.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы : " М.Ж.Көпеевтің ел арасынан тарап әркімнің қолында жүрген қолжазбаларынан жинағандары". Ішіндегі жазуы: "М.Ж.Көпеев жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, аңыздар, шежірелер, өз шығармалары. XX ғасыр басында М.Ж.Көпеев жинаған материалдар негізінде жазылған. (1932 жыл)". Қолжазбаны тапсырушылар: Жолмұрат Жүсіпұлы, Сабыр Шарипов, Фазыл. Ішінде 19 дәптер. Б. 402 . П. 201. Ж. 130,48,27. Көлемі: 23х20, 21х 19. Қолжазба сарғыш тарткан қағазға екі , үш қатар қара сөз, өлең аралас жолдармен жазылған. Нөмірленуі төрт рет , төрт түрлі жерден берілген.(Бас жағында қызыл, көк қарындашпен , жол ортасында қара қарындашпен, оң жақ астыңғы бұрышында көк сиямен). Қолжазба өңдеуден өткен, сақталуы жақсы. Кейбір беттерінің жазулары үстінен қара, көк сиямен түзетулер енгізілген. Сиясы қызыл, көк қалам, қара қарындаш, қызыл паста. Қолжазбаның ішінде мөрі берілмеген. Көшірушілердің қолтаңбасы қойылған. Жазу түрі: ахмеджем [ 30].

**ОҒКҚ(көшірме)Ш.1174.Инв.1174.** Мұқаба сыртындағы жазу: "М.Ж.Көпеевтің өз қолжазбасынан". Жинаушысы және тапсырушысы белгісіз. ОҒКҚ–да сақтаулы. Ақ қағазбен тысталып, көк ала папкаға салынған. Қолжазбаның сақталуы жақсы, ақауы 129–131 беттерде бар( қара қарындашпен жазу үстінен сызған). Барлығы 4 дәптер. Б.136.П.68.Ж.23. Бет көлемі:29х18. Әр бетке екі қатардан өлең жолмен жазылған. Сиясы көк сия калам, қара қарындаш. Нөмірленуі екі рет жүргізілген (көк сиямен, қара қарындашпен). Жазу түрі:латын [31].

**ОҒКҚ(көшірме)Ш.1623.Инв.1623.** Тақырыбы: "Мұтылған Қалқаман–Мамыр ". Осы беттегі екінші атауы: "Қалқаман–Мамыр". Авторы М.Ж.Көпеев болуы керек. Әулеттік мұрағаттағы Фазыл көшірмесі мазмұнымен ұқсас келген бұл қолжазбаны бірнеше адам көшірген болуы керек. Б.11.П.6. Ж.36. Беттерінің көлемі: 19,5 х 21,5; 13 х 15. Қолжазба қорында сақтаулы тұрған бұл дастанды 1933 ж. Семей облысы(қазіргі – Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы) Абай ауданында М.Нөкербекұлы көшіріп алған. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасына 1946 ж. белгісіз адам тапсырған. Сырткы бетінде : "20[XI– 1959 жылы Есімнен алынды" деген жазу бар. Ақауы: колжазбаның сақталуы жақсы, әріптері анық. Өлең жолмен әр бетке 2 қатардан жазылған.

**ОҒКҚ(көшірме)Ш.1661.Инв.1661. №1 дәптер, №2 дәптер.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы : "Сабалақ" , "Ай , Абылай, Абылай

(Бұхардан)”.Тапсырушы есімі көрсетілмеген. Жинаушы–М.Ж. Көпеев. 1964 ж., Алматы қаласы, ОҒКҚҚ өткізілген. Көшіруші: Төлепберген Тогаев. Барлығы бір–ақ дәптер .Б.13.П.7. Бет көлемі: 22 х19,5.Сақталуы жақсы, өңдеуден өткен. Дәптер жіппен тігілген. Екі рет нөмірленуден өткен (қызыл, көк қарындашпен). Жазуы әр қатарға 23 жолдан. Өлең жолдары ұқыпты , анық жазылып көрсетілген. Сарғайған қағаздар шетінде жазулары бар (көшірушінің өз қолтаңбасымен берілген). Сиясы көк қауырсын қалам. Жазу түрі: ахмеджем.

**ҚПЖӘМ** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолтаңбасымен жазылған 9 томдық (папкалары) үлгілер жинағы назар аударарлық. Орталық Ғылыми кітапхана қолжазба қорындағы М.Ж.Көпеев түпнұсқаларына қарағанда әулеттік мұрағаттағы нұсқалардың сақталуы, өңделуі, нөмірленуі (шифры, инвентары т.б.) , топталуы өзгеше ретпен және өзіндік түсіндірме берумен ерекшеленеді. Қазіргі кездегі КПЖӘМ Мәшһүр Жүсіп қолжазбалары, көшірмелері толығымен нөмірленген(цифрын көрсетіп), реттелген, барлық ішкі беттердегі ақауларын көрсетіліп , тақырыптарының асты сызылған. Бұл түсіндірмелер папка ішіндегі қосып салынған жеке–жеке беттердің бірінші жағында (мұқабасында) , әр дәптердің қапсырылған сыртқы мұқабасында қоса көрсетілген. Жалпы бұл түпнұсқалардың көпшілігінің сақталуы жақсы деңгейде. Жанұялық қолжазбалар ішінде Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмелерінің маңызы зор. Қай жылы көшіріліп алғаны көрсетілген бұл дәптерлердегі жазу үлгісі де М.Ж.Көпеевтің жазу үлгісіне сай, ұқсас келеді. Жолмұрат Жүсіпұлының қолжазбасының барлығы бірдей емес, жеке–жеке дәптерлер ішінде 10 беттік те 100 беттік те кездеседі. Мысалы, Жолмұрат 4–26 –б деп нөмірленген дәптер– 30 беттік. Дәптерлерден ішінде беттері үлбіреп, жазулары көмескіленіп кеткен әр түрлі сақталынғандары да бар. Қолжазбалар уақытына келсек, шамамен 1944–1946 ж. жазылған. Жарты ғасырдан астам уақыт өткен бұл қолжазбалар қолдан–қолға өту салдарынан беттері шатастырылып, сапырылысып кеткен. Кейбір аңыз–әңгімелерінің басы бар да аяғы жоқ. Қолжазбалар ұқыпты түрде , анық араб әрпімен, тақырып–тақырыппен, жеке–жеке көшірілген. Жолмұрат көшірмелері ішінде М.Ж.Көпеевтің “Пайғамбардың дүниеден өтуі” дастаны көшірмесі назар аударарлық. Бұл дастанның басын Жүсіпова Г.Қ. “Жұлдыз” журналында жариялаған болатын. Ал, дастанның қалған екінші бөлігінде тарихи–жыр, дастан баяндалған. Бұл нұсқа біздіңше М.Ж.Көпейұлының “Қазақ түбі” еңбегінің дастан түріндегі бір нұсқасы да болуы мүмкін. Дастанда Наушеруан, Нариман, Рүстем,

Асфандияр, Шыңғыс, Жошы хандар тізбегінен бастап, жүздердің құрылуы шежіресі т. с.с. айта келе, билердің ішіндегі Үйсін Төле бидің тұлғасына ерекше тоқталады.Көк түсті сия қаламмен жазған ол тақырыптың астын сызуды ұмытпаған. Қуғын– сүргін жылдары қолжазбаларды аман сақтап қалу мақсатында бірнеше рет көшіріп отырған. Араб әрпімен жазылған бұл көшірмелерден басқа Мәшһүр Жүсіп баласы Фазылдың да бірнеше көшірмелері жанұялық архивте сақтаулы.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 1 том.** Көлемі: 33,5х 21,8. Ішінде 33х20. Б.184. П.92. Қара, қызыл, көк сия. Қоңыр ала тозған қалың қапсырмамен қапталған . Қолжазба түптелмеген. Әріптері, жазуы анық. Бет ішіне толық бір қатар қара сөз жазу. Шеттері үлбіреген кеңсе қағазы, сарғая бастаған. Бет шетінде де , бұрышында да өз қолтаңбасымен қиғаш жазулары бар. Бас–аяғы жоқ. орта тұсынан басталып, соңғы жағы , бас жағы ғана бар текстер кездеседі. Бет ішінде ретсіз қиғаш жазулары бар. Ара арасында өлең жолдары кездеседі. Беттің нөмірі көк сиялы қаламмен сол жақ бұрышында бір рет қана қоршалып берілген. Текст ішінде 5,5,х 5,5; 2,5 х2,5 формалы кестелер берілген 156 бетте 3х3 көлемді кесте 6 бөлікке бөлінген, ішінде 2 жағы сандар, ортасында әріптер, ал 153 бетте кесте емес көлемі: 5,5х5,5 криптограмма берілген, сызылған төрт бұрыш ішінде жазулар өрнектеліп берілген. Өңдеуден өткен. Қолжазба шеті жіңішке ақ қағазбен клейленгін (жазуларға жеткізбей әр жерінен). Папка ішінде әр текстің басы, аяғы жолдары кирилл әрпімен қазақша тақырыптары көрсетіліп жеке–жеке дәптерлерге жазылып олармен қолжазбаның беттерін қапсырып ара–арасына салып отырған.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 2 том.** Көлемі: 24 х 19,5. Б.393.П.196. Жіппен байланып, қоңыр папка ішінде тозығы жеткен қоңыр ала кітап мұқабасы тәрізді қалың қапсырма. Қара қауырсын қаламмен бет ішіне бір қатар толығымен қамтып жазылған жазулары әлі де оңай оқуға болады. Қолжазбадағы беттердің шеттері желіне бастағаны, мүлде жыртылғаны да бар бәрі өңдеуден өткен. Әріптерін босап кетпеу үшін , шеттеріне түптеу үшін жапсырылған қағаздар ирелеңдеп қиылып барып клейленген. Беттер бір рет қана нөмірленген. Кейбір беттерінде өлең жолдары кездеседі. Қолжазба ішіндегі беттің көлемі де әртүрлі, кейбір беттерінде қиғаш жазулары бар. Кейіннен қызыл, көк сиямен асты сызылған. Сарғайған қағаздардың кей жерлеріне дақ түскені бар, мысалы су тигені бар екені көрініп тұр. Мысалы, сол томның 87 бетінде бос жағында, ортасында дақ түскен , астыңғы сол жақ бұрышына су тиюі

салдарынан әріптері өше бастаған. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бет соңы , басын ретін шатастырмау үшін әр бетте соңғы жолдағы жазу келесі парақта, бетте қайталанып беріледі. Қолжазба 64 тақырыпқа бөлініп , ол жеке шақпақ дәптерге тіщіліп, беті көрсетіліп және бастапқы, аяғы жолдағы жазулары қоса беріліп жазылған. (Тақырыбы, беті– көк сия, бастапқы жол– жасылмен, аяғы қызыл сия қаламмен берілген). Барлығы папканың ішінде қолжазба үстінде жеке жатыр. Бұл тақырып әрқайсысы жеке–жеке парақ бетке сол ретпен көшіріліп жазылып, әрбір қолжазба беттері ішінде қоса жатыр.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 3 том.** Көлемі: 20х16,5; 30х19,5. Б.60. П.30. Ж. 34 . Қара, көк сия. 40–қа жуық тақырып ақ папка ішінде жіппен байланған. Көлемі әр түрлі 34 дәптерден құралған бір бума. Әр дәптер сырты көк, қызыл, сары дәптер қабымен (көлемі 20,5х!6,7) қапталған. Сыртында шифры ( Мыс. М–3–21) және қолжазба бетінің бастапқы және соңғы жолы жасыл, қызыл сиямен көрсетіліп жазылған. Бұнымен бірге текстің қалған бөлігін іздестіруге көңіл бөлу үшін әр түрлі ескертулері де бар. Мысалы, Ш.М–3–21 ішінде дәптер сыртындағы жазу :ізде "жетінші" деп басталар орта бетті. Бұл топтама ішінде 80 % Мәшһүрдің өз қолтаңбасы болғанымен де, ішінде Ж.Жүсіпұлы, Фазыл т.б. көшірушілердің де дәптерлері бар.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп ( түпнұсқа ) 4 том.** Сұрғылт көк жіппен байланған қалың папка. Көлемі : 31,5 х 21,5. Б.117. П.59.Көк бума ішіндегі қолжазбаларды қызыл, көк, қара қауырсын қаламмен жазылған жеке–жеке ұсақ қағаздар құрайды. Олардың әрқайсысы жеке–жеке түрлі–түсті( сары, көк, қызыл, ақ т.б.) , көлемі бірдей (көлемі 20 х 016,5) дәптерлерге топталып жинақталған. Дәптер сыртында шифры (М–4–1) , текстің басқы және соңғы жолы( кирилл жазуымен) әр түрлі сия қаламмен (қызыл, көк, жасыл) көрсетілген. Бет нөмірі бір рет ғана, көк сия қаламмен, үстіңгі сол жақ бұрышында түртілген. Бұл дәптердің көпшілігі Мәшһүр Жүсіп өз қолтаңбасымен берілген. Негізгі бөлігін хаттары құрайды. Бума ішіндегі Мәшһүр Жүсіп мұрағатын жеткізуші ұлы Фазыл және жиені Жолмұрат Жүсіпұлы делінген жазуларды кездестіруге болады. Қолжазбаның қашан, қай жерде жазылғаны көрсетілмесе де Мәшһүр–Жүсіп өз қолтаңбасымен берілген ескертулерінен анықтап алуға болады.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 5 том.** Көлемі: 31х22,5. Б.470. П.215. Сұр папка сыртындағы жазу: ''№ 5 Мәшһүрдің өз қолжазбасы.'' Қара, көк сия. Қауырсын қалам Жазулар көлемі әр түрлі ( 21,5 х 17,5; 27,5 х 19; 24 х 19,5; 19,5 х14) беттерге жазылған. Текст орналасуы да біркелкі емес ( қиғаш–қиғаш жазулар, 1 қатарға өлең, қара сөз) жазуларға назар аудартады. Қолжазбаның көк бөлігі

сақталуы жақсы болғанымен, кейбірі мүлде үгілген, шеттері жоқ (ортасында ғана жазуы бар алақандай ғана беттер), шеткі жері (текстің 5[1 бөлігі ғана) бар. Қалғаны жоқ, бірен–саран беттерді арасында кездестіруге болады. Қолжазба өңдеуден өткен, клеймен жапсырылып , рет–ретімен қойылған. Дәптер қабымен (көк, ақ, қызыл, сары түсті) капсырылған бұл текстің көп бөлігі әлі де тақырыбы берілмеген. 34 дәптердің шифры (М–5–34) қосылып, 12 дәптердің 4–5–де (г,д,е,и) деп жалпы ішкі мазмұны қыскаша берілген. Бумадағы дәптердің жалпы саны 46 болса, 2% –тін көшірмелер кұрайды. Жазылған жылы, жері көрсетілмеген. Сарғайған кеңсе қағаздардағы ахмеджеммен жазылғаны Мәшһүр Жүсіп өз колтаңбасы, калғаны көшірмелер (кейбіреуінің есімдері белгісіз делінген).

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 6 том.** Көк ала папка. Көлемі: 22 х18. Б.46.П.23. Ішіндегі бет көлемі:21,5 х 17. 1925–1926 ж. жазылған. Өз қолтаңбасы. Барлық дәптер саны–13, көбінің шифры жоқ. Аудармалары қоса берілген бұл қолжазбалар қағазы, көлемі де, түсі де әртүрлі. Ішінде кеңсе қағазына жазылғаны бар, кітап болып баспа бетінен шыққаны бар, фотокөшірмелері бар және ҚПЖМ колжазбаларға түсініктемелері бар беттерді табуға болады. Қара, көк сия, қауырсын қалам. Жазу түрі: хадим. Мәшһүр Жүсіп өз қолтаңбасы екенін аңғартады. Қолжазбаның қазіргі күндегі сакталуына келетін болсақ, өңдеуден өткен . Беттерінің шеттері үгіле бастаған беттері барлығы ғасырлар бойы қолдан–қолға көшкеннің салдарлары деуге болады.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп ( түпнұсқа ) 7,9 том.** Көлемі: 31 х 21,5. Б.400. П.200. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бұл папкасында 2 ірі бума біріктірілген (№ 7, №9) . Ақ папка сыртында қызыл сия қаламмен: Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы № 7, №9 деген жазу жазылған, Бұл екі топтама ішінде 30 дәптер топталып жатыр. Мәшһүрдің бұл дәптерлердегі қолжазбаларының көлемі әртүрлі (17,5 х11; 22х18). Мәшһүр қолтаңбасын мұнда анық көруге болады. Қара, көк, кей жерінде қызыл қауырсын қаламмен жазылған көркем жазулар әлі де өше қоймаған қалпын сақтауда. Сарғайған кенсе қағаздары жұқарып, үлбіреп, жыртылудың алдында тұр. Бір жарым ғасырдан астам уақыт өткен , бұл қолжазбалардың басым көпшілігін бізге жеткізуші Фазыл, қалған бөлігін ҚПЖМ тапсырушы Жолмұрат Жүсәпұлы . Қолжазбалардағы текстер қара сөзбен бір қатарға, бет іші толығымен жазылса, өлең жолдары 1,2 катардан берілген. Бет нөмірі бір рет қана, сол жақ үстіңгі бұрышына койылған. Өндеуден өткен, тіркелмеген. Жеке–жеке, түрлі–түсті дәптер беттері (қызыл, сары, көк, жасыл, ақ т.б.) ішіне салынған бет саны шамамен 300–400–ге жуық.

Қолжазбалардың кейбірінің жазылған уақыты мен қолжазбаны тапсырған уақыты көрсетілген. Мысалы, М–7–4 тізімі 1911 жылы жазылған. делінсе, ал М–7–5 тізімін Жолмұрат Жүсіпұлы 25. 11. 1957 жылы тапсырған деп уақыты көрсетіліп отыр.

**ҚПЖӘМ: Мәшһүр Жүсіп (түпнұсқа) 8 том.** Ақ папка. Көлемі: 30 х21,5.Сыртында"Мәшһүр–Жүсіп– № 8 (Фазылдың сақтауы бойынша)''– деген жазу бар. Ішінде көлемі әр түрлі 5 дәптер жатыр. Сыртынан дәптер беттерімен ( түстері әртүрлі: ақ, көк, сары) қаптап, қолжазбаларға қысқаша түсініктемелер берілген. Бұл қолжазбалардың ең үстінде көлемі қос бет шақпақ дәптер бетінде мазмұны берілген. Барлық қолжазбалардың бет саны 158 бет, 79 парақ. Көлемдері әртүрлі( 22 х 19; 21 х 14,5) беттердегі жазу түрі– ахмеджем. Екі түрлі (қара, көк) қауырсын қаламмен бір қатар қара сөз жазулардағы әр әріп әлі де анық, әрі көркем. Желімделген беттер өңдеуден өтіп, тақырыпқа бөлінген. Бет нөмірі үстіңгі сол жақ бұрышына қоршалып берілген. Мәшһүрдің өз қолтаңбасымен берілген бұл қолжазбалардың қашан, қай жерде жазылғаны көрсетілген. Тек дәптер сыртында шифры , тақырыбы, басқы және соңғы жол (қызыл, көк, жасыл сия қаламмен) мазмұны кириллицамен берілген.

**ҚПЖӘМ: Жолмұрат ( көшірме ) 1 топтама.** Көшірме көлемі: 31х22. Қоңыр бір түсті қалың папка. Сырт жазуы: ''Жолмұрат көшірмелері– №1''. Жіппен байланған бума ішінде қатарынан екі ірі дәптер бар: №1) Қызыл дәптер( қызыл түсті , көлемі– 20 х 17 см ) сыртындағы жазу щифры №1–22), 22 тізім ,Б.168. П.84. (көлемі– 20 х 17; 27 х19,5) 2) Сырты қызыл түсті дәптер . Қабындағы жазу: Жолмұрат–1–(23–48). 26 тізім,Б.210.П.105. (Көлемі: 17[5 х13; 20,5 х 16,5). Көлемі әр түрлі бұл қолжазбалар Жолмұрат Жүсіпұлының көшірмесі екеніне күмән тудырмайды. Түрлі кеңсе қағаздардағы жазу түрі:хадим,. Жазу құралы көк, қызыл, қара сия , қауырсын қалам. Кей тұстары қара қарындашпен көшірілген. Бәрі де Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбасынан алынған көшірмелері. Текст беттерде әртүрлі орналасқан 1 немесе 2 қатар жазулар ара–арасы жіктеліп, тақырыбы асты сызылып көрсетілген. Қызыл сия қаламмен 1 рет оң жақ үстіңгі бұрышына жазылған бет нөмірі анық көрініп тұр. Сақталуы жақсы сарғайған беттердегі Жолмұрат қолжазбасы әлі де анық. Қолжазба 1940–1945 жылдар аралығында көшірілген.

**ҚПЖӘМ: Жолмұрат (көшірме) 2 топтама.**Көлемі: 31х22. Б.356.П.178. Қоңыр бір түсті қалың папка сыртынан жіппен байланған. Мұқабасы сыртындағы жазулар:''Мәшһүр Жүсіптен Жолмұрат көшірмелері-–№2''. Ішінде барлығы 8 дәптер. Жолмұраттан басқа Әмен, Шарафи көшірмелері бар. Көлемі әр түрлі қолжазба

беттері( 27,5 х 19,5; 20,5 х16,5;20,5 х 14) түрлі түсті дәптер қос беттерімен (20 х 16,5) қапталып, жанрлық, салалық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай топталған, Жолмұрат көшірмелері көп бөлігі көк, қара қауырсын қалам, және қара қарындаш, ал Әмен Шарафи колтаңбасы қара, қоңыр сия қаламмен көшірілген. Жазу түрі хадим және латын. Бет ішіндегі текстің сақталуы жақсы, енді–енді шеттері желімделе бастаған бұл мәтіндер 1 қатарға ұсақ әрі жиі жолмен жазылған. Тақырыбы асты сызылып ерекше көк сия қауырсынмен бөлініп берілген. бет нөмірі қызыл сия қаламмен (сырты) және көк қауырсын қаламмен (ішінде) нөмірленген.

**ҚПЖӘМ: Жолмұрат (көшірме) 3 топтама.**Ішінде 3 ірі қалың дәптер: 1) Қоңыр кітап мұқабасы (көлемі–19,5 х 13) ішінде 10 шақты ірілі–ұсақты дәптердің қос беттерімен қапталған (20 х 16,5) қолжазбаларды қарағанда беттердің көбі ретсіз, тақырыпсыз, әлі де баспа беттерінен жарық көрмеген нұсқалардың молдығына көз жеткіздік. Бұл топтамада Жолмұрат қолтаңбасы көк, қара қалам және қара қарындашпен жазылған.» Қазақ түбі «. үлгілері қатысты текстердің қазіргі сақталу деңгейі жақсы. 2) дәптер де 1–ші дәптерге көлемі жағынан, сақталу деңгейі жағынан ұқсас келеді. Қос бет дәптер сыртында тақырыбы жазылып,қолжазбаның басқы және соңғы жолдары жазылып көшіруші есімі қоса берілген. 3) дәптер сырты бір түсті қоңыр папкамен қапталған. Ішінде тек қана "Қыз көрелік" кітабының 20 шақты беттері бар.

**ҚПЖӘМ: Жолмұрат (көшірме) 4, 6 топтама.** Сұр түсті қалың папка сыртындағы жазуы: "Жолмұрат көшірмелері–№ 4 , № 6 ". Мұқабасы көлемі: 31 х 23; ішіндегі беттерінің көлемі: 27 х 20,5; 25,5 х 19,5 Бума ішінде екі топтама бар: № 4 топтама , № 6 топтама. № 4 топтама 71 дәптерге бөлінген. Әр дәптер іші жеке–жеке тізімдерге бөлінген. Тізімдер алфавиттік ретпен (а,ә,б,в,) жазылған. Дәптер сырты көлемі әртүрлі қағаздармен қапсырылып, оның сыртына шифры қойылған(4–2 "а"). Дәптер сыртындағы жазуы әртүрлі сиямен ( көк, қызыл, жасыл) жеке–жеке берілген. Қызыл түспен– шифры (а,ә,б) мәтін ішіндегі ерекше кісі есімдері мен жолдары берілсе, кек түспен тақырыбы, жасыл түспен мазмұны (басқы, соңғы жолдары) жазылған. Әр дәптер ішінде бет саны әртүрлі: ең азы– 7 беттен тұрса, көбі– 270,300 беттен құралған. Қызыл пасталы қаламмен оң жақ шекесінен бір рет нөмірленген. Цифрлар қоршалып берілген. Сарғая бастаған кеңсе қағаздарына 1,2,3 қатардан өлең жазулары, 1 қатардан қара сөзбен көшірілген мәтіндерін көруге болады. Әр тақырып асты көк, қызыл каламмен сызылған, Өңдеуден өтпеген. Шеттері үлбірей бастаған. Анық араб әрпімен көшірілген. **6**

**топтама** барлығы 3 дәптерден құралған, 1 дәптер–12 беттік жасыл дәптерге көшірілген. Жазулары дәптер сыртына дейін толық араб әрпімен жазылған. Көлемі: 20,3 x 16,5. Дәптер сыртының үстіңгі оң жақ бұрышындағы шифры: Ж–6–1. Сиясы: қара, көк сия қалам. 2–дәптер. 1 дәптер қабынан қапсырылған. Ішінде 2 бүктелген, жазуы өше бастаған, араб әрпімен жазылған, тозығы жеткен сарғайған қағаздар. Көлемі:30 x 21. Мәтіндері бір қатарға , барлық бет көлемі толық берілген. 3 дәптер мен 2 дәптер көлемі жағынан ұқсас. Әбден тозығы жеткен беттердің сиялары өше бастаған. Сиясы: көк, қара қалам. 1 қатар жазу. 1 рет нөмірленген ( оң жақ үстіңгі бұрышында). тақырыпшалар астары көк, қара қаламмен сызылған.

**ҚПЖӘМ: Фазыл (көшірме) 1 топтама.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "Мәшһүр –Жүсіп жазбалары". Қоңыр қалың кеңсе кітабы ішінде 54 дәптер бар. Дәптер ішіндегі беттің көлемі: 28 x 20. Б.184. П.92. Ж.27. Сиясы: көк қалам. Сарғайған, тозығы жеткен беттерге 1,2 қатардан араб әрпімен ұқыпты көшірілген. Тақырып асты көк, қызыл сиямен сызылған. 2 рет нөмірленген(қара қарындаш, жасыл, қызыл қаламмен).

**ҚПЖӘМ: Фазыл ( көшірме ) 2 топтама.** Мұқаба сыртындағы жазуы: "Фазыл–2". Қалың қоңыр ала кеңсе кітабы ішінде көлемі әртүрлі ( 34 x 21,5; 34 x 11 ) 39 дәптер. Б.153. П.77. Ж.38. Әр дәптер сырты қапталған. Сыртында 3 түрлі сиямен ( көк, қызыл, жасыл) шифры, тақырыбы, мазмұны берілген. Сарғайған кеңсе қағаздарындағы жазулары 1,2 қатардан көшірілген. Араб әрпімен жазылған. Тақырып асты сызылып, 1 рет қызыл сиямен, оң жақ үстіңгі бұрышынан нөмірленген.

**ҚПЖӘМ: Фазыл (көшірме) 3 топтама.** Мұқаба сыртындағы тақырыбы: "Фазыл көшірмелеріндегі Мәшһүр Жүсіп шығармалары". Қоңыр қалың папка көлемі : 31 x 22. Ішіндегі беттерінің көлемі : 27,5 x 19,5. Барлығы 19 дәптер. Б.104.П.52.Ж. 29,34. 1941 жылдың қазан айынан бастап, 1948 жылдың 18 қарашаға дейін Мәшһүр Жүсіптің ұлы Фазыл көшірген. 2 қатардан жазулар. Көк сия қалам. Араб әрпімен берілген. 1 рет көк сиямен нөмірленген. Жақсы сақталынған. Сарғайған беттер шеттері үгілген. Әріптері анық., көркем жазу. Жіппен тігілген. Тақырыпшалар асты қызыл, көк сиямен сызылған.

**ҚПЖӘМ: Фазыл (көшірме) 4 топтама.** Тақырыбы : " Мәшһүр Жүсіп шығармалары". Ақшыл қызыл қалың, кеңсе кітабы көлемі: 28,5 x 20. Б.116.П.58. Ж.33. Барлығы 13 тақырып. Кеңсе кітабы беттеріне 2 қатардан жазылған мәтіндер әріптері анық. Сиясы: көк қалам. Ақауы: сарғайған беттердің кейбірі бос, жазулары жоқ. 1955

жылы араб әрпімен көшірілген. Папка шифры, тақырыптары, мазмұны (қысқаша: басқы жолы, аяғы) берілген. Қарындашпен 1 рет нөмірленген. « Қазақ түбі « үлгілерін өзара салыстыру нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің бұл еңбегін өмірінің соңғы жылдарында (1920– 1928) жазған. Еңбектің негізгі бөлігін құрайтын шежіре үлгілерін ол бала кезінен өз естеліктерінде жинағаны беріледі ( яғни 16 жасынан бастап, 1874 ж.) . Сонымен « Қазақ түбі « еңбегінде автор тек сол заман куәгерлері немесе олардың ұрпақтары естеліктерін, аңыз–әңгімелерін, жыр– дастандарын ғана негізге алудан басқа, (халықтық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ) өзіне дейінгі шежірешілердің (Әбілғазы, Шәкәрім, Қ.Халид т.т.) түпнұсқалық қолжазбаларын, заманына дейінгі іргелі ғалымдардың ( Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, В.В.Вельяминов–Зернов т.с.с.) тың еңбектерін һәм өзінің зерттеу– бағамдауларын бірге ұсынады. Текстологиялық сараптауларда әр қолжазба кітабының жазылуында белгілі бір мақсат көзделгені көрінеді. Біздіңше, Мәшһүр мұрасымен мейлінше толық танысу үшін барлық түпнұсқалар қажет. Сонда ғана, Мәщһүр Жүсіптің тарихқа деген көзқарасы, пікірлері белгілі бола алады.

**1.3. Жалпы мазмұны.** « Қазақ түбі « тарихты Адам Атадан (Әбілғазы шежіресі бойынша) бастап тарата отырып, 1928–1929 ж. байлардың мүлкін тәркілеу науқанын (автордың өз көзімен көргендері) баяндаумен аяқталады. « Қазақ түбі « тарихи тақырыпты қамтыған "Мес" жинағындағы мәтіндердің ортақ тақырыбы болғандықтан, « Қазақ түбі «–нің бірнеше негізгі нұсқаларына салыстыра зерделеуімізге тура келеді. № 1170 "а", № 1170 "б", № 1173, № 1176, № 1177, № 1178, № 1645 папкалар. Оған коса түпнұсқалық қолжазбадан көшірілген Ә.Диваев, Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан, Жолмұрат Жүсіпұлы, Фазыл (толык аты–Мұхаммед Фазыл), И.Маненов, О.Иманбаев т.б. көшірмелері де бар. Мәшһүр жазбаларында сөз болған тарихи оқиғалардың географиялық шеңбері қазіргі Қазақстан, Өзбекстан (Бұхар, Қоқан хандарының тарихы туралы мәлімдеулері), Қырғызстан (Кенесары көтерілісіне байланысты жазғандары), Ресей, Түркия (Қондыкер–оғыз шежіресін баяндауы) жерлерін қамтиды. « Қазақ түбі « еңбегінің толық мазмұнымен танысу үшін бірнеше түпнұсқалар мен ондаған көшірмелерді өзара салыстыра пайдалануымызға тура келеді. Өйткені кейбір көшірмелердегі (№149, №378) материалдар әзірше ешбір түпнұсқалардан табылмай отыр. Бір қолжазбаларда толық қамтылған тарихи тақырып келесі қолжазбада мүлде берілмеуі, қайталануы, толықтырылуы, қысқартылып келтірілуі ықтимал. XIX ғ.а. мен XX ғ.б. қалыптасқан ауызша баяндау дәстүрі

бойынша қазақ шежірешілері Адамзат тарихын Адам Ата мен Хауа ана (Әбілғазы шежіресінің мазмұнына сай) жаратылуынан бастайды. Мәшһүр Жүсіп те Әбілғазы шежіресінің бірнеше нұсқаларын пайдаланып, Адам Атадан Уыз ханға (№ 1173 папкада Оғыз деп көрсетеді) дейінгі тарихты шежіре сипатында баяндайды [32]. « Қазақ түбі « № 1176 (100(94;51)–102(96;52) беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (222 (265)–224(267) беттер), « Қазақ түбі « №1173 (394–397 беттер) қолжазбаларындағы Адамзат тарихы екі кезеңге: Адам Атадан топан су тасқынына дейінгі кезең мен Нұх пайғамбардан Ел ханға дейінгі кезеңге бөлініп қарастырылады [33]. Шежірелік мәлімдеулерге қоса Мәшһүр Жүсіп Нұх топан суы туралы аңыз–әңгімелерді де келтіріп отырады [34]. Баспа бетінде "Наурыз" деген атпен жарияланған еңбегінде [35[ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Баянауыл мен Көкшетау тауларындағы малта тастардың жұмыр болмысына зер тастай отырып, Нұх заманындағы топан су оқиғасын тарихи шындық деп қабылдайды.

Уыз ханнан Ел ханға дейін таратқан « Қазақ түбі « 1176 (102 (96;52)–107 (101) беттер), « Қазақ түбі « №1177 (222[267)–235(278;141) беттер), « Қазақ түбі « №1173 (397–406 беттер) нұсқаларында Мәшһүр Жүсіп Уыз (Оғыз) хан туралы көбірек дерек бере отырып, Уыз заманын қазақ халқының тарихымен, салт–дәстүрімен байланыстырған өз тұжырым топшылауын қатар келтіріп, соңына Уыз ханнан Ел ханға дейінгі хандар тарихының тізбегі (Әбілғазы бойынша) баян болады [36]. « Қазақ түбі « Ел ханнан кейінгі тарихты Мұхаммед пайғамбар мен Аныс, Аққөсе сахабалар дәуірі ретінде қарастырады. Түркі халықтарының тарихында VIII–IX ғ. ислам дінінің таралуы арабтар шапқыншылығымен байланыстырылады. Ал « Қазақ түбі « №1176 (108(152;55)–111(105) беттер), « Қазақ түбі « №1177 (256(299)–261(304;154) беттер) үлгелерінде берілген Мәшһүр деректері бойынша, Аныс, Аққөсе, Имамбайыр т.б. сахабалардың 92 баулы Қыпшақтан шыққан түркілер бабалары екендігін, олардың пайғамбардың туын көтеріп, мұсылман дініне қару күшімен насихат жүргізгендерін танимыз [37]. Осы бір тұста Мәшһүр Жүсіп қазақтың арғы ата–тегін осы Аныс (Әнес, Ан) сахабадан бастайтын шежіре нұсқаларының тарихы 1874 ж. Құнанбай бидің қажылық сапарынан басталатындығын баяндай отырып [38], осы шежіре нұсқасын (арабтық) сөзбе–сөз таза–генеологиялық тұрғыдан (яғни қазақ арабтан шықты деген) емес, жылнамалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін тұжырымдайды.

« Қазақ түбі « № 1177 қолжазбасының басында (1–2 беттерінде) Сайрам қаласының мешітіндегі екі тас бағанды орнатқан Ысқақ бап,

Ибраһим ата, Қожа Ахмет Яссауи туралы діни аңыз беріледі [39]. « Қазақ түбі «–нің бір нұсқасында VIII–IXғ.ғ. араб ықпалы заманы туралы айтылса (жоғарыда келтірілген үлгілерінде), келесі бір вариантында Ел ханнан кейін Қондыкер жұрты тарихы (тарихтағы IX–XI ғ.ғ. оғыз тайпалары) [40[ сөз болады (« Қазақ түбі « № 1170 "б" папка, 693–704 беттер) [41]. Сонымен катар « Қазақ түбі « № 1176 (107(101),114(108;58),167 (173)беттері), « Қазақ түбі « № 1177 (13(25)б.) үлгілерінде XI–XII ғғ. Қыпшақ тайпаларының заманы туралы, 92 баулы Қыпшақтың 300 жылдай Дәшті Қыпшақта өктемдік жүргізгендері хақында мәлімдеулер жасалынады [42].

Шежіре тарату дәстүріне сай « Қазақ түбі « еңбегінде де XIII ғғ. Қазақстан тарихы Шыңғыс хан мен оның әулетінің шежіресі ретінде қарастырылған. « Қазақ түбі « бір өзгешелігі, Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Шыңғыс ұрпағы шежіресі екі кезеңге: Шыңғыстан Жәнібекке дейінгі тарих (XIII–XVғ.) пен Жәнібектен әз Тәукеге дейінгі қазақ хандығы заманы (XV– XVIIғ.) жіктеліп баяндалынады. Мәселен, « Қазақ түбі « № 1176, « Қазақ түбі « № 1645 нұсқаларында XIII–XIVғ.ғ. Шыңғыс ұрпағы тарихы мүлде айтылмастан бірден қазақ хандары шежіресі ( Жәнібектен бастап әз Тәукеге дейін) таратылады.

Жалпы алғанда XIII–XV ғғ. Шыңғыс әулеті адамдарының тарихы « Қазақ түбі « № 1173 (406–408 беттер), « Қазақ түбі « № 1170 "а" (111 (60)–124 (73) беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (236 (279)–244(287) беттер) нұсқаларында ғана толығырақ айтылады [43]. Бұл варианттарды өзара салыстырып көрсек, « Қазақ түбі « XIII–XV ғғ. моңғол билеушілерінің тарихын жазу барысында Мәшһүр Жүсіптің бірде таза Әбілғазы шежіре кестесін қолданғанын [44], бірде Радловтың "Қазақ түбі" аңыз–әңгімесін ("Моңғолдың құпия шежіресімен" мазмұны үндесетін) [45], арасында Қ.Халид [46[ пен Ш.Құдайбердіұлы [47[ кітаптарынан сұрыптап таңдап алған мәтіндерді пайдаланғанын танимыз. Жалаң генеологиялық тізбектеулерден бас тартқан тұстарында Көпейұлы Мәшһүр Жүсіптің XIII–XVғ. аралығындағы кезең тарихын халық жадында ауызша сақталғанын фольклорлық мәліметтермен толықтырады. Мысалы осы бір кезең тарихын « Қазақ түбі « № 1170 "б" қолжазбасындағы (693 (353)–704 (362 (101) беттер) әмір Темір Көреген (1370–1405 ж. билік құрған Темір Тарағайұлы) туралы діни аңыз–әңгіме [48], « Қазақ түбі « № 1176 (111(105)–113(107) беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (4–11 беттер), « Қазақ түбі « № 1173 (38 (68) бет) жазбаларындағы Тоқтамыс пен Едіге заманы (XIV–XV ғ.) хақындағы ауыз әдебиеті үлгілері [49]; « Қазақ түбі « № 1170 "б" нұсқасындағы (716 (113)–720 (117) беттер)

Ормамбет би (XVI ғ.) мен Мөңке би туралы ноғайлы аңыз–дастандары [ 50 [ толықтырылады.

XV–XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы « Қазақ түбі « жазбаларында төрелер шежіресінің екінші бөлімі ретінде сипатталынады. Бұл заман оқиғалары туралы деректер « Қазақ түбі « № 1173 (408 бет), « Қазақ түбі « № 1176 (344(430)–346(432) беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (244 (287)–247 (290; 147) беттер), « Қазақ түбі « № 1178 (2,3,42 беттер), « Қазақ түбі « № 1645 (83–85 беттер) [51[ папкаларында сақталынған. Жоғарыда айтылып өткен қолжазбалар мен кейінгі келтірілген үлгілердің мазмұнына шолу жасасақ, Шыңғыс әулеті тарихының баяндалу барысы екі кезеңге бөлінгенін аңғарамыз. Өйткені « Қазақ түбі « № 1176, « Қазақ түбі « № 1645 нұсқаларында XV–XVII ғғ. қазақ хандары тарихы жеке бөлініп берілген. Ал « Қазақ түбі « № 1173, « Қазақ түбі « №1177, « Қазақ түбі « №1178 қолжазбаларында XIII–XVII ғ. оқиғалардың жалғастырылып баяндалуы Мәшһүр Жүсіптің « Қазақ түбі « жазуда тарихи материалдарды кезеңдерге бөліп (Шығыстан Жәнібекке дейін–XIII–XVғ.ғ., Жәнібектен әз Тәукеге дейін–XV–XVIIғ.) топтастырғанын танытады. Сонымен қатар Мәшһүр Жүсіп « Қазақ түбі « әртүрлі кезеңдерге жіктеп, шашыраңқы сипатта баяндалынған қазақ елінің түпкі тарихын біртұтас тарихи процесс, бір жылнамалық–шежірелік жүйе ретінде бейнелеуге ұмтылды.

« Қазак түбі « еңбегі нұсқаларын мазмұны жағынан қарастырсақ, XV ғ. дейінгі оқиғаларды сипаттауларында көбінесе бір үндестік, қайталаулар басым болады. Ал XV ғасырдан кейінгі « Қазақ түбі « мазмұны жағынан күрделене түсіп, бір оқиға, тарихи кезең туралы өзара қарама–қарсы деректер, пікірлер беріліп, қазақ елі тарихы көршілес Ноғай Ордасы, Қазан хандығы , Бұхар хандығы елдерінің тарихтарымен байланыстырылып, ел жадында сақталынған шежіре–лік мәліметтермен толыға түседі. Қазақ хандары шежірелерінің бірінде Жайық бойындағы Сарайшық қаласындағы хан ордасын (тақты) Ұлытауға көшірген Хақназар делінсе [52], екіншісінде Қасым хан [53[ деп көрсетіледі. 1907 ж. Қазанда бастырған кітабы мен шежірелік деректерінде Мәшһүр Жүсіп XV–XVI ғғ. қазақ тарихын ноғай халқымен байланыстырып, екі халық тарихының өзара сабақтасып жатқандығын айғақтайды [ 54].

« Қазақ түбі « №1177 XVI–XVII ғғ. Бұхар билеушілері: Абдолла хан (181–186 беттерінде), Имамқұлы хан (38 (68) бетінде) ата–тегі туралы шежіре сөзі беріледі. « Қазақ түбі «–дегі ел аузында сақталынған шежіре мәліметтері бойынша (1598ж.) **“Бұхар, Самарқанды қазақ шапқанда”** [ 55 ], (1627–1628ж.) Есім хан

қалмақтарға жорық жасап, Қатаған халқын қырғынға ұшыратқан [56]. Бұған қоса Алаша хан туралы аңыздар [57[ мен Шора батыр туралы дастан үлгілері [58[ де бұл заман тарихын толықтыра түсетінін бағамдаймыз. 1680–1781ж. оқиғаларды қамтыған « Қазақ түбі « үлгілері деректерінің молдығымен, алуандығымен ерекшеленеді. « Қазақ түбі « бойынша, бұл заман тарихы екі ірі тұлғалардың есімдеріне байланысты екі кезеңге бөлінеді: әз Тәукеден Абылайға дейінгі (1680–1734ж.) кезең, Абылай билік құрған кезен (1734–1881 ж).

Алдыңғы кезең (1680–1734 ж.) бойынша « Қазақ түбі « нұсқаларындағы мәліметтерді жинақтап қарастырсақ, Салкам Жәңгірден кейін әз Тәуке хан сайланғанын; әз Тәуке заманы тұсында қазақ халқының Сыр бойын қыстап, Арқаны, Жетісуді жайлағанын [59], "Жеті жарғы" заң жинағы қабылданғанын, "Күлтөбеде күнде кеңес" өткізілетінін, үш жүзге үш би сот ісін жүргізгенін, 1120 (1708 ж.) әз Тәукенің өлгенін [60], Тәуке моласы Шідерті бойына қойылғанын [ 61 ], әз Тәукеден кейінгі Болат хан тұсында Ұлы жүзді Төле би, Кіші жүзді Әбілхайыр, Орта жүзді Сәмеке мен Әбілмәмбет бөліп билеп кеткендерін, 1723 ж. Ақтабан шұбырынды оқиғасы орын алғанын [ 62 ], XVIII ғғ. жоңғар билеушілерінің қысқаша шолу тарихын [ 63 ], әз Тәуке [64[ мен Шығай хан, Ондан хан, Бөкей хан [ 65], Жамантай хан [ 66 [ әулеттерінің шежірелік тарихын көреміз.

« Қазақ түбі « нұсқаларындағы Абылай хан заманы 1734–1781ж. оқиғаларды қамтиды. Абылай заманы туралы жинақталған « Қазақ түбі « деректерінің мазмұнымен сипаты жағынан әртүрлі болып келеді: арғы ата–тегі [ 67 [ мен Абылай әулеті ұрпағы [ 68 [ туралы шежіре нұсқалары; Абылай ханнан кейін халықтың әлеуметтік–экономикалық жағдайы гүлденгені туралы этнографиялық мәліметтер [ 69 ], 1734–1740, 1738, 1750, 1755, 1778, 1821 ж. оқиғалар (даталары дәл көрсетілген) туралы фактологиялық мағлұматтар [ 70 ], фольклорлық үлгілер [ 71 [ (көлемі жағынан көп бөлігін).

Негізінен алғанда, Абылай заманы оқиғалары Мәшһүр Жүсіп жазбаларында үш негізгі топтамаға жинақталған: « Қазақ түбі « №1170 "б" (721(118)–795(191) беттер), « Қазақ түбі « №1176 (132(124)–140(132;72), 213(206)–412(318) беттер), « Қазақ түбі « №1177 (163(116)–170(123;85), 201(150)–238(190), 241(194)–261(214) беттер). Мазмұн көлемі жағынан алып қарасақ, « Қазақ түбі « №1170 "б", « Қазақ түбі « №1176, « Қазақ түбі « №1177 қолжазбаларында нақтылы тарихи даталар, фактілер, ғылыми зерттеулер аз орын алған. Бұл олқылықтың орнын ауызша айтумен қағаз бетіне түскен фольклорлық деректер толтырады: (1739–1749ж.) Орта жүз бен

Жоңғар хандығының саяси тарихы туралы "Қалдан Шерін әңгімесі" ( « Қазақ түбі « № 1645, 142–151 беттер) [ 72], (1752–1757ж.) Жоңғариядағы азаматтық соғысқа Абылай бастаған қазақтардың белсене араласуы, (1757–1758ж.) Олжабай батырдың "Шүршітқырған", "Талқы" соғыстарында (қазақ–қытай қарулы қақтығыстары) ерлік көрсетуі, (1759–1771 ж.) Абылайдың Қоқан, Алатау қырғыздарына [ 73 [ қарсы жорықтары, (1773–1775ж.) Абылайдың орысты шаппақшы болғанда Бұхар жыраудың өлеңмен райынан қайтаруы, (1779 ж.) "Абылай аспас сары бел" оқиғасы [74[ (хан билігіне қарсы Арғын руы адамдарының қарсылығы) т.т.

Қазақстан тарихының 1781–1836 ж. аралығын қамтитын кезең туралы « Қазақ түбі « еңбегінде дерек аз қамтылған. Мәселен, « Қазақ түбі « №1170 "б" үлгісінде (798(194; 405)–867(203) беттер) Абылайдан соң Уәлі хан сайланғанын, оның Орта жүзге ғана билік жүргізгенін, 105 жасқа келіп өлген Уәлінің асы 1821 ж. Ошақты көлінде берілгенін, (1822 ж.) Уәліден соң Орта жүзге Абайділдә (Ғұбайдолла) хан болғанын, (1824 ж.) қала салуға қарсы болғаны үшін Абайділдә хан мен Торайғыр биді Баянауылда орыс әскері тұтқындап алып кеткенін [ 75 ], Қытай елшілері бос қайтқанын, (1824–1836 ж.) Қасым балалары Саржан мен Есенгелдінің Иван Семеныш деген полковоймен соғысқанын, (1836 ж.) Ташкент құшбегі қастандығынан қаза тапқандарын [76[ мәлімдейді (1836–1838 ж.) Исатай көтерілісі туралы біраз деректер тобы [77[ "Науша батыр" топтамасында ("Қазақ түбі" көшірмесі) ғана кездесіп отыр [78 ]. 1837–1847 ж. ұлт–азаттық көтеріліс тарихы « Қазақ түбі « нұсқаларында Кенесары заманы ретінде қарастырылады. Кенесарытану саласы бойынша жан–жақты мәліметтер негізгі « Қазақ түбі « № 1170 "б" (795–849 беттер), « Қазақ түбі « № 1176 (78(73)–93(87) беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (190(238)–193(240), 261–263 беттер) жинақталған. Сонымен қатар бұл топтамаға мүлде кірмеген жазбаларда [79[ (көлемі шағын материалдарда), көшірме жинақтарында [80[ тың мағлұматтар шоғырланған [81].

Мәшһүр Жүсіп негізгі нұсқаларында Абылай хандығының тарихи жалғасы ретінде Кенесары көтерілісін 1837 ж. Сарыарқада басталуынан бастап, 1847 ж. соңғы шайқасына дейін егжей–тегжейлі сипаттайды. Кенесары ата–тегі мен ұрпағының шежіресі жалпы төрелер шежіресіндегі Абылай шежіресінің бір тармағы ретінде көрсетіледі. 1837–1838 ж. оқиғаларға қатысқан Ақмола өңірінің тұрғыны Байғозы деген адамның балаларының (Нұрсиет) туған мүшел жылына назар аударған Мәшһүр Жүсіп мүшел қайыру әдісімен 1837 ж. көтеріліс басталғанын дәл есептеп шығарды [ 82 ]. Кенесары туралы Нысанбай жырау дастаны « Қазақ түбі « № 1170 "а"

вариантында жеке әдеби нұсқа ретінде көшірілсе, « Қазақ түбі « №1170 "б" үлгісінде бұл жыр Мәшһүр–Жүсіптің кара сөздерімен аралас беріліп, Кенесары соғысының барысын әңгімелейтін дерек көзі ретінде пайдаланылған. 1907 ж. Қазанда басылған кітабында Мәшһүр Жүсіп Сарыарка жерінің тарихына шолу жасай отырып, Кенесары заманын қазактын өз еркімен Сарыарқаны иеленуінің соңғы кезені деп баяндайды.

« Қазақ түбі « еңбегінде (№1170 "б", №1176, №1177 папкаларында) қазақ елінің 1848–1864 ж. аралығын камтитын кезеңді шартты түрде "Қокан заманы" ретінде танытады. Шартты түрде дейтініміз, « Қазақ түбі « №1170 "б" мен « Қазақ түбі « №1177 қолжазбаларындағы шежіре сөздері XVI–XVII ғғ. Бұхар -хандығы билеушілері тарихын [ 83 [ баяндап, одан соң (ара–арасында баска бір әдеби нұсқалар келтірген) XVIII ғ. Қокан хандарының арғы тегі Алтын Бесік [ 84 [ пен Бұхар хандары [ 85 [ шежіресі таратылып, соңынан XIX ғғ. Қоқанның "Ак жалау" заманы мен Қоңырат Мұсабек бастаған қазақтардың көтерілісі (XIX ғ. 50– ж.) тарихы [ 86 [ сөз болады. Бұл кезең тарихын Мәшһүр Жүсіптің Кенесары балалары: Сыздық(Садык) [ 87], Ахмет, Жафар [ 88 [ туралы өмірбаяндық мағлұматтары толықтыра түседі. « Қазақ түбі « жазбасындағы осы кезен (1861–1864 ж.) Шернейін (Черняев–Л.Ж.) жанаралмен бірге шыккан Шоқаннын орыс әскерінін Түркістан мен Орта Азияны басып алу жорығын қатысуын әңгімелеумен аяқталады [ 89 ].

1890–1929 ж. тарихы баяндалған « Қазақ түбі « жазбалары ғалымның өзінің бұл тарихи кезенге тікелей катысуы себепті шынайы түп–деректер ретінде карастыруымызға болады. 1905 ж. "Қанды жексенбі", 1907 ж. патша манафисі туралы өлеңдерінде [ 90[ орыс билеушісінің саясатын сынала, 1907 ж. Қазаннан басылып шыккан кітаптарында Мәшһүр–Жүсіп патшалы Ресейдің казақ жерін отарлау саясатын толык әшекерелейді. 1916 ж. Баянауылдағы жастардын ұлт–азаттық көтеріліске шығу тарихы туралы мәлімет беріледі. Ал 1918–1920 ж. Азамат соғысы мен 1928–1929 ж. байларды тәркілеу науқаны туралы естеліктері XX ғ. б. Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін құнды мәлімет шоғыры бола алады. М.Ж.Көпеевтің "Дала уалаяты" газеті мен "Айкап" журналында басылған макалалары да XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басы казак халқының саяси тарихын, әлеуметтік–экономикалык дамуын баяндап отырады [ 91 ].

Келтірілген « Қазақ түбі « еңбегінін тарихи тақырыпты камтыған материалдарының мазмұнына шолу жасасақ, бұл үлгілерде қазак тарихын баяндаудың өз жолы қалыптасқанын бағамдаймыз. Адамзат тарихының (Адам Ата мен Хауа Ана) бастау көзінен

бастайтын тарих жазбалары қолжазбаның ортасынан (« Қазақ түбі « № 1176, « Қазақ түбі « № 1177) басталып, бір үлгідегі тарихи оқиғалар тізбегінің жалғасы басқа варианттарда жалғастырылып, қысқартып, не толықтырылып беріліп отырады. Бүкіл қолжазбадағы материалды сүзіп шықпай, тарихи мәліметтердің бір жүйеде, көбінесе бір хронологиялық шеңбер аумағында қарастырмай, қолжазбаның бір үзіндісін (фрагментін) ғана аударған зерттеуші үшін “Мес” жинағындағы « Қазақ түбі « деректері шашыраңқы сипатта жазылған жеке–жеке шығармалар болып қала береді. Ал бұл мәліметтерде жинақтап қарастырсақ, « Қазақ түбі « жазбаларының қазақ тарихын бір уақыт жүйесінде бірнеше бағытта әртүрлі сипатта баяндағанын танимыз. Әрине, олардың араларында көлемі құлаш–құлаш әдеби шығармалар кіргізілген. Бұлар сол кезең туралы әдеби сипатта баяндалған мәлімет көзі қызметін (ғалым өмір сүрген заманда нақтылы ғылыми зерттеулер жұтаңдығын ескерсек–Л.Ж.) атқарған.

« Қазақ түбі « үлгілерінің басты маңызды өзгешелігі бір үлгі мазмұны екіншісіне дәлме–дәл ұқсай бермейді. Кейбір мәтіндері ортақ болса да, тарихи оқиғалары әртүрлі әңгімеленеді. Барлығы да бір ортақ мақсатқа қазақ халқының тарихын жан–жақты қырынан ашуға бағындырылған. Бірнеше шежіре нұсқаларының мазмұны әртүрлі тарихи кезеңдерді сипаттауларына назар аударсақ, « Қазақ түбі « жазбаларының тарихымыздың көпқырлылығын тануымызға жол ашатынын байқаймыз. Мазмұны жағынан « Қазақ түбі « XIX ғ.а. мен XX ғ.б. қағаз бетіне түскен тарихи туындылар арасынан алдыңғы орын алады. Шежіре түрінде жазылғанымен « Қазақ түбі « мазмұнының кеңдігі, деректерінің молдығы, нақтылығы, шынайлығы ерекше көзге түседі.

**1.4.“Қазақ түбі” еңбегінің Отандық тарихнамада алатын орны.** « Қазақ түбі «–Қазақстан тарихындағы патшалы Ресейдің отарлау саясаты күшейген тұсында жазылып, XX ғ. 20–ж. жеке–жеке кітаптар ретінде құрастырылған тарихи еңбек. Бұл жерде Сарыарқа жері тарихына қатысты шежіре сөздерінің жинақталып, уақыты бойынша жүйеленіп, қысқартылып берілген бір үлгісінің 1907 ж. Қазанда жеке кітап болып шыққанын ерекше атауымызға болады [92].

Сонымен қатар « Қазақ түбі « XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы аралығындағы шежіре жазу дәстүрінің қалыптасқан, әрі ерекше дамыған кезінде пайда болған тарихи шығарма болып табылады. « Қазақ түбі « мазмұны жағынан патшалы Ресейдің отарлау бағытын сынап, Абылай хан заманындағы еркіндікті дәріптеген зерттеулер қатарына жатқызылады. Мәшһүр Жүсіп « Қазақ түбі « еңбегін жазу

барысында өзіне дейінгі Әбілғазы және араб–парсы, түрік шежірелерін қолданып, калыптасқан шежіре жазу дәстүрін ілгері дамытқан. Өйткені « Қазақ түбі « тарихты баяндауда шежірелік төл дәстүрге сүйеніп отырғанмен, бұл дәстүрге өзгеріс енгізіп, Батыс елдеріндегі (орыс ғалымдары) мәліметтерді де зерттеу нысанына тартып, шежіре (ата–тек) мен жылнама (хронологиялық жүйе) әдістерін байланыстырып, бір жылнамалық–шежіре тізбегі ретінде баяндауға ұмтылған.

« Қазақ түбі « үлгілерінің мамұнына шолу жасасақ, Мәшһүр Жүсіптің шежіре жазу дәстүрін дамытқанын, әрі өз ерекшеліктері барын айқындаймыз. Атап айтқанда; XVIII–XIX ғғ. тарихи оқиғаларды баяндайтын мәтіндерде тарихи мәліметтердің молдығы (XVIII ғ. дейінгі тарихты сипаттаған барлық қолжазбалармен салыстырғанда), қолжазба мәтіндерінін көлемі үлкендігі (№1176 папка–457 бет, №1178–313 бет), тарихи таным барысына әртүрлі сипаттағы дерек көздері, шығыс шежірелері, орыс зерттеулері, топографиялық мәліметтер, фольклор үлгілері, естеліктер т.б. тартылуы, шежіре түрінде жазылғанымен хронологиялық жүйеге сай баяндалуы, қазақ шежіресінің дидактикалық–насихаттық мақсатына, бағытына сай « Қазақ түбі « үлгілерінде әңгімелеу тәсілі қолдануы, белгілі кайраткерлердің, немесе ру–тайпаның ата–тегін таратуда жалаң генеологиялық тізбектеуден бас тарту және генеологиялық циклдегі әрбір буын өкілі тарихын жеке–жеке баяндау, әртүрлі көзқарастарды көрсеткен ой–пікірлер, даталар, оқиғалар мазмұны берілуі және әр « Қазақ түбі « нұсқасының қазақ елі тарихын өзгеше баяндауы, мәтіндердің бір тарихи кезең бойынша топтастырылуы мен жеке кітап түрінде құрастырылуы т.т.

«Қазақ түбі» нұсқаларында кездескен биографиялық мәліметтерге қарағанда, XIX ғ.а.–XX ғ.б. заманындағы шежірешілердің ақпарат алмасу дәстүрі (түпнұсқадан көшіру, көшірмені өз қолжазбасымен салыстыру, шежіре сөздерін тарату, насихаттау, жариялау) болғандығы айқын көрінеді. Мәселен, XVIII ғ. 40–50ж. саяси тарихын мейлінше шынайы әңгімелейтін “Қалдан Шерін” әңгімесін “Мұса, Секербай заманындағы қариялардан” жазып алады [ 93 [ Көпеев Мұса Шорманұлының жинаған ескі шежіре сөздерін оның баласы Садуақастан сұрап алады. Ә.Х.Марғұлан хат–хабар алмасқан кезінде

Мәшһүр Жүсіптен батыр бабасы Олжабай хақында шежіре үлгілерін сұрайды. Ал Жүсіпбек Аймауытов одан қазақ хандары туралы жазылған еңбектері барлығын еске түсіріп, баспа бетінде жариялау үшін сұрап, өтініш білдіреді.

Мәшһүр Жүсіптің шежіре жазудағы өз дәстүрі кейінгі шежірешілерге өз ықпалын тигізді. Кеңес дәуірі тұсында шежіре зерттеуге тыйым салынғанын ескерсек, ғалымның шежіресін көшіріп, тараткан адамдар есімінің ұмыт қалғанына таңдануымызға болмайды. Сонымен бірге, осы кезеңде Мәшһүр мұрасымен тікелей танысып, халыкка тараткан көшірмеші шежірешілердің есімдерін ерекше атауымызға болады: Омар Иманбаев, Жолмұрат Жүсіпұлы, Мұхаммед Фазыл (кіші баласы), Иманғали Маненов... т.б. Бұған коса Кеңес заманында « Қазақ түбі « шежірелерін өз еңбектерінде қолданған Ә.Х.Марғұланның [ 94 ], Е.Б.Бекмахановтың [ 95 [ саяси қуғын көргені баршамызға белгілі.

Қазіргі таңда баспа бетінен басылып шыққан шежіре кітаптарының авторлары [ 96 [ да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Қазақ шежіресі" (Алматы, 1993) туындысының мазмұнына сай шежіре кестелерін көрсетуге ұмтылғаны көрінеді.

« Қазақ түбі « өзіне дейінгі мұсылмандық Шығыс пен Батыс (орыс) еңбектеріне сүйеніп жазылған, ауқымды мазмұнға ие болған, халық арасына кең таралған шежіре ретінде XIX ғ.а. XX ғ.б. орташа ұсақты басқа шежірелерден өзгешеленіп, олардың арасынан алдыңғы қатарға шығып, Қазақстан тарихнамасына өз үлесін қосып қалдырды.

## Әдебиеттері


1. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). – Алматы: Дәуір, 1994. – 447 б. (193–194). ; Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы (ҚҚҒС). –Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б.121–122.
2. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 7 топтама. – 1,2 тізімдер.
3. Қазақ фольклористикасының тарихы (Революцияға дейінгі кезең). – Алматы: Ғылым, 1988. – 432 б. [357].
4. ҚСЭ. – Алматы: ҚСЭ бас редакциясы, 1983. – Т.2. – 640 б. [13–14 ].
5. ОҒККҚ, М.Ж.Көпеев қолжазбасы, N1177 папка. – Б.221(264;134).
6. Веляминов–Зернов В.В. Исследование о Касимовых царях и царевичах. – Ч.1.–3. – Спб:1863–1866. Қараңыз: Веляминов–Зернов В.В. Ораз Мұхаммед. // Жалын. – 1989. – №6. – Б.85–92 .
7. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. – Алматы: ҚСЭ Бас редакциясы. 1984. – Т.1. – 432 б. [239–242[ .
8. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв. ; история, политика, дипломатия. – С.83. ; Кляшторный С.Г. , Султанов

Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячилетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 382 с . [275–276].
9. Кенесары–Наурызбай хақындағы әңгімелер. [ Баспаға әзірлеген О.Исмайлов. // Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б.198 .
10. ОҒКҚҚ, Көпеев қолжазбасы, №1176 папка. – Б.107(101). ; Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі. [ Баспаға дайындаған Мырзахметов М., Казбеков М. – Алматы: Қазақстан–Санат, 1991. – 80 б. [21–22].
11. Көпеев М.Ж. Тандамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов.–Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. –Б.91–96. ; ОҒКҚҚ, № 1170 "а" папка. – Б.111(60)–144 (84). ; Сонда, №1176 папка. – Б.123(117).
12. ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.236(279). ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. – Б.91–96. ; Ел қазынасы–ескі сөз. [ В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. [ Баспаға әзірлеген, құрастырғандар: Уахатов Б., Қасқабасов С.А., Матыжанов Қ.С. – Алматы: Ғылым, 1994. – 616 б. [275–279]. ; Моңғолдың құпия шежіресі. [ Аударған М.Сұлтанияұлы. – Алматы: Жалын, 1998. – 224 б. [26–30]. ; Лувсанданзан. Алтын шежіре. [ Аударған А.Мауқараұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 224 б. [ 15–18].
13. Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс – Баянауыл өңірі. – Б.91.
14. ҚПЖӘМ , Фазыл көшірмесі, 3 топтама ,17 дәптер. – Б.96.
15. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 33 тізім. – Б.1. ; Жүсіпов Н.Қ. М.Ж.Көпейұлынын фольклоршылык еңбегі. ф.ғ.к…Авторефераты. – Астана, 1998. – Б.16. ; Жүсіпов Н. Мәшһүр–Жүсіп–қазақ ауыз әдебиетін жинаушы. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. – №1–2. – Б.86.
16. ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.375(186) .
17. Кенесары–Наурызбай хақындағы тарихи әңгімелер. // Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б.199. ; Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. – №10–12. – Б.202. ; ОҒКҚҚ, №1130 папка , № 1645 папка.
18. Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – №2. –Б.77–79. ; ОҒКҚҚ, №1170 "б" папка. – Б.694(91)–702(99). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 28 тізім.– Б.10–21.
19. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім.– Б.6.
20. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т.1. – 347 б . [283–284].
21. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – 216 б. [69–73]. ; ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – 220 б. [ 22,30, 75,120,123, 186,189
22. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б.16–18,27–28,139–140. ; ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – Б.71–72.

23. Бұдан әрі қарай зерттеуімізде белгілі бір тарихи кезең, не оқиға туралы мейлінше толық мағлұмат берілген қолжазбаларды ғана атап көрсетіп, аз қолжабаларды, көшірмелерді сілтеме ішінде атап өтеміз. Қараңыз: ҚҚҒС. –Алматы: Ғылым, 1985. – Т.4. – 360 б. [162]. ; ҚҚҒС. –Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – Б.60. ; ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1989. –Т.6. – 296 б. [213–214].
24. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – Б.74.
25. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т.1. – Б.93. ; ҚҚҒС. –Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – Б.58–68.
26. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1985. – Т.4. – Б.125.
27. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б.137–138.
28. Сонда. Т.3. –Б.17–22.
29. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т.1. – Б.284–286.
30. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1986. – Т.5. – Б.63–68.
31. Сонда. Б.69.
32. ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б. 121 .
33. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.1–17. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 3 топтама, 22 "ә" тізім. ; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. [ Даярлаған С.Дәуітов. –Алматы: Жалын, 1993. – 76 б. [12–13].
34. Көпеев М.Ж. Дуаның пайдасы туралы. [ Баспаға әзірлеген Н.Жүсіпов. // Зерде. – 1995. – N1. – Б.28.
35. Көпеев М.Ж. Наурыз. [ Баспаға әзірлеген С.Дәуітов. // Парасат. – 1990. – №3. – Б.12–13. ; ОҒККҚ, №1172 папка материалы бойынша.
36. Артықпаев Ж.О. Қазақстан тарихы (оқулық хрестоматия). – Астана: Фолиант, 2000. – 260 б. [14–15]. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.17.
37. ОҒККҚ, № 1178 папка. – Б.250–256. ; Сонда. №1661 папка, №2 дәптер. – Б.1–9. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 14 тізім. – Б.1. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 26 тізім. – Б.1. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 3 том, 22 "ә" тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 51 "ә" тізім. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 3 топтама, 17 тізім. – Б.102–104.
38. ОҒККҚ, №1176 папка. – Б.124(114;64). ; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. [ Даярлаған С.Дәуітов. – Алматы: Жалын, 1993. – Б.9–13.
39. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 55 "а" тізім.
40. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Б.352–355.
41. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 28 тізім. – Б.10–21,25. ; Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. [ Баспаға әзірлеген Н.Жүсіпов. // Ак Орда. –1993. – N2. – Б.77–79. ;

ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 36 тізім. – Б.19–21. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 14 тізім. – Б.1.
42. ҚҚҒС, Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – Б.122–123.
43. ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.40(67)–41,49(80). ; ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. – Б.1–2.
44. Әбілғазы. Түрік шежіресі. [ Баспаға әзірлеген Б.Әбілқасымов. – Б.51–52,118–119. ; ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.406–408 .
45. Радлов В.В. Ел қазынасы ескі сөз. – Б.275–279. ; ОҒККҚ, N1170 “а”папка. – Б.236(279)–244(287).
46. Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих). – Б. 103–104,233–235. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.17–18. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.6. ; ОҒКҚҚ , №1176 папка. – Б.344.
47. Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз–қазақ һәм хандар шежіресі. – Б.21–24. ; ОҒКҚҚ, № 1176 папка. – Б.107(101).
48. ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.1–2. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 55 “а” тізім. ; Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. [Даярлаған Н.Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – N2. – Б.77–79 .
49. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 3 топтама, 32 дәптер, 2 тізім. – Б.8–13. ; Көпеев М.Ж. Қазақ билері. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. –№8. – Б.187.–188. ; Көпеев М.Ж. Ер Едіге. [ Даярлаған С.Дәуітов. // Қазақ батырлары. – 1991. – 29 қараша. – № 3. – Б. 11.
50. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, 19 тізім. –Б.17–19 .
51. Көпеев М.Ж. Қазақ хандары. [ Даярлаған Е.Жүсіпов. // Қазақстан мектебі. – 1999. – №10. – Б.69–71. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.1–9. ; ҚҚҒС. –Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. –Б.120. ; Артықпаев Ж.О. Қазақстан тарихы. – Б.127–128.
52. ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.245(288). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – Б.18.
53. ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.344. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. – Б.6.
54. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – N4. – Б.112–113. ; ОҒКҚҚ, №1177папка. – Б.38(68). ; Сонда. №1176 папка. – Б.387(457;193).
55. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 1–топтама, 40 тізім. –Б.1. ; ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.175(169).
56. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. –Б.19–20. ; ОҒККҚ, №1645 папка. – Б.108–112. ; ҚПЖӘМ, N1661 папка, №1

дәптер. – Б.26–28. ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.2. –Б.146–148.
57. ОҒКҚҚ, №215 папка, №2 дәптер. – Б.1–8. ; Сонда. №1176 папка. – Б.119(108;58)–121(115). ; Сонда. №1645 папка. –Б.76(250)–83(257). ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.2. – Б.60–63.
58. ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.424(331;164)–429(338), 447(378;188)–449(380;189). ; Сонда. №1645 папка. – Б.165–208.
59. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 33 тізім. – Б.1.
60. ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. –Б.1–2.
61. ҚПЖӘМ, М.Ж.Көпеев қолжазбасы, 2 том. – Б.356–357.
62. ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.1–3,92(146)–93(148). ; Сонда. №1645 папка. – Б.85–87. ; Сонда. N215 папка, № 1 дәптер ; Көпеев М.Ж. Қазак хандары. [ Даярлаған Е.Жүсіпов. // Қазақстан мектебі. – 1999. – №10. – Б.69–71.
63. ҚПЖӘМ, Фазыл қолжазбасы, 5 том, 6 тізім. – Б.22. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 31 тізім. –Б.7.
64. ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.408. ; Сонда. № 1178 папка. –Б.42–43. ; Сонда. №1645 папка. – Б.85 .
65. Жүсіпова Л.Қ. М.Ж.Көпейұлы қолжазбасындағы төрелер шежіресі және Абылай хан. // Мәшһүр–Жүсіп оқулары. (Республикалық ғылыми конфенция материалдары). 1–жинақ. – Павлодар: ЭКО, 2001. – 130 б. (59–65). ; ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.42(70;88)–43(71;89) .
66. ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.191(201). ; ҚПЖӘМ Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 65 "а" тізімі.
67. ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б.408. ; Сонда. №1176 папка. – Б.87(93). ; Сонда. №1178 папка. – Б.40–41(68),49(68). ; Сонда. №829 папка, №1 дәптер. – Б.1. ; КПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 21 тізім. – Б.2. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі , 4 топтама, 16 "ә" тізім. ; Көпеев М.Ж. 2–4 үлгі. [ Баспа бетіне әзірлеген Жүсіпова Л. // Қазак тарихы. – 2000. –N3. – Б.19–20.
68. КПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б.81–82. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, 8 дәптер, 3 тізім ; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. –Б.14(8), 16(10), 17(11). ; Сонда. №1178 папка. – Б.42(70;80). ; ОҒКҚҚ, N1173 папка. – Б.408. ; Сонда. N1178 папка. – Б.171[304]. ; Жүсіпова Л.Қ. М.Ж.Көпейұлы қолжазбаларындағы төрелер шежіресі. // Мәшһүр Жүсіп оқулары. – Б.59–62. ; Көпеев М.Ж. Текст N 1–4. [ Баспаға әзірлеген Л.Жүсіпова. // Мәшһүр Жүсіп окулары. – Б.62–65. ; Көпеев М.Ж. Абылайдың хан

атануы. [ Баспаға әзірлеген Л.Жүсіпова. // Қазақ тарихы. – 2000. – N3. – Б.19–20.

69. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 47 "ә" тізім. ; Сонда. Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б.76[83]. ; Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. –Б.52. ; Көпеев М.Ж . 3 үлгі. // Қазақ тарихы. – 2001. – №1. –Б.22–23.

70. ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 3 том, 28 тізім. –Б.1–2. ; ОҒКҚҚ, №1178 папка. – Б.171(304). ; ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, 6 дәптер. – Б.22. ; Жүсіпова Л.Қ. М.Ж.Көпейұлы қолжазбаларындағы төрелер шежіресі және Абылай хан әулеті. // Мәшһүр–Жүсіп оқулары. 1–жинақ. –Б.59–62. ; Абылайдын хан атануы. [ Баспаға әзірлеген Л.Жүсіпова. // Қазақ тарихы. – 2000. – N3. – Б.19–20.

71. ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. – Б.1–17. ; Көпеев М.Ж. Қазак шежіресі. [ Даярлаған С.Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1993. ; Абылай хан (жинақ). [ Құраст. Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1993. – Т.1. ; ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. –Б.16–18,22,27,28,139–140. ; ҚҚҒС. – Алматы: Ғылым, 1985. – Т.4. – Б.125–126,133–134,162.

72. Көпеев М.Ж. "Қалдан Шерін әңгімесі" хакында. [ Баспаға әзірлеген Жүсіпова Л.Қ. // Қазақ тарихы. – 1998. – №3. – Б.63–67.

73. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама,54 "в" тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 56 "е" тізім. ; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. – Б.5–6.

74. ОҒКҚҚ, №1176 папка. – Б.134(126;69)–139(131). ; Сонда. №1177 папка. – Б.163(116)–170(123;85). ; Сонда. №1178 папка. –Б.127(119–130)(219). ; Сонда. №1170 "а" папка. – Б.125(68)–127(70). ; Сонда. №657 папка, №8 дәптер. – Б.27–38. ; Сонда. №149 папка. – Б.291–297. ; Сонда. №1327папка, №4 дәптер. –Б.109–115. ; Абылай хан (жинақ). [ Құрастырған С.Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1993. – Т.1. – 1993. – Т.1. – Б.318,322.

75. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 16 "ә" тізімі. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 28 тізім. – Б.1.–3. ; Көпеев М.Ж. Қазақ билері. Торайғыр мен Шоң. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1992. – N8. – Б.188–189.

76. ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, №18 тізім. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 7 тізім. – Б.1–4. ; Кенесары–Наурызбай хақындағы әңгімелер. // Жұлдыз. – 1992. – №4. – Б.193. ; Көпеев М.Ж. Тарихи әңгімелер. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1994. – №10.–12. – Б.201–202. ; Артықпаев Ж.О. Қазақстан тарихы. – Б.188–192.

77. ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.15. ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1992. – Т.2. – Б.106.

78. ОҒКҚҚ, №378 папка. – Б.1–9. ; ҚҚҒС. – Т.3. – Б.137–138.
79. ОҒКҚҚ, №1170 "а" папка. – Б.129(69)–137(73). ; Сонда. №1178 папка. – Б.20(34),28(50),42(70;88),88(116). ; Сонда. №1645 папка. – Б.152. ; ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 том. – Б.105–107.
80. ОҒКҚҚ, №149 папка. – Б.188–189. ; Сонда. №1125 папка. – Б.102–107. ; Сонда. №1330 папка. – Б.232–240. ; ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, №7дәптер. – Б.1–4. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 том, №4 дәптер, №8 тізім. – Б.28–29. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 1 топтама, №8 дәптер, №3 тізім. – Б.2–3. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 20 тізім. – Б.2. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 17 тізім. – Б.1. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 17 "а" тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 17 "д" тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 18 тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 64 "ә" тізім. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 65 "ә" тізім. – Б.2–3. ; Сонда. Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 66 тізім. – Б.1–2.
81. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – N4. – Б.121–122. ; Соныкі. Тарихи әңгімелер. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Жұлдыз. – 1994. – №10–12. – Б.201–202. ; Кенесары–Наурызбай хақындағы тарихи әңгімелер. [ Материалды әзірлеген О.Исмайлов.// Жұлдыз. – 1992. – №4. –Б.196–199. ; Соныкі. Кенесары туралы жазбалар. [ Даярлаған Е.Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 2000. – №2. – Б.41–44.
82. ОҒКҚҚ, №149 папка. – Б.189.
83. Сонда. №1170 "б" папка. – Б.862–874,884–885. ; Сонда. №1177 папка. – Б.94(141)–99(146;72). ; Көпеев М.Ж. Бұхар,Қоқан хандары туралы. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 1997. – №1. – Б.78–80.
84. Сонда. №1170 "б" папка. – Б.870–878. ; Сонда. №1177 папка. – Б.135(182)–140(187).
85. Сонда. №1177 папка. – Б.126(173)–134(181).
86. Сонда. №1170 "б" папка. – Б.878–882. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 22 "а" тізім. ; Көпеев М.Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. // "Айқап" журналы. –1912. – N7. – Б.146–154. ; N8. – Б.170–175. Қараңыз: "Айқап" энциклопедия. [ Құрастырғандар: Ү.Сүбханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: ҚЭ бас редакциясы, 1995. – 367 б. [107].
87. ОҒКҚҚ , №1176 папка. – Б.375(186;445)–377(188;446).
88. Сонда. №1645 папка. – Б.152.
89. ҚПЖӘМ , Жолмұрат көшірмесі , 4 топтама, 16"а" тізімі.

90. ОҒКҚҚ, №1173 папка, №8 тізім. – Б.394. ; Сонда. №1174 папка, №7 тізім. – Б.125–128. ; ҚҚҒС. – Т.3. – Б.59,69.
91. "Дала уалаяты газеті". 1 кітап. [ Құрастырған V.Сүбханбердина. – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б. (138–144, 161–165,170–173,177,178,195–200,468–469,476–480,500–503,629–633,641–644). ; "Дала уалаяты газеті". [ Құрастырған V.Сүбханбердина. – Б.110–122,169–172,194–197,784,787,788. ; "Дала уалаяты газеті". [ Құрастырған V.Сүбханбердина. –Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б. (92–106). ; "Айқап" энциклопедия. [ Құрастырғандар: V.Сүбханбердина, С.Дәуітов. – Б.106,109,298,304,305.
92. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. – Қазан: Құсайыновтар баспасы, 1907 ж. ; Соныкі. Сарыарқаның кімдікі екендігі. [ Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – N4. – Б.114–121. ; Соныкі. Таңдамалы. [ Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т.1. – Б.55–71,257–259.
93. Жүсіпова Л.Қ. "Қалдан Шерін әңгімесі" хақында. // Қазақ тарихы. – 1998. – N3. – Б.67.
94. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – Б.353.
95. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Б.52–53.
96. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы. – Алматы: Жалын, 1992. – 304 б. (235–238). ; Маданов Х. Кіші жүздің шежіресі. –Алматы: Атамұра–Қазақстан, 1993. – 168 б. (104–127). ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс–Баянауыл өңірі. – Б.90–91. ; Қаныш елі (фото–кітап). [ Құрастырушылар О.В.Таланова,М.Сәрсеке. –Алматы: Жібек жолы, 1999. – 336 б.

## 3 тарау. "Қазақ түбі" үлгілеріндегі Отан тарихы

М.Ж.Көпейұлы жазбаларындағы ел тарихының хронологиялық шегі (Адамзат жаратылысынан Ресейдің отарлау саясатына дейін) аса ауқымды болғандықтан тарихи оқиғалар тізбегін материалдың топтастырылуына, көлеміне, мазмұнына,қолжазбада орналасуына сай 11 кезеңге жіктеп қарастыруымызға тура келеді. Бұл кезеңдер:1) Адам Ата–Ел хан (б.з.VIII ғ. дейін); 2) Ел хан–Қондыкер жұрты (VIII–XI ғ.); 3) 92 баулы Қыпшақ (XI–XII ғ.); 4) Шыңғыс хан–Жәнібек Барақұлы (XIII–XVғ.); 5) Жәнібек–Салқам Жәңгір (XV–XVII ғ.); 6) Әз Тәуке–Абылай сұлтан (1680–1734 ж.); 7)Абылай хан (1734–1781 ж.); 8)Уәли–Саржан (1781–1836 ж.); 9)Кенесары (1837–1847 ж.); 10) Қоқан (XVIIIғ.–XIXғ. 60–ж.); 11) Патшалы Ресейдің отарлау саясаты (XIX ғ. II жартысы–1907 ж.).

**6.1.Бірінші кезең (б.з.VIII ғ. дейін)** бойынша , « Қазақ түбі « Әбілғазы шежіресіне сай Адамзат тарихын Адам Ата мен Хауа Ана жаратылысынан бастайды. Бұл генеологиялық тізбек Топан су оқиғасына байланысты екіге бөлінеді:

1) 1000 жыл өмір сүрген Адам Ата–912 жыл жасаған Шит–912 жыл жасаған Анош(Ануш)–840 жыл жасаған Қайнар(Қинан)–920 жыл жасаған Майхауил(Маһлаил)–960 жыл жасаған Жарты–900 жыл жасаған Ыдырыс (Идрыс)–Мұтұшалық (Нұх пайғамбар).

2) Нұх–Жаббас (Яфас)–Түрік–Түтік–Еділше–Деббақой–Киік–Алыншы–Мұғол–Қара–Уыз(Оғыз)–Күн, Ай, Жұлдыз(Бұзық, Бозок), Көк, Тау, Теңіз(Үш оқ)–Ел хан Теңізұлы [ 1].

« Қазақ түбі « еңбегінде Мәшһүр Жүсіп Нұх пайғамбарға (Топан су окиғасына) ерекше тоқталып, Нұх заманы туралы сақталынған діни сипаттағы аңыз–әңгімелер беріледі [ 2]. "Наурыз" атты еңбегінде [ 3[ М.Ж.Көпеев Баянауыл мен Көкшетау (Найзатас) тауларындағы тастардың жұмыр (малта тас) бітімін назар аударып, Қазақстан жерінде топан су оқиғасы болғанын тарихи шындық деп таниды.

Мәшһүрдегі Әбілғазы шежіресінің варианттары Б.Әбілқасымов аудармасымен шыққан (Алматы, 1992, Ана тілі) нұсқасынан анағұрлым толымдырақ болып келеді. Мұнда шежіреші ғалым Әбілғазы шежіресіндегі оқиғаларға, кісі аттарына қосымша мәлімет, өз пікірін қатар келтіріп отырады. Мәселен, екеуінде де Адам Атадан Яфеске (Жаббас) дейінгі аталары пайғамбар делінсе, Б.Әбілқасымов үлгісінде Түрікті патша болған дейді. Ал « Қазақ түбі « жазбасында: **"Жаббастың ұрпағы ең жасы үлкені Түрікті хан көтеріп, соның аузына қараған. Мұның нәсілінен болған ханларға хақан аталды. Түріктер заманында көшіп–қонып жүретұғын жұрт болды"**,– делінеді [ 4 ]. Б.Әбілқасымов кітабында Оғыз ханның алтын үй жасатқаны ғана мәлімделсе, Мәшһүр Жүсіп оны қазақтың киіз үйі деп көрсетіп, Уыз (Оғыз) хан заманынан төрт өрнек–үлгіні сипаттап, Уыз заманын қазақ халқы тарихымен, салт–дәстүрімен байланыстырып қарайды: "**Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз–Уыз хан балаларына өз пайым–парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды–жарамдысын ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге шейін біздің қазақ айдың басында туған баланың атын Айбас қояды. Таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Күн шыға туса, Күншығар қояды. Түн ортасында туса, Түнқатар қояды. Көл басында туса Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзекте туса Күзекбай, Күзеубай. Есілде туса**

**Есілбай. Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі өнеге–осы.**

**Екінші өрнек үлгісі–киіз үй. Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: "Осы уыз үйлі пәленнен таба алмағаның ба?"–дейді.**

**Үшінші өрнек үлгісі–топырлатып жылқы сою, қой сою, қара сабаға қымыз толтыру.**

**Төртінші үлгісі–тоғыз–тоғыздан сый, сыйлық, сияпат. Өлген өлігіне мал шығарса да тоғыздан. Байлар өлсе жаназаға барып келушілерден: "Неше тоғыз шығарыпты?"–деседі.**

**Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз–Мұғол, Манғұлыскейге қосыламыз. Үшінші буын атамыз–Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай–ақ қоялық. Үш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!"** [ 5[

Үзінді соңында берілген Мәшһүр Жүсіп пікіріне ерекше тоқталуға болады. Хамза Әділгереев өз мақаласында оғыз мемлекеті үш ордаға бөлінгенін сипаттайды [ 6]. Ал Ә.Х.Марғұлан еңбегінде "Тамғалы тасты" зерттеген ғалым И.Шренк пікірі беріледі [ 7]. Шренк оғыз ұлысының екі ұлы тайпадан, "Боз оқ" пен "Үш оқ" тайпаларынан құралатындығын айтады. Айтылған деректер мен пікірлер « Қазақ түбі « Уыз ханды оғыз билеушісі (VIII–X ғ.) ретінде көрсетеді және Мәшһүр Жүсіптің үш жүз құралуы жөнінде айтылған ойын бекіте түседі.

**6.2 Екінші кезең (VIII–XI ғ.)** бойынша, « Қазақ түбі « Аныс, Аққөсе сахабалар (VIII–IXғ.) дәуірі мен Қондыкер жұрты (IX–XI ғғ. оғыздар) тарихын баяндайды. Түркі халықтары тарихында ислам дінінің таралуы VIII–IX ғ. араб шапқыншылығымен тікелей байланыстырылады. « Қазақ түбі « № 1176 [ 8], « Қазақ түбі « № 1177 [ 9[ нұсқаларында Мәшһүр Жүсіп Аныс (Әнес, Ан хазірет), Аққөсе, Мәлік, Имамбайыр т.б. сахабалардың түркілерден (арабтардан емес, 92 баулы Қыпшақтан–Л.Ж.) шыққан адамдар екенін, Мұхаммед (Мұхамбет) пайғамбар заманында кәпірлермен соғыс жүргізгендерін айтады [ 10]. Оған қоса « Қазақ түбі « № 1176 үлгісінде ғалым қазақтың арғы тегін осы Аныс сахабадан бастап тарататынын шежіренің 1874 жылы Құнанбай би қажылық сапарында табылғанын баяндай отырып [ 11], бұл үлгіні таза генеологиялық тұрғыдан емес (қазақ арабтан, сахабадан шықты), жылнамалық (хронологиялық уақыт бойынша) жүйеде қабылдау қажет деп есептейді [ 12 ].

З.Жандарбек мақаласы да Мәшһүр пікірін қуаттай түсіп, қазақ шежіресінде кездесетін Қарақожа, Аққожа, немесе Жаншора (шора құдайдың құлы мағынасында, Құл Қожа Ахмед Ясауи.–Л.Ж.)

Ақшора кісі есімдерін, “шора”, “қожа”, “сопы” сөздері тарихын XIII–XIV ғ. Алтын Орданың исламдануымен байланыстырады [ 13]. Сондай–ақ бұл заман оқиғаларын Мәшһүр Жүсіптің Сайрам қаласының мешітіндегі екі тас бағанды орнатқан Ысқақ бап, Ибраһим ата, Қожа Ахмет Иассауи туралы діни аңыз–әңгіме деректері толықтыра түседі [ 14].

« Қазақ түбі « енді бір үлгілерінде [ 15[ Ел ханның жұрты Қондыкер халқының тарихы әңгімеленеді: “**Ел ханның балалары–Қондыкер жұрты. Ол қайда десеңіз, Асламбол** (Стамбул–Ж.Л.) **халифаты қол астында**” [ 16]. Баспа бетінде “Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер” деген атпен шыққан еңбегінде [ 17]. Мәшһүр Жүсіп халифа Ғұлаалдин тұсында Қондыкер жұртын бастаған ер Тоғырыл қолбасы “**Жауын жаулап жұрт алып беріп**”, “**... ақырында Осман қазы халифа**” болғанын мәлімдеп, шежіре үлгісін (Қондыкер үлгісін) ұсынады: “**... Сонан осы күнге шейін халифалық Осман қазы әулетінде қалды: Османия деп айтылатұғын себебі–сол. Бұл кісінің асыл нәсілі түркі жұртынан екендігіне Османия түркісі деген сөз айғақ.**

**Біздің қазақ халқының қариялары: “Біз үш ханның баласымыз,–десіп сөйлейді,–Сейіл хан, Жайыл хан, Ел хан. Сейіл ханнан–сегіз арыс түрікпен. Жайыл ханнан–Майқы, Майқыдан туған өзбек Елден–Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені–Мың, ортаншысы–Жүз, кішісінің аты–Қырық,–дейді. Сыбаннан Қазақ пен Созақ. Созақ баласы–Қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Үш жүздің баласы: “Қазақтың атасы осы үшеуі екен”,–деп айтысады. Ел ханның балалары–Қондыкер жұрты. Ол қайда десен, халифа қол астында “Қондыкердің ауыр қолы” деп айтылатұғын бұрынғының сөзінде бар емес пе дейді. Түрікмен (Түрікпен) дегеннің мәнісі Қондыкер жұрты ауып кеткенде, бұлар мұнда қалғаны үшін, маңайындағы сарт–сауан: “Түркі мұнда!”–деп, “Түркілерден қалғадар”,–ден, сонан түрікмен атанып кеткен деседі**”.

Осы бір « Қазақ түбі « мәліметіне сүйенген Ә.Х.Марғұлан Қондыкер шежіресінің шығуына (IX–XI ғғ.) негіз болған оғыз тайпаларының IX–XI ғғ. Түркия жерінде (XV ғ.а.) орнығып, Осман түріктері атанғанын айғақтайды [ 18].

**6.3 Үшінші кезеңде (XI–XII ғ.**) « Қазақ түбі « 92 баулы Қыпшақ тарихы туралы әртүрлі мәлімет көзін ұсынады [ 19]. Сарыарқа жерінің тарихын сөз қылған кітабында Дәшті Қыпшақ заманы баян болады: “**Әркім білімі жеткен жерден сөйлеу керек. Күн батысы–Сырдария, күн шығысы–ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі–Жетісу,**

**Семиреченский өзені, солтүстігі, Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дәшті Қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан 92 ру ел тарайды. “Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?”– деп мақал болған себебі сол.**

**Осы біздің үй салып, отын–жай қылып отырған жерімізден бізден бұрын неше жұрт келіп, неше жұрт кеткен. Өзімізге тақау, алдымызда иеленген жұрттарда “кәрі құлақты”, өзінен құлағы бұрын туған жандардан естуімізше, “Мық” деген бір жұрт өтіпті. Ол моғол нәсілінен болса керек... Олардан қалған белгі бар, әр жерде қалған үлгі бар... Жаназасы: қалмақ тасқа табынады. Ер басына бір–бір тасы болады. Сол тастарымен барып, көп тасты үстіне үйіп кетеді екен. Сарыарқадағы оба дейтұғын–үйілген көп тас, қалмақтың өлгеніне шығарған жаназасы екен... Абад бір қадірлісіне адам сорты сықылдырып сын тас қояды екен. Қай жерде болса да, күйген кірпішпен жасалып жермен жер болып кеткен қызыл кірпіштер–ноғайлардың моласы да, тастан үйілген обалар–қалмақтардың моласы”** [ 20].

Бұл жерде назар аударарлық мәселе, Әлкей Хақанұлы Марғұлан мық тастарды ислам діні таралмай тұрған кезде түркілердің моласы деп таниды [ 21]. Бичурин Н.Я.(Иакинф) мен Қытай “Тан–Жу” шежіресі бойынша, түркілер өлген марқұмының тасқа қашалған тұлғасын қояды, өлтірген адам санына байланысты ескерткіштің алдына сонша тас үйеді [ 22]. Уақыт жағынан бұл тас мүсіндерді түркі қағанатына (VI–VII ғ.) да, Қыпшақ дәуіріне де (VIII–XIII ғ.) жатқызуға болады [ 23]. Сонымен қатар академик Марғұлан Ә.Х. осы зерттеуінде [ 24[ Көпеев М.Ж. т.б. шежірешілердің осындай жаңсақ пікір білдіруінің себебін, тарихи негізін ашып көрсетеді: “XVIғ. басында Бұхара ишандары: “Қазақтар тастан, киізден кісінің тұлғасын жасайды, соған табынады. Олар мұсылман емес”,–деп фәтуа шығарады. Оған қарсы қазақ білгіштері (Қасым хан, Ақ–Назар): “Ол тасты жасайтын біз емес, қалмақ деп айтыңдар”,–деген соң, барлық обалар, мүсін тастар “қалмақтікі” аталып кетті”. Яғни, белгілі бір тарихи оқиғалар барысына (XVғғ. Сырдария қалалары үшін Бұхар мен Қазақ хандығы тартысы) байланысты жер атаулары тарихы да әдейі бұрмаланып, кейінгі Мәшһүр–Жүсіп сынды шежірешілердің “қателесуіне” (тас обаларды қалмақтікі деуіне) әкеп соққан. Ал белгілі тарихшы ғалым Ж.О.Артықбаев Мық дәуірін Қола ғасыры, Андронов мәдениетімен байланыстырады [ 25].

Енді бір « Қазақ түбі « нұсқасында Мәшһүр–Жүсіп Қыпшақ тарихын Әбілғазы шежіресімен салыстырып баяндайды: **“Уыз ханның бір нөкері қарақытайдын ханы Итбарак хан соғысында**

**өліп, буаз қалған қатыны іші қуыс шірік ағаштың ішінде босанып, ұл тауып Уыз (Оғыз–Л.Ж.) хан ол баланың атын Қыпшақ қойып, өскен соң өзін батыр басы қылып, көп қосынмен Орыс, Аулак, Башқырд жағына жіберіп. Бұл көп жұртты бағындырып, 300 жыл патшалық дәурен сүріп, сонан Еділ, Жайық, Ертіс, Сырдария аралығындағы дала "Дәшті Қыпшақ" атанды. "Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?"–делінген сөз осы қыпшақ заманында айтылған сөз екен"**[ 26[

**6.4 Төртінші кезең (XIII–XV ғ.)** бойынша « Қазақ түбі « Шыңғыс хан мен оның әулетінің шежіре тарихын таратады [ 27]. Ш.Құдайбердіұлы мен Қ.Халид т.б. шежіре тарату дәстүріне сай барлық шежіре нұсқаларында XIII ғғ. Қазақстан тарихын Шыңғыс хан заманы ретінде қарастырады. « Қазақ түбі « олардан өзгешелігі, мұнда мазмұны жағынан "Моңғолдың құпия шежіресіне" ұқсас В.В.Радловтың "Қазақ түбі" аңызын [ 28[ қосымша дерек ретінде пайдаланып, Шыңғыс әулеті шежіресі Жәнібекке дейінгі, Жәнібектен кейінгі кезеңдерге бөлініп беріледі. Оған дәлел, « Қазақ түбі « № 1176, « Қазақ түбі « № 1645 нұсқаларында XIII–XУ ғғ. Шыңғыс ұрпағы тарихы мүлде айтылмастан, бірден қазақ хандары шежіресі (XУ–XУII ғ.) сөз болады.

Әбілғазы "Түрік шежіресінен"[ 29[ қысқартылып алынған « Қазақ түбі « №1173 нұсқасында (406–408 беттері) Шыңғыстың Жұлдыз ханға дейінгі арғы ата–тегі мен Жәнібек Барақұлына дейінгі әулет тарихы қамтылған. Мұндай жалаң генеологиялық (Әбілғазы шежіресіндей) тізбектеп таратудан бас тартқан тұсында Мәшһүр–Жүсіп XIII–XУ ғ. тарихын халық жадында ауызша сақталған фольклор мәліметтермен толықтырып, жазба шежірелермен (Қ.Халид, Ш.Құдайбердиев), орыс ғалымдары зерттеулерімен байланыстырып, салыстырып қарайды.

Мәшһүрдің өзінің: "Осының бәрін шежіреден көріп жазған сөз емес, естуімен жазылған сөздер. Құлақпен естіген танық",–деп ескерту жасалынған « Қазақ түбі « бір варианты мынадай мәлімет келтіреді: **"Шыңғыс хан ұлы–Жошы хан. Бұл Жошы ханның балалары: Бату хан, лақабы "Сайын хан"; бір баласы Шайбаны хан, бір баласы Тоқай Темір; бір баласы Борке (Бүрік) хан. Бұлардың заманында Мауралінхәрдегі, Дәшті Қыпшақ үшке бөлініп: Ақ Орда, Көк Орда, Алтын Орда атанды.**

**Алтын Ордада Бөрке хан болды. Ақ Ордада Шайбан хан хан болды. Көк Ордада Тоқай Темірхан хан болды. Тоқай Темірден Өз Темір, мұның ұлы Хожақол, мұның ұлы Бадақол, мұның ұлы**

**Орыс хан, мұның ұлы Құйыршық хан, мұның ұлы Барақ хан, мұның ұлы әз Жәнібек хан, мұның ұлы Жәдік хан...**" [30].

Ал мазмұны Ш.Құдайбердіұлы шежіресімен [ 31[ үндесетін « Қазақ түбі « № 1177 үлгісі XIII–XIУ ғ. тарихы туралы нақтылы (даталық) мәлімет бергенімен, шежіре кестесінде ауытқулар (Орыс ханды Бату хан ұрпағы деп көрсетуі–Л.Ж.) жасайды: "**Садағын сағымға ілген Шыңғыстың шын ұлы, тұңғышы–Жошы хан, екінші–Шағатай, үшінші–Үкідай, төртінші–Толы хан.**

**Жошы ханның баласы–Бату хан, лақабы–Сайын хан. Осы атпен аталып кетті. Сарытаудан төмен, Аштарханнан жоғары, Еділге маңайлас жерде 651 жыл (1252–1253 ж.) шамасында бір шаһар салып, өзі бітіре алмай, немере–шөберелердің заманында толық шаһар болып, Сарайшық, Ұлы Орда, Алтын Орда деп, Жошы ұлысына кіндік болып, 234 жылдан соң (1486–1487ж.) жарап болды. Бұл күнде оның орнында немістің бір кішкене қаласы бар, Сәрнғн** (Царицын–Л.Ж.) **атайды.**

**Бұл Сайын хан ұрпағынан Орыс хан, Орыс ханнан Құйыршық хан, Құйыршық ханнан Барақ хан. Қазақ һазарлы болған осылар. Барақ ханнан Жәнібек хан. Қазақ жұртын билейтұғын Жиренше шешенмен бастас болған әз Жәнібек осы. Тоғыз баласы болған...**"[ 32].

Келтірілген екі мәтін Мәшһүр–Жүсіптің шежіре жазуда барлық Шыңғыс әулеті хандарының тарихын тарқатудан бас тартқанын, тек қазақ халқы тарихымен тікелей байланысты шежіре кестелерін (Жошы, Бату, Орыс, Барак, Жәнібек) ғана келтіргенін көрсетеді. Нақтылы ғылыми зерттеулер сараптаулар болмаған заманда қазақ шежірелерінің көбі Мәшһүр–Жүсіптегідей Алтын Орда билеушісі (1342–1357 ж.) әз Жәнібек Өзбекұлы мен қазақтың ханы "әз Жәнібек" Барақұлын (1473–1480 ж.) бір адам ретінде сипаттайды: "**Әз Жәнібек ноғайлының ханы болған, қазақ та бұған қараған. Онда ол қазақты өз еркімен, ата–бабасының ғұрып–ғәдетімен ұстаған. "Арғынды дадқа сайлап, Найманды оған орынбасар; Үйсінді дадқа сайлап, Жалайырды оған орынбасар; Алшынды дадқа сайлап, Жаппасты оған орынбасар қылыпты",–деген бір бос әңгіме бар. Шын–өтірігін құдайдан басқа кім біледі. Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болған**" [ 33].

Шәмшәтұлы И., Ж.О.Артықпаев зерттеулерінде қазақ аңыздарындағы екі Жәнібектің бір хан ретінде әңгімеленуі талқыланған [ 34]. Мәшһүр–Жүсіптің "Асан қайғы туралы" әңгімесінде Асан қайғы (шын аты–Хасенхан) әз Жәнібектің Жайық бойында салған ордасын ''кейін кәпір алады'' деп айыптайды [ 35].

Тарихымызда Әз Жәнібек Өзбекұлы салдырған Аштархан қаласын 1554 жылы орыс патшалығы жаулап алғаны мәлім [ 36].

Сондай–ақ Ақсақ Темір, Тоқтамыс, Едіге туралы айтылған тарихи аңыз мағлұматтары бұл кезең тарихын жан–жақты талдай қарастыруға жол ашады. Мәселен, « Қазақ түбі « № 1170 “б” қолжазбасында (693(353)–704 (362;101) беттер) Орта Азия билеушісі (1370–1405 ж.) Әмір Темір Тарағайұлы хақында сақталған діни фольклор [ 37 [ беріліп, соңында оның жарқын істеріне – ғимараттар салғызуына жоғары баға беріледі: **“Дүниеде қылған еш ісінде салдырғаны–мешіт, медресе. Шаһынша әулие хазірет сұлтан Алғарфин Қожа Ахмет Иассауиының үстіне күмбез салдырған. Ташкентте Зеңгі Ата деген әулиенің үстіне күмбез салдырған... Бұхарай Шарифтың осы күнгі қорғанын Әмір Темір салдырған”**.

Әмір Темір замандастары: Тоқтамыс хан мен Едіге арасындағы саяси күрес тарихы да « Қазақ түбі « № 1176 (111[105[–113[107[беттер), « Қазақ түбі « № 1177 (4–11 беттер), « Қазақ түбі « № 1173 (38(68) бет) жазбаларында аңыз–әңгіме мазмұны арқылы түсіндіріледі [ 38 ]. Оған қоса ХУІ ғғ. Орманбет би мен Мөңке би туралы айтылған Ноғайлы аңыздары да мол мәлімет ұсынады [ 39].

**6.5 Бесінші кезең** (XV–XVII ғ.) бойынша « Қазақ түбі « Жәнібектен Салқам Жәңгірге дейінгі қазақ билеушілері тарихын сипаттайды [ 40 ]. Мәшһүр–Жүсіптің жалпы қазак хандары туралы айтылған екі пікірі де қазақ хандығында саяси жағдайдың ылғи өзгеріп отырғандығын аңдатады.Мәшһүрдің бірінші пікірі оның қазақ хандарына арнап жасалынған тізімінің соңында берілген: **“Заманында–хан болып, халыққа аттары шыққан хандар орыстың оразасындай бірде бар, бірде жоқ. Аты шықпаған... болымсыздардың болғаны не, болмағаны не?! Оларды айтып не, айтпай не?! ”Аты шықпаған жігіттен, аты аталған төбе артық”,–деген бар емес пе?!’’** [ 41].Екінші пікірінде Жоңғар хандығындағыдай қазақ хандығында өзара байланысты, мұрагерлік билеу жүйесі жоқтығын сынайды [ 42[

« Қазак түбі « Қазақ хандығы тарихын Жәнібек Барақұлынан (1473–1480) бастайды. Керей хан есімі мүлде аталынбайды. Тіпті Жәнібектен кейін сайланған Бұрындық (Мұрындық) ханды Жәнібектің баласы деп көрсетіп, жаңсақтық жасайды [ 43 ]. Ал, кейбір нұсқаларында Жайық бойына ордасын салғызған Алтын Орда билеушісі әз Жәнібек Өзбекұлын (жоғарыда сөз болған–Л.Ж.) қазақтың ханы Жәнібек Барақұлы ретінде танытып, ханның өзін Сайын хан (Бату) ұрпағы, “ноғайлының ханы” деп таныстырады: “**Әз Жәнібек–Жиренше шешен заманындағы хан. Жаны бік**

**ноғайлының ханы болған. Жайық бойында ордасы болған. Мұның хан күнінде қазақта бұған қараған",–деседі''** [ 44].

**"Он сан ноғай Орманбет би халқы Сарыарқаларына отан тұткан заманларда Түркістан атырафында 32 баулы Өзбектің ұруынан бірар жымғытлар көшіп–коныл отан тұткан екен. "Қазақ зчянды" атанған. Ноғайлардың "корлыкты бойдақ" деген мәнісі" "еркінің тауым байсыз, қағусыз" деген мағынада екен. Үһәм солай уақытын қыр артады. Ноғайлының Ормамбет биінің елі бар екен. Сол ноғайлының елінің қыздарын ықтиярсыз тартып алып, қатын қылған екен. Ноғайлардың қазақты жамандай беретіні сол екен. Батырлары ноғайға көп қиянат жапа қылған екен. Ноғайлар үй қылып, енші беріп, қайтадан ноғайлының ханы Токтамыс ханды Едіге батыр өлтіріп, елін шапқан екен''** [ 45].

Бұған қарағанда казақ шежірешілерінің қазақ хандығы тарихын Алтын Орданың тарихи жалғасы ретінде қабылданғанын, Алтын Орда үстемдік заманын ноғайлы–қазақтың бір ел ретінде өмір сүрген кезі (ХІУ–ХУІ ғ.) деп түсінгенін байқаймыз[ 46].Оған коса, "Атасынын аты білінбей өз аты шыққан ерлер" атты жазбасында Мәшһүр–Жүсіп қазақ шежірешілерінің сөзін дәлел қылып, ноғайлы халқы мен қазак жұрты кезінде бір ел болған деп тұжырымдайды [ 47].

Енді бір нұсқаларында Әбілғазы шежіресіне [ 48[ сай Мәшһүр–Жүсіп Жәнібек ханның ата–тегін Тоқай Темірден бастап таратады: "**Шыңғыс хан, оның ұғлы Жошы хан, оның ұғлы Тоқай Темір, оның ұғлы Өзтемір, оның ұғлы Хожас (Хожақол), оның ұғлы Бадақол, ұлы сегіз, оның ұғлы Ұрыс хан, оның ұғлы Құыршық хан, оның ұғлы Жәнібек хан, оның ұғлы тоғыз"** [ 49].

Мұрындық (Бұрындық) хан Керейұлы заманы (1475–1510) туралы « Қазақ түбі « көп мәлімет берілмеген, тек оның билігі әлсіз болғаны, Самарқан маңына көшіп кеткені әңгімеленеді: "**Жәнібек хан өлгеннен соң Мұрындық хан болған... Бұлар басқарып дәнеме қыла алмаған Мұрындық ханды жер аударып, Самарқанға қаңғып барып өлген"**[ 50].

« Қазақ түбі « Қасым хан Жәнібекұлы заманына (1510–1521) ерекше тоқталады. Бір назар аударалық мәселе, Мәшһүр–Жүсіптің Қасым тұлғасына берген пікірлері Мұхаммед Хайдар Дулати, В.В.Вельяминов–Зернов пікірлерімен үндесіп кетеді. Баласы Мұхаммед Фазыл көшірмесінде сақталынған көшірме мағлұматы бойынша Мәшһүр–Жүсіптің М.М.Хайдар Дулати еңбегімен де таныс болғаны анықталынып отыр: "**Өзбектен Қазақ пен Қырғыз. Бұхардан арғы халықты Тауарик кітабы** (Қ.Халид еңбегі–Л.Ж.)

**айтады. Мір Мырза Хайдар хазірет басқандар. Өзіміз Бұхарда оқып көрдік. Көрдім. Парсыша жазылған екен. Ол кісі шаһарда өлсе керек. Ғабднлуәлі марқұм нақлият бин ғабрахан"** [ 51].

**"Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болған. Тоғыздың бірі–Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп Ұлытауға орнықтырды. Қазақты қатарға бір қосып кеткен осы Қасым хан қазақ ортасында "Қасым ханның қасқа жолы" деген сөз үлгі–өсиет болып қалған"** (1 үлгі) [ 52[

**"Бұл Сайын хан ұрпағының Орыс хан. Орыс ханнан Құйыршық хан. Құйыршық ханнан Барақ хан. Қазақ хазарлы болған осылар.**

**Барақ ханнан Жәнібек хан. Қазақ жұртын билейтұғын, Жиренше шешенмен бастас болған әз Жәнібек–осы. Тоғыз баласы болған. Ақназар–Қасым ханның баласы. Жәнібек балалары: 1) Ераншы 2) Махмұт 3) Қасым 4) Мұхаммет 5) Жанас (Жаныш) 6) Таныс (Таныш) 7) Өсеке 8) Жәдік 9)Мұрындық.**

**Жәнібектің өзінен соң Қасым хан болды. Бұл өзгесінен басым болды. Ата–бабаларынан бақты, даңқты болып, Жошы ханның өзінен соң Дәшті Қыпшақты меңгеріп билеген осы–Қасым хан болды. Қазақ жұртының аузында: "Қасым ханның қасқа жолы",–деп атанып қалды. Тоғыз жүз отызда Сарайшықта** [офат] **болды"** (2 үлгі) [ 53].

**"Қасым ханның қасқа жолы" деп ат қалдырған Қасым хан – Жиренше шешеннің замандасы әз Жәнібек ханның бел баласы. Шыңғыс ұлы Жошыдан соңғы жұртды ала жаулы қылмай билеп, қазақ хандарының пируай дөкейі атанған. Тоқыз киозы отзда өлді Сарайшықта"** (3 үлгі) [ 54].

Төртінші үлгіні құрайтын Т.Тоғаев көшірмесі мазмұны жағынан 2 үлгіні әрі қарай толықтыра түсуімен өзгешеленеді: **"Әз Жәнібектің 9 ұлы болыпты. Оның бірі – Қасым хан. Бұл тақты Сарайшықдан кошіріп, Ұлытауға орнаттырған. Қазақты қатарға қосып кеткен осы Қасым хан. Қазақтың ортасында "Қасым ханның қасқа жолы" делінген сөз үлгі, өсиет болып қалды..**

**Баласы Жәнібектің сардар Қасым,**
**Қазақтың біріктіріп, құрап басын.**
**Осы жер ата қоныс мекенің деп,**
**Найзамен сызып кеткен шекарасын.**

**Қасым хан өлген соң балалары баққа,таққа таласып..."**(4 үлгі)[55].

Анықтап қарастырсақ, бұл нұсқаларда Қасымға берілген Мәшһүр бағалауларының В.В.Вельяминов–Зернов (3 үлгі) [56],

М.М.Хайдар Дулати (2 үлгі) [ 57]; (2–3 үлгі) [ 58[ тұжырымдарымен астасып жаткандығын айқындауға болады. Сонымен қатар 1,4 нұскада Қасым хан (басқа қолжазба нұсқаларында Ақназар хан айталады– Л.Ж.) тақты (Орданы) Сарайшықтан Ұлытауға көшірді делінеді. Ал бұған карсы мәлімет ретінде 2,3 варианттарында Қасым хан 930 ж. Сарайшықта дүние салғанын мәлімделеді. Ханның Сарайшыкта жерленуі Қ.Жалайырдын "Шежірелер жинағымен" [ 59[ анықтала түскенмен, қазасының мерзімі (930=1524 ж.) М.М.Хайдар Дулати дерегімен (924=1518 ж.) сай келе қоймайды.

Тарихымыздан белгілі Қасым ханнан соң ел арасында билік үшін тартыс басталып, 1521–1560 ж. аралығында бірнеше хандар (кейбірінің есімдері де белгісіз–Л.Ж.) билігі алмасқан « Қазақ түбі « нұсқаларында да сол аз мерзімде хан атанған билеушілердің есімдері ғана аталынып өтіледі.

« Қазақ түбі « Жәдік Жәнібекұлы (ХУІ ғ.б.) билік мерзімі қыска болғаны білінеді: "**Әз Жәнібектің бір баласы Жәдік деп айтып ек қой. Жәдік балалары: Таһир, Шығай хан, Тоғым хан еді. Жәнібек хан өлгеннен соң Мұрындық хан болған. Жәдік те хан болған. Бұлар басқарып дәнеме қыла алмаған. Жәдік хан өз ажалынан өлген**" [ 60].

« Қазақ түбі « Vсік (Өсеке) Жәнібекұлы мен Әдік Жәнібекұлы туралы ешбір мәлімет кездесе коймайды, тек осы бір дүрбелең кезен туралы өз шолуын ұсынады: "**Қасым хан өлген соң балалары баққа, таққа таласып, ноғай, өзбек, қалмақ,–үшеуі үш жақтан жау болып, быт–шыт болыңқырап...**" [ 61].

Таһир ханның (1523–1533) есімі аталып, әкесі Жәдік деп (Әдік сұлтан баласы–Л.Ж.) жаңсақ көрсетіледі: "**Әз Жәнібектің бір баласы Жәдік деп айтып ек қой. Жәдік балалары: Таһир (Қаһар), Шығай хан, Тоғым хан**" [ 62]. Бойдас ханның да (1533–1535) есімі айтылып, әкесі Жәдік хан деп (шындығында Әдік сұлтан баласы–Л.Ж.) таратылады: "**Тоғыздың бірі–Қасым хан, мұның баласы Ақназар. Тоғыздың бірі–Жәдік, мұның баласы Бойдас хан, мұның баласы Ондан хан, мұның баласы Ораз хан**" [ 63]. Бойдас хан әулетін тарату барысында Мәшһүр–Жүсіп Ораз–Мұхаммед ханның әкесі Ондан сұлтан жайлы мәліметтер келтіріп, оны Шығай баласы деп таныстады: "**Шығай хан Ташкенде тұрып тіреп шағында бір сарттың қызын алып, онан Ондан туып, "ұзын оқты Ондан бол, қайдан болсаң, сонда бол" атанған. Қазақ ішіне келіп, Есім хан ауылына ғибалық қылған**" [ 64].

Тоғым хан Жәдікұлы (1535–1537) есімі аталған: "**Жәдік балалары: Қаһар, Шығай хан, Тоғым хан** [ 65]. **Тохым, Есім.**

**Тәуке, Әбілмәмбет–бұлар бәрі хан... Бұлар таңбалы атқа мінсе қол таңбалы аяғының астында қалады деген сөз бар"** [ 66].

Басқа қазақ билеушілері ішінен Хақназар Қасымұлы заманы (1560–1581) туралы « Қазақ түбі « мейлінше көп мәлімет беріледі. М.Ж.Көпеев Хақназарды Қасымнан соң бытыраған елдің басын қосқан "даңқты хан" деп бағалайды:

**"Қасым хан өлген соң, балалары бакка, таққа таласып, ноғай, өзбек, қалмақ,–үшеуі үш жақтан жау болып, быт–шыт болыңқырап, Қасым ханның бел баласы Ақназарды хан көтеріп, бұл Ақназар қайратты кісі болып, "Батыр хан" атанып, өзбек ханы Шайбаныларды жеңіп, ноғай ханы Көшім ханды қорғалатып, орысқа тығылдырып, орыстың ол уақыттағы патшасы Қорқынышты Иван Ақназарға елші салып, сауда араластыру, керуен жүргізу үшін елдесіп, Ақназар қазақты Қасым хан уақытындағы қалпына бір түсірген"**. (1 үлгі) [ 67].

**"...Ол уақыттағы орыс князы Төртінші Иван Ақназарға елші салып, сауда араластырып, керуен қатынастыру үшін елдесіп, Ақназар қазақты Қасым уақытындағы қалпына бір келтірді. Сарайшықтан көшіріп, ата–бабалары отырған тақты Ұлытауға орнатты"** (2 үлгі)[68].

Қасымұлы Хақназар заманы хақында келтірілген хандар шежіресінің екі варианты мәліметтерінің шынайылығымен, тарихилығымен көзге түседі. « Қазақ түбі « мәлімдеулері тарихтағы Хақназардың берік хан, билігін қалпына келтіруін, бөлшектелген елдің басын қосуын, сыртқы саясатында табыстарға жеткізуін [ 69[ негіздей түседі. Парсы тарихшысы Хасан–бек Румлудың "Ахсан ат–тауарих" жылнамасы бойынша Хақназар сұлтан әскерімен 1548–1549 ж. Иранға жорық жасап, Амудариядан өтіп, Пул–и–Хатун мекені түбінде Ғират билеушісі Таһмасы шах әскерімен шайқасқа түсіп кері оралған [ 70].

Белгілі тарихшы А.Исин тұжырымдауы бойынша, 1551–1553 ж. Ақназар хан бүкіл елін біріктіріп, берік хан билігі орнығуына негіз болады [ 71]. 1554 ж. Тәуекел сұлтан бастаған қазақ жасағы қалмақтарға жорық жасайды, соңынан іле–шала өздері де қарымта шапқыншылыққа ұшырайды [ 72]. 1555–1558 ж. жүргізілген тынымсыз күрес нәтижесінде Ташкент қайтадан Қазақ хандығының қарамағына өтеді [ 73]. 1557 ж. Измайлмен күрескен Жүсіп мырза балалары қарауындағы ноғайларымен Ақназар хандығына келіп қосылады [ 74]. 1560 ж. қазақтармен болған ұрыста Абдул–Латиф басқарған моғол әскері жеңіліс табады [ 75].

1568 ж. Ақназар басқарған ноғай–қазақ қолы Дінахмед қарауындағы ноғай иелігін шабады [ 76]. А.Исаұлы мәлімдеуі бойынша, бұл жорықтың мақсаты Мәскеуден Хажы–Тарханды босатып алу болған. Бірақ “Қазақтар Хажы–Тарханға жуықтап шабуылдаған. Еділ–Жайықтан айырылған Ноғай Ордасы Төменгі Еділдегі шайқастарда орыс воеводаларының оқ–дәрі күшіне сенген мылтықшыларының көмегімен аман қалады”. Өзара келіспей бұл жорыққа қатыспаған Қазақ хандығының одақтастары: Қырым хандығы, Түркия шешуші сәттен айрылып, 1569 ж. Хажы–Тарханға (Астрахан–Л.Ж.) бағытталған түріктердің сәтсіз жорығына қазақтар да қатыспаған.

Губин мәлімдеуіне [ 77[ қарағанда, 1570ж. ойраттардың бір бөлігі Хақназар билігіне қараған. Б.Доможиров дерегі [ 78[ бойынша, 1577 ж. Хақназар әскері Ноғай Ордасымен соғыс жүргізеді. Татар Асан Иллибаев сөзіне [79[ қарағанда, ХУІ ғ. 70–жылдардының ортасында Хақназар мен орыс князі Иван ІУ өзара достық және сауда жүргізу туралы бітім шартын жасасқан. К.А.Пищулина зерттеуінде [ 80[ келтірілген “Шараф–наме–и–шахи” еңбегі бойынша, 1579 ж. Шайбани әулетінен шыққан Баба сұлтан Түркістан (Иасы–Л.Ж.), Сауран қалаларын Ақназар қазақтарының еншісіне тастап кетуге мәжбүр болған. 1581 ж. Хақназар балаларымен бірге Баба сұлтанды ұстамақ болған сапарында қастандыққа ұшырап, қаза табады [81].

Келтірілген оқиғалар жылнамасын « Қазақ түбі « берілген қосымша дерек көздері де жан–жақты толықтыра түседі. Қ.Ф.Жүсіповтің әулеттік архивінде Мәшһүр–Жүсіптің өз қолжазбаларымен бірге 1522–1552 ж. аралығында Қазан хандығынын Мәскеуге бағынуы туралы Мұхаммед Әменнің (Мәшһүрдің ортаншы ұлы–Л.Ж.) жылнамалық жазбасы (22 бет) сақталынған. Сондай–ақ « Қазақ түбі « ХУІ ғ. атақты қайраткерлері туралы мағлұматтар: Бұхара билеушісі Абдолла (Ғабдолла) хан [ 82[ шежіресі, Шора Нәріқұлы туралы фольклор үлгілері [ 83], Алаша хан (Хақназар) әңгімелері [ 84[ бұл кезең тарихын толықтыра түседі. Анықтай қарасақ, Мәшһүр–Жүсіптің Хақназар заманын мейлінше дәл, шынайы суреттеуінен ғалымның тарихшылар (В.Вельяминов–Зернов, М.М.Хайдар Дулати) еңбектерін сұрыптап, талдап пайдаланғанын паш ете түсетінін танимыз.

Шығай хан Жәдікұлы билік құрған заманы (1580–1582) туралы « Қазақ түбі « біршама мәліметтер берілген. Мұнда Мәшһүр–Жүсіп Хақназардан соң Шығай хан тұсында Қазақ хандығының әскери–саяси куаты төмендегенін, Ш.Жәдікұлының аз уақыт ғана билік еткенін, қыска мерзім ішінде ханның еш нәрсе істемегенін сынайды:

**"Ақназар өлген соң, ноғай бір жағынан жау болды. Өзбек бір жағынан жау болды. Қалмақ бір жағынан жау болды... Ақназар өлген соң, Жәдік баласы Шығай хан хан болды. Бұл ұзақ тұрған жоқ олді** (1 нұска) [ 85[ **Ақназардан соң Шығай хан хан болып, мұның тұсында қазақ төмендеп, бәсең тартып..**, (2 нұсқа) [ 86]. **Ақназардан соң Шығай хан хан болып, бұл аталарындай бола алмай осалырақ түсіп, қазақ ұйқалаң–құйқалаң болыңқырап..**, (3 нұсқа) [ 87[". Керісінше, В.В.Вельяминов–Зернов өз зерттеуінде Шығай ханды қажырлы, тәжірибелі қайраткер ретінде таниды [ 88].

« Қазақ түбі « нұсқаларында Шығай ұлы Тәуекел хан заманы (1582–1598ж.) туралы айта отырып, Мәшһүр–Жүсіп оның тек 1598 ж. Бұхарды шабуылдаған ұлы жорығын [ 89[ әңгімелеумен шектеледі:

**"Бұл өлген соң Шығай баласы Тәуекел хан болды. Тәуекел хан болған уақытында Бұхара, Самарқанд ханы болып тұрған Жақсы Ғабдолла ханды өлтіріп, Мауралнаһрге қожайындық қылды. Ол уақыттарда Сауранда да бір хан, Сығнақта да бір хан, Отырарда да бір хан, Созақта да бір хан. Әр көл–төбенің басында бір хан. Тауықтың qоразындай қоқырайғандардың бәрін көк өрім шөптей оп оңай жұлып алып, Ташкент, Түркістан, Андижан, Самарқанд, Марғұлан,–бәрін өзіне қаратып алып, орданы Ташкентке орнатқан"** (1 нұсқа) [ 90].

**"Бұдан кейін Шығайдың баласы Тәуекел хан болады. Тәуекел өзбек хандарымен соғысып, оларға қатты соққы береді. Сарт қазақпен соғысуға шыдай алмай әлсірейді. Тәуекел хан Ташкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд–бәрін озіне қаратып алып, тақты Тәшкентке көшіреді, орданы Тәшкент қылып тұрған"**. (2 нұсқа) [ 91].

**"Шығай хан баласы Тәуекел хан тұсында қазақ озбекпен жауласып, Тәуекел хан ақырында Ташкент, Түркістан, Әндіжан, Самарқанд–бәрін өзіне қаратып алып, орданы Ташкентке көшіріп қазақтың хан ордасы Ақтабан шұбырындыға шейін Ташкентте болған''** (3 нұсқа) [ 92].

1598 ж. жорық туралы « Қазақ түбі « шежірелік мәліметтер де бар: **"Бұхар, Самарқандты қазақ шапқанда Айдабол Баян, Көшенді олжа қылып алып келген"** [ 93].

Қазақ тарихында Шығайұлы Есім хан билік құрған заман (1598–1643) ерекше орын алады. « Қазақ түбі « үлгілері оның ата–тегі, өзбек ханы Имамқұлы әскерін үш–төрт рет жеңуі, (1627–1628 ж.) қалмақтарға қарсы (Ертіс бойы) жорығы, Ташкент ханы Тұрсынды өлтіруі, қатағанды қырғынға ұшыратуы, "Есім ханның ескі жолы" атты үлгі жобаны қалдыруы сөз болады. Аталған оқиғалардың ішінен

қалмақтарға қарсы жорығына арналған әңгіме оқиғасын бөліп қарастыруымызға болады. Баспа бетінде жарияланған "Еңсегей бойлы ер Есімнің ертегісі" [94[ мазмұнында екі оқиғаның сабақтаса берілгенін байқаймыз.

Тарихи оқиғалар барысы бойынша, 1616–1619ж. Шығыс Түркістандағы бір жорықта Илдай тайшының ("Желдей–тайшы" мағынасында–Л.Ж.) Есім хан әскерінің олжасын шауып кетуі бір оқиға болса, 1626–1627 ж. Есім хан әскерінің Ертіс бойындағы қалмақ ұлыстарын қырғынға ұшыратқан ұлы жорығы екінші оқиғаға жатқызылады. Бірінші оқиғаның тарихи мазмұны бойынша, 1616–1619 ж. Есім хан Шығыс Түркістанда болып, жер үшін қалмақтармен күресіп, ақыры Ақсу, Чалыш т.б. қалаларды өзіне бағындыра алмай, Ташкентке қайтады.

"Бахр ал–асрар" мазмұны бойынша, Шығыс Түркістан үшін шапқыншылықтардың бірінде (1616–1619 ж. аралығында) Илдай тайшының 5000 әскері бес күндік сапарды бір күнде жүріп өтіп, қарсыласы Есім ханның олжа мүлкін (аттарын?) олжа қылады [ 95]. Бұл аңыздағы Шідерті бойында Есім әскерінің аттарсыз жаяу қалғандығын әйгілей түседі. Сондықтан бұл екі тарихи оқиға мазмұнын өзара салыстыра отырып, екі жорықтың оқиғалары аңызда Есім ханның бір жорығы ретінде баяндалған деп танимыз.

**"Тәуекелден соң Еңсегей бойлы ер Есім хан болып, өзі Түркістанда тұрып, Ташкентке Тұрсын ханды қойып тұрған күнде Имамқұл хан деген өзбекке хан болып, Бұхараны билеп, Еңсегей бойлы ер Есіммен үш қабат соғысып, Ташкент, Түркістанды ала алмай жеңіліп қайта берген"** (1 нұсқа)[ 96].

**''Еңсегей бойлы ер Есім Түркістанды қазақ ханы болып тұрған күнде Ташкентте Тұрсын хан қатаған ханмен деген жұртты билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есім ханмен бата қылысты бір–бірімен жау болмасқа. "Күнбатыс Бұхар, Қоқан, Самарқанмен жауласуға мен қарсы тұрайын. Сен күншығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертістің суының басынан кір, аяғынан шық" деген соң, 1000 кісі қосын алып Күншығысқа бет қойды…**

**Шідерті өзеніне келіп тынығайық деп қос тігіп жатты… Сүйтсе ол көрінген қара қалмақ қарауылшысы екен. Бұлар бейғам жатқанда түп көтере аттарын алып кетіп, айдалада 1000 кісі жаяу қалды… Сол жүргеннен бәрі бас қосып алып жүріп, Ертіске түсіп, әр түрлі бөтен жұртпен соғысып, өлгені өліп, қалғаны қалып, 1000 кісіден 40 кісі қалды дейді. Еліне жақындап қалғанда естіді, Тұрсын хан мұны алдап, қаңғытып жіберіп,**

**Түркістанды шауып, талап, олжалап алып қалғандығын... Лап коя шауып, Ташкенге кіріп, көзіне көрінгенді қырып, хан Тұрсынды өлтіріпті ''**(2 үлгі) [ 97].

**"Тәуекел хан өлген соң бақ тайыңқырап, беті қайтып, мижың–тижың болды. Тәуекел ханмен бір туысқан Есім хан ат арқасына мініп, Түркістанға тұрақтап, сарт–сауан, өзбекті ұстай алмаса да, қазақты қаңғыртпай ұстап, "қазақ ханы" атанып тұрып қалды. Өзбек ханы Имамқұл хан да аттанып келіп, Есім ханмен үш–төрт қабат соғысып, ала алмай қалжырап қайта берді.**

**Ташкенді билеп тұрған ханы хан Тұрсынмен соғысып, қатағанды қырып, хан Тұрсынды өлтіріп, 40 қыз олжалап қайтқан. Сондағы олжаға түскен қыздардың екеуі хан Тұрсынның өз қызы екен. Біреуін Есім хан өз баласы Салқам Жәңгірге байлады. Біреуін хан жолдасы тоқал арғыннан шыққан Шақшақ батырдың баласы Қошқар батырға байлапты. Біреуін Алтай Тоқаның Тоқасы алды. Біреуін Қаракесек Байбөрі алды. Біреуін Бұлбұлдын Шаншары алды. Біреуін Тобықтының бір батыры алды. Сол қыздардың аттары: Дәулетбике, Оразбике, Нұрбике, Қоңырбике...**

**Тоқа Қара Тоқа атанған, Дәулетбикені алған. Онан туған үш бала мыналар: Айтқожа, Барғана, Сатыбалды. Шаншар Нұрбикені тоқалдыққа алған. Онан туған балалар: Тілеуке, Бертіс. Салқам Жәңгір алған қыздан туған Әз Тәуке, Қошқар батыр алған қыздан туған Шақшақұлы Жәнібек атанған өр Жәнібек деген осы кісі. Еңсегей бойлы ер Есім атанған осы кісі. "Есім ханның ескі жолы" деп қазақ жұртында айтылып қалған"** (3 үлгі) [ 98].

Келтірілген 3 үлгі тарихи оқиғаларды шынайы сипаттап қысқаша шолу түрінде мазмұнын әңгімелегенін танимыз. Есім хан 1598ж. өзбек билеушілерімен бітім шарт жасасып, кейіннен Ташкент, Түркістан қалалары үшін Имамқұлы хан әскерімен болған 1605, 1621, 1624 ж. шайқастарда Есім хан әскері жеңіске жетіп отырған [ 99]. 1613 ж. Имамқұлы Тұрсын ханды Ташкент билеушісі деп жариялайды [ 100]. Қазақ хандығы 1614 ж. екіге бөлініп, Ташкентті Тұрсын хан (1614–1618), Түркістанды Есім хан бөліп билейді. Есім хан 1616–1619 ж. Шығыс Түркістан үшін қалмақтармен күрес жүргізіп, бір жорықта Желдей тайшының 5000 әскері Есім ханның дүние мүлкін (Шідерті бойында аттарсыз қалуы 1–үлгі) олжа қылып алып кетеді [ 101].

1626–1627 ж. Есім ханның қазақ–қырғыз қолы Ертіс бойындағы қалмақ ұлыстарын талқандайды . Әбілғазы шежіресі бойынша [102], 1625 ж. Есім хан мен Тұрсын хан өзара достық пен одақ туралы

келісім жасасқан [103]. 1628ж. Есім хан жасағы Тұрсын хан әскерін жеңіп, келісімді бұзған (Түркістанды шапқан) Тұрсын ханды нөкерлері өлтіріп, Есім ханға тапсырып, "Қатаған қырғыны" оқиғасы орын алды. Бұған қоса Бұхар, Қоқан хандары туралы шежіре нұсқаларында Мәшһүр–Жүсіп Есім хан қарсыластары: Абдолла, Имамқұлы хандарға тоқталып, олардың ата–тегін таратып, Есім хан заманының тарихын толықтыра түседі [ 104].

« Қазақ түбі « Есімұлы Жәңгір хан билік құрған заман (1643–1680 ж.) тарихын да баяндайды [ 105]. Бір өзгешелігі, Мәшһүр–Жүсіп Салқам Жәңгірдің шежіре тарихын жоңғарлардың күшеюімен байланыстыра қарап, бұл кездегі Қазақ хандығының ішкі–сыртқы жағдайы төмендеген деп таниды:

"**Есім ханнан кейін қазақ тағы жүдеу бастау тартып, Ташкеннен айырылып қалған. Қазақ онан соң баласы Салқам Жәңгірді хан көтерген. Бұл кезде қалмақ қонтажысы күшейіп, қазақты дамыл бермей қысқа күнде қырық шапқан. Соғыс болса қалмақтың иығы аса берген. Жоңғарлар жеңгенде қазақты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып шауып кете берген. Қазақ сондай қатты қырғынға ұшырағаннан кейін де, іле–шала қайтадан жиылып, қалмақпен соғыса берген. Бақытты ханы жоқ, тайсалмайтын батыры жоқ көп жаманның жиылып соғыса бергені не болады, не өнеді, не бітеді?!**" [ 106].

Келтірілген Мәшһүр пікірін тарихи оқиғалар барысы біршама нақтылай түседі. Имамқұлы хан тұсында (1611–1643ж.) Ташкентті уақытша мезгілде Бұхарға қосылды [ 107]. Бұл кезде Жоңғар хандығының негізі (1635ж.) қаланды: "**Тарих ақтарғандар бір мың алты жүз үште қалмақ дәуірлеп көтерілді деседі**" [ 108]. Сондықтан қазақ рулары қалмақ шапқыншылығынан қауіптеніп, Бетбақ дала мен Жазық тауларына шегініп көшкен [ 109]. 1643–1644 ж. Орбұлақ шайқасында қазақтар Батыр қонтарыжының 50000 әскерін шегінуге мәжбүр етіп, жеңіске жеткен [ 110]. Әйткенмен жоңғар армиясының жоспарлы, жүйелі ұйымдастырылған шапқыншылықтары салдарынан қалмақтар 50–ші жылдары Шығыс Жетісуды, 80–ші жылдары Жетісу мен Сырдария өңірінің бір бөлігін иемденіп, Ертіс бойына орнығады [111]. XУIII ғ. 80–жылдарының басында (шамамен 1680 ж.) ойраттармен болған бір қақтығыста Жәңгір хан қаза табады [ 112].

**6.6 Алтыншы кезең (1680–1734 ж.)** « Қазақ түбі « Жәңгірұлы әз Тәуке хан (1680–1715) шежіре тарихын [ 113], Ақтабан шұбырынды аңыз әңгімесін [114], Тәукеден Абылайға дейінгі уақыт аралығына арналған қысқаша шолуын [ 115[ ұсынады. Жүйелі хронологиялық мағлұматтармен қатар баяндасақ, « Қазақ түбі «

нұсқалары деректерінің алтыншы кезеңі де қазақ тарихын біршама ашып көрсететіндігін тани түсеміз.

Халықтық ауызша тарихнамада Әз Тәуке хан билігі бірліктің, берекеліктің, байлықтың заманы деп дәріптеледі. Тәуке Жәңгірұлы заманында қазақтардын ынтымақ–бірлігі уақытша қайтадан қалпына келтіріліп, 1695 ж. 32 қала аймақтарымен бірге қазақтардың иелігінде болып, ұсақ рулар тайпа одақтарына (Жетіру, Уақ–Керей) біріктіріліп, жыл сайын шақырылатын құрылтай кеңестерінде елдің ішкі, сыртқы мәселелері талқыланды [ 116].

**"Әз Тәукені тұсында үш жүздің баласы оңтүстіктен шөлейтке қарай жайлайды екен. Сырдың бойын жағалап, Жетісу, Алматы, Қапау тауларын өрлей отырады екен. Орта жүздің қыс қыстауы шүйгіген Сыр бойы да, жаз жайлауы Арқаның жоны екен. Сол кезде Орта жүз қазағы Есіл мен Ертіс арасын қуалай шөлейтке келіп, мал семіртіп отырғанда, Қайдауыл дейтін өзеннің бойнда дүниеге ер Олжабай келді...[117[ Салқам Жәңгірден кейін Әз Тәуке хан болды. Мұның өзі ақылды кісі болды, табанды кісі болды. "Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды" деген қалыппен хандық қылды. "Күлтөбеде күнде кенес" деген сөз -осы Әз Тәуке тұсында айтылған сөз. "Кері кеткен елдің кеңесі көп болады, кедей елдің көш басшысы көп болады". Бұл сөз де сол Әз Тәуке заманында айтылған сөз екен...[ 118[ Еңсегей бойлы ер Есімнен Салқам Жәңгір. Салқам жәңгірден Әз Тәуке. Әз Тәукеден Болат хан. Болат ханнан Әбілмәмбет, Сәмеке. Салқам Жәңгірдің бір қатынынан Уәлі бақы жалғыз, мұнан Қанішер Абылай жалғыз. Қанішер Абылайдан Көркем Уәлі жалғыз. Мұнан Әбілмәнсүр жалғыз. Әз Тәукенің болып тұрған күнінде баққа таласып, таққа таласып, өз тұқымынан көп жанның қанын ұрттап, "Қанішер Абылай" атанған Үргеніште нағашысы Қайып ханның қол астына қашып кеткен..."**[ 119[

1723 ж. Ақтабан шұбырынды оқиғасы « Қазақ түбі « аңыздарында орын алған. Мұнда қазақтың қырғынға ұшырау заманы қалмақтың дәуірлеуімен байланыстырып, Ақтабан шұбырынды мезгілін танытатын ресми тарих (1723 ж.) пен шежірелік есепшілер (ХУIIIғ. 20 жылдары шамасы) мәліметтері қатар беріліп, Ақтабан шұбырынды заманының хронологиясы кеңейтіліп (1723–1726 ж.) беріледі:

**"Ақтабан шұбырынды 1723–ші болған деседі. 1643–ге қоңтажы күшейіп, қалмақ аса дәуірлеген деседі. 1720–ның шамасында Қалдан Шерін Түркістан, Ташкенді түгел билеп пайжын Ташкентте қылған деседі. Қалдан Шерін қуба**

**қалмақтың ханы атанып, тамам қалмақтың хандары Қалдан Шеріннің аузына қараған деседі. Қазақтан бақ тайған соң Ұлы жүз Қожантқа Орта жүз Самарқанға, Кіші жүз Хиуаға қорғалады. Ақтабан шұбырынды сонан Арқаға қарай ауғанда болған әңгіме болса керек. Сол ауып келе жатқанда қалмақ шапқыншылығына ұшырады. Талай оқиға болған шығар. Әркім өзі ата–бабасының айтып отырған әңгімесін естиді ғой. Айдабол, Күлік деген елден Күліктің үлкені Тілеуімбет қашпаймын деп 16 баласына басшылық қылып, бірі қалмай қалмақтан қырғын тапқан. ...Орта жүз әрі жұтқа, әрі жауға ұшырап қалып, қалған тамтығы жаяу шұбырып Арқаға келіп қалған...''**(1 нұсқа)[ 120[

**''Ақтабан шұбырынды–Орта жүздің басынан кешкен уақиға. Ұзын ұрғамен есептеушілер 1720–ның шамасы ма қалай деді. Ұлы жүз Жоңқарияға қарап, Орта жүз жұрттан үркіп, көшіп, жаудан қашып, босып, әрі жұртқа, әрі жауға ұшырап қалған. Тамтығы Арқаға келіп қалған... Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама. Жұрттан, жаудан басын алып қашқан ел шұбырындысы аппақ сүрлеу болып қалады екен. Табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа–қотан жатады екен, семіздерін ортасына алып, қорғап, күзетіп жатады екен". "Атасы басқа бөтен жат ру ұрлап кетеді,–деп,–сойып жеп қояр",–деп... Сонда бір мерген 15 ауылды асырапты, бір көк ала бие он бес ауылды асырауға жарады дейді..."** (2 нұсқа) [ 121[

Қазақ–қалмақ қарым–қатынасы тарихы « Қазақ түбі « қосымша шежірелік деректерде беріледі. Мұнда әз Тәуке ханның 1708 ж. дүниеден өткені, Тәуке ханның моласы Шідерті өзені бойына қойылғаны [ 122[ ХVІІІғ. 30–40 жылдарында қазақ руларының көшіп қонуы тарихы [ 123[ туралы мағлұматтар кездесіп отырады.

Сонымен қатар орыс зерттеушілері еңбектерінің жазу стиліне сай икемдеп жазылған « Қазақ түбі « үлгісі алдымен Тәуке хан заманын баяндап, соңынан Тәукеден кейінгі 1715–1738 ж. үш жүздің саяси тарихын жеке–жеке әңгімелейді:

**"...Бұл Тәукеде терең ойлы, толық милы, дөкей ірі хан болды. Мұның заманында Ұлы жүзде Төле би, Орта жүзде Қазыбек би, Кіші жүзде Әйтеке (би) болды. Бұл Тәуке хан бір мың бір жүз жиырмада** (1120 = 1708 – 1709ж.) **офат тапты.**

**Тәуке ханнан соң Ташкентте Үйсін Тола би ханлық қылды. Тәуке ханнан Фолад хан, мұнан Әбу Әл Мұхаммед хан** (Әбілмәмбет, Орта жүз ханы–Л.Ж.). **Мұның алдында Сәмеке** (Сәмеке 1724–1738ж., ал Әбілмәмбет 1739–1771ж. билік құрғаны белгілі–Л.Ж.) **хан болды. "Әбілмәмбет–Сәмеке" атанды.**

**Әбілмәмбет баласы–Айғожа. Әкесінің атын жан білмейді. Абылай хан осы Әбілмәмбет заманында көзге түсіп ауызға ілінді. Бұлардың 1148–1152 һижре** (1734–1740ж.–Л.Ж.) **еді.**

**... Бөкей хан ибн Нұрғали хан ибн Әбу Әлхайыр хан ибн Ашша хан. Орысқа осы Әбу Әлхайыр** (1731ж. Әбілхайыр Ресей бодандығын қабылдайды–Л.Ж.) **заманында Кіші жүз елі бұрынырақ бағынған''**[124[

**6.7 Жетінші кезең (1734–1781 ж)** бойынша жинақталған тарихи оқиғалардың барлығы « Қазақ түбі « Абылай хан [125[ есімімен байланыстырылып топтастырылған. Мәселен бір шежіре үлгісі "1778 жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы" деген сөз тіркесімен басталып, қалмақ тайшылары мен қазақ хандарының билік жүйелерін салыстырып, Абылайдың 48 жыл хан болғанын айтады.

"Абылай хан заманы топтама жинақтарына ханның ата–тегі [ 126]. (4 нұсқалы шежіре тізбегі) мен әулеті [ 127]; сол заманның атақты батырлары мен билері Абылай ханның билігі тұсындағы заң – жоралғылары [ 128[ , халықтың әлеуметтік тұрмысы [ 129]; ХУІІІ ғ. қазақ халқының тарихы... туралы сақталынған фольклорлық үлгілер, тарихи зерттеулерден алынған деректер енген [ 130].

Бұл топтамада әңгімеленген оқиғалардың ең маңыздысы–Абылайдың алғаш ерлік жасауы және беделді сұлтанға айналуы. Бұл орайда Мәшһүр–Жүсіп екі түрлі мағлұмат келтіреді: Біріншісінде, аңыз мәліметтері бойынша Әбілмәнсүр (Сабалақ) 20 жасында қалмақтың Шарыш батырын өлтірген соң (шамамен 1730–1731ж.) Атығай–Қарауыл деген елді басқара бастайды [ 131]. Екіншісінде, жазба шежіре дерегі бойынша, Абылайдың Орта жүзде "Әбілмәмбет–Сәмеке" заманында (1724–1738ж.) көзге түсіп, 1734–1740ж. аралығында беделді сұлтанға айналғаны туралы нақтылы ақпарат келтірілген [ 132]. Оқиға датасын анықтауда бұл екінші мағлұматты О.Нұралыұлы дастаны да, Ш.Құдайбердіұлы шежіресі де жоққа шығармайды [ 133]. « Қазақ түбі « нұсқаларында ханның 48 жыл Көкшетауда билік құрғанын ескеріп, әрі тарихи зерттеулермен байланыстыра отырып Абылай ханның өмірбаянына қатысты бірқатар оқиғаларды жинақтап көрсетуге болады: 1731 ж. Қазақ–қалмақ шайқасында көзге түсіп, Атығай–Қарауылдың билеушісі болып, 1734–1740 ж. Орта жүздегі беделді сұлтанға айналып, 1749ж. (Шақшақ Жәнібек мәлімдеуі [ 134[ бойынша) іс жүзінде Орта жүзді жеке дара билей бастап, 1771 ж. үш жүздің өкілдері сайлауымен қазақ халқының ханы атанған [ 135]. Алайда жазба дерек (1734 ж.) пен Мәшһүр–Жүсіп сөзіне (48 жыл хан болды) салыстыра қарастырсақ Абылайдың

Атығай–Қарауылға билік ете бастауы мезгілін 1734–1740 ж. деп кейінге ысырып қарауымызға болады.

« Қазақ түбі « Әбілхайырдың екінші рет 1738ж. Ресейге бағынуға ант бергені хақында нақтылы мәлімет қалдырған: “**Тайшы қалмақ тілі. Бұрынғы заманда хандарына қойған аттары. Қоңтайшы қара қалмақ Қатысыбанды билеген. Оны біздің қазақ “қоңтажы” дейді. Жонғар тайшысы–Қалдан Шерін. Қазақ оны құба қалмақтың ханы болған дейді. Аюке деген ханы болған. Бұған қараған қалмақты он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт дейді. Уса, Сереқ деген жайсаңдары болған. “Жаңа қырғыз” деп сөйленеді, қырғыз ханының Абылай ханға ақ үйліге берген бір тайпа елі. 1738–де Әбілхайыр хан бас болып, Адайдан басқа Кіші жүз орысқа бағынады**”[ 136]. Келтірілген шежіре үлгісіне қарағанда М.Ж.Көпейұлының орыс ғалымдарының зерттеулерімен де таныс болғаны айқын аңғарылады.

1739–1750 ж. қазақ–қалмақ қарым–қатынасы тарихы « Қазақ түбі « “Қалдан Шерін” әңгімесінде”[ 137[ орын алған. Мұнда тарихи оқиғалар аңыз сипатында әңгімеленген: 1739–1741 ж. жоңғарлардың Орта жүзді шабуылдауы, 1740 ж. өзін “Шоно–Лоузан” деп жарияланған Қарасақалдың қазақ арасына келуі, 1741 ж. Септен жасағының Абылайды тұтқындауы, 1743ж. Қалдан Серенің Абылаймен қазақ–қалмақ бітімін жасасуы, 1745–1750 ж. Жоңғарияны билеген жас қоңтажы Цеван Доржыны (аңыздағы Айжан хан) қалмақтардың көзін ойып, Ақсуға айдатуы баяндалынады [ 138].

Бұл кезең аралығындағы оқиғалар тізбегін « Қазақ түбі « шежіре сөздері де толықтыра түседі: Олжабай батыр “Қалмаққырған” шайқасында (Бұл оқиғаны В.А.Моисеев зерттеуінде 1741 ж. болған деп көрсетеді) ерлік көрсетеді [ 139]. Малайсары батыр қалмақта ақ үйліде (1743ж. Абылай орнына келген Әбілфейіз сұлтанмен бірге аманатта болған–Л.Ж.) болғанын алға тартып, Абылай жорығына қатысуға қарсы болып, ақыры шыққан сол жорығында қалмақ мергендерінің оғынан шайқаста қаза табады [ 140]. Қазыбек би елшілерін Қарабас ханым (1749ж. Нұралымен некелік одақ жасау үшін Қарабас сұлтанның Кіші жүз бен Орта жүзге сапары) сынап, жоғары баға береді [ 141].

Қаржауұлы Науша батырдың (1827–1829, 1836–1838 ж. көтерілістер басшыларының бірі) атасы Сырымбет 1748 ж. “**Бөлекей сұлтан Әбілхайыр ханды Барақтың айтуымен Сырымбет өлтіреді**”[ 142].

1750–1758 ж. саяси оқиғаларға белсене араласқан Абылай сұлтан қазақ билеушілері арасынан суырылып шығып, Жонғариядағы

азаматтық соғысты ушықтырып, ақыры 1758 ж. Жоңғар хандығының жойылуына себепші болады, Абылайды жақтаған жоңғарлардың бір тобы Орта жүзге көшеді: “**Топшы сұлудың бауырлары–Қырғын, Күш Абылайға қашып келіп, паналап, олардың үрім–бұтақ жұрағаты Атбасар уезінде, Терісаққан бойында қаз қойын Қашырлы елінде қалмақтар деседі. Өсіп–өніп кеткен бір тайпа жан**” [ 143[ Абылайдың жоңғарларды жеңген еңбегіне Мәшһүр жоғары баға береді: “**Бұрынғы замандарда қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған. Абылай хан ат арқасына мінген соң, қалмақтың бетін қайтарған. Алатаудың бергі жағында, Алтай тауының бергі жағында қалмақ түтін түтетіп, күн көріп отыра алмаған. Қалмақты Сарыарқадан аударған, басына қара қан жаудырған Абылай болатұғын, ақыры қалмақты су сепкендей қылды**”[144[

« Қазақ түбі « нұсқаларында Олжабай батырдың 1756–1757 ж. қытай әскерімен болған “Шүршітқырған” (Баянауыл), Талқы (Жоңғар Алатауы) соғыстарында жеңіске жетіп, ерлік көрсеткені айтылады [ 145]. ХУІІІ ғ. қазақ ақыны Тәтіқара жырларында да Абылайдың жүргізген шайқастарында қазақтардың үнемі жеңіске жете бермегені, көп ретте шешуші ұрыстарда шегінуге мәжбүр болғаны, қаша ұрыс салу тактикасын қолдағаны айқын аңғарылады [ 146].

1752–1758 ж. саяси оқиғаларға байланысты беделі артып, билігі күшейген Абылай сұлтан Ресей мен Қытай арасында бейтараптық бағыт ұстап, алма–кезек екі жақты қолдап, нәтижесінде қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалады: “**Орыспен жауласпады, ел болды. Шүршітпен жауласпады, ел болды. Екеуіне де тіл болды**(1 үлгі) [ 147]. **Қалмақты Сарыарқадан аудырған, басына қара қан жаудырған Абылай болатын. Қалмақты су сепкендей қылды. Шүршітпен жауласпады. Ақ үйлігe Әділді беріп, елдесіп, шүршіт ханы Абылайға “Ежен” атын байлады. Орыспен жауласпады, елдесіпті** (2 үлгі) [ 148]. **Керей төресіне “күңлік” (күнилік) найман төресіне “уаңлық”, арғын төресіне “ханлық” берілген шүршіт ханы Еженнің екі жорасы. Сонда Арғында ханлық алған екі төре: бірі–Абылай, бірі–Бөкей. Абылай көп дәурен сүрген. Бөкей дәурені аз болған, хан сайланысымен бір жыл жарымнан ұзамай орысқа бағынған. 1750–нші жылдары Бөкей ханның келгені Арқаға** [ 149[(3 үлгі)’’.

XVIII ғ. 50–80–ж. қазақ халқының әлеуметтік–экономикалық жағдайы туралы мәліметтер де « Қазақ түбі « жазбаларында шежірелік сөздер ретінде беріледі. Мұнда көбінесе адам саны және мал саны өсімі күрт жоғарылағаны, 1750 ж. Тройцкіде базар ашылуы [ 150],

1755 ж. Ертістен әрі өтуге тыйым салуына [151[ байланысты козак–қазақ қақтығыстары хақында мәліметтер беріледі: "**1750–де Абылай хан мен өр Жәнібек орысбен сауда араластыру үшін Троискіден базар аштырған. 1755–нші жылда Төртуыл қозғаны Құлеке, Бекшенің Құлекесінің баласы Сүгірәлі мырза Ертістен жылқы өткізу үшін қазақ орыспен төбелес қылған. Жасаққа келген қазаққа бір өткелдің аузында 100 ат ұстатып беріп Сүгірәлі мырза атанған** [ 152[ (1 нұсқа). **Имамқұстан шығып, Ертіс жағасымен, Семейге шейін баратұғын қара жолды Абылайдың "сонымен жүрсін" деген бұйрығымен "қара жол" болған екен. Сол үшін Ертістің бергі жағындағы көлденең жолды "Абылай жолы" дейді. Жәрмеңкелік жер сұрағанда Қызылжарды берген екен... Қызылжарда "Абылайдың ақ үйі" деген сонда салынған үй екен** (2нұсқа) [ 153]. **Абылай заманындай қазақ еш уақытта тыныштық көрген жоқ. Абылай уақытындағы қазақта бір адамдарда 10 қатын, 30 ұл, 20 ұл, 15 ұл, 10 ұл екінің бірінде болған. Абылайдың өзінде 7 қатын, 30 ұл болған. Мал өсіміне қарасақ, Алтай Алдажұманда 25000 жылқы, Сапақта 12000 жылқы, Қаржас Азнабайда 17000 бітіп, "Азнабайдың Қарабайындағы" аталған 10000–5000 екінің бірінде болған**[ 154[ (3 нұсқа)".

Әсіресе, соңғы мәліметтер (3 нұсқадағы) А.И.Левшин, Ш.Ш.Уәлиханов,Е.Б.Бекмаханов зерттеулерінде, қытай құжаттарында қайталанады [ 155].

1758 ж. Жоңғар хандығының жойылуы бос қалған Жоңғария жері үшін талас–тартыс тудырды. Қытай билеушілері бұл жағдайды өз мақсатына пайдаланып, қазақ пен қырғызды өзара жауластырып, екі халықты да өздеріне бағынышты қылуға тырысты [ 156]. Қазақтардың 1766, 1768, 1770, 1779 ж. қырғыздарға және 1766, 1767 ж. Қоқанға қарсы жорықтары [ 157[ туралы мәлімет « Қазақ түбі « үлгілерінде дастанның қара сөзі, не аңыз–әңгіме түрінде әңгімеленеді [ 158].

1773–1775 ж. Пугачев көтерілісі кезінде Абылай Орта жүз құрылтайын ашып, іс жүзінде көтерілісшілерге қолдау көрсетуден бас тартады [ 159]. Бұл оқиға Абылайдың орысты шаппақ болғаны, Бұхар жыраудың өлең–толғаумен ханды райынан қайтаруы туралы « Қазақ түбі « мәліметтеріне меңзейді [ 160]. М.Ж.Көпейұлы жазбаларында сөз болған "Абылай аспас сары бел" оқиғасының (бірнеше варианттарда) [ 161[ 1779ж. болғанын қытай құжаттары [ 162[ айғақтайды. Хан билігін саны мол ру адамдарының шектеуі қазақ хандығындағы хандық биліктің халықшылдық (республикашылдық)

сипатын ашып көрсетеді [ 163]. Сондай–ақ « Қазақ түбі « мәліметтері бойынша, Абылай ханның кезінде де заң–жоралғылар шыққан, Абылай заңдарын жасауға Жәңке би Шобалайұлы секілді билер қатысқан [ 164].

**6.8 Сегізінші кезең (1781–1837 ж.)** бойынша топтастырылған « Қазақ түбі « мәліметтер көбінесе Орта жүздің саяси тарихы көбірек қарастырылған. Оның себебі Кіші жүздің жерлерінде болған сапарларында М.Ж.Көпейұлының Науша,Исатай көтерілістері туралы мәліметтер жинағанымен, бұл деректердің өзара хронологиялық тұтастығы, байланыстылығы аз сақталған. Және бұған 1822–1836 ж. Ресей мен Орта жүз қарым–қатынасында орын алған оқиғалардың ғалымның туған өлкесінде Баянауыл жерінде өтуі де өз үлесін қосты. Ал Ұлы жүз тарихы XVIIIғ. 80–жылдарынан бастап Қоқанға тәуелді бола бастағаны белгілі. Мәшһүр жазбаларында да Ұлы жүз тарихы (XVIII ғ. 80 ж.–1864) Қазақстанның Ресейге толық қосылуы тарихы (XIXғ. 50–60 жылдары), Бұхара, Қоқан билеушілері шежіресі (XVIII–XIX ғ.) бір топтамаға (№1170 "б") жиналып, қолжазба нұсқаларының орналасу реттілігі бойынша 10–кезеңді құрап, хронологиялық реттілігі сақталынбай (XIX ғ. оқиғаларды сипаттау барысында XVIII ғ. қайта оралу) жылнамалық–шежірелік жүйеде жазылған. Қолжазба мәтіндерінің топтасуына, « Қазақ түбі « үлгілерінде орналасуына сай XVIII–XIX ғғ. Ұлы жүз тарихын 10–кезеңге топтастырамыз.

1781 ж. Абылайдан соң хан сайланған Уәлі хан тұсында (1781–1819) қазақ елі қайта бөлшектеліп, ханның билігі іс жүзінде Орта жүзге, Ұлы жүздің бір бөлігіне (Абылай ұрпағы билеген ру–тайпаларға–Л.Ж.) ғана жүрді. Уәлі Абылайұлы сыртқы саясатында сәтсіздіктерге (қырғыздарға қарсы күресі) ұшырап отырса да, Қытай мен Ресейге алма–кезек қарым–қатынас жасауы арқылы Орыс патшаларының Орта жүзді отарлау саясатын тежеді.

Патша әкімшілігінің Бөкейді Орта жүздің ханы (1815–1817) ретінде мойындауы да бұл жағдайды өзгерте алмады. Тек 1819 ж. (Мәшһүр жазбасы бойынша 1821 ж.–Л.Ж.) Уәлі ханның өлімі ғана Ресей шенеуліктеріне қазақ халқының билік институтына өзгеріс енгізуіне негіз болды [ 165]. Тіпті, 1810 жылы 27 желтоқсанда сібір әкімшілігі бекіністер маңындағы қазақтарға бодандыққа ант беру насихат қағаздарын таратты. Ресейге бағынудан бас тартқан қазақ ауылдары Қытайға, Орта Азияға ауып кетті [ 166].

**"1778 жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы. 1821 Уәлі хан өліп, асы берілген шамасы** [ 167[ (I–вариант). **Абылай хан өлген соң сар қазақ, Сейтен, Айтқылда сұлтан әр таптың осылардай басты кісілері жиылып, Уәлі ханды**

**хан көтерген [ 168[ (II–вариант). Абылай хан өлген соң артына бел баласы Уәлі хан болған. Ол жүз беске келіп,.. өлген. Асын Ошақты көлде берген. Абылай ханның асында Еламан баласы Тұрсынбайдың атқа шапқаны анық[ 169[ (III–вариант). Керейден бір Жәнібек деген батыр шығыпты. Шақшақ Жәнібектің жиені екен деп естіген едім. Бұл қыз Жәнібек атаныпты. Мұның қылған Керейді орысқа қаратпаймын деп Алатау мен Алтай тауының аралығында Алакөл деген көл бар. Бір өзіне 7 өзен құяды. Тай құлындап, тайлағы боталайтын жер. "Бұл Сарыарқадан да артық, Жиделі–Басыннан да артық жер", – деп солай қарай аударыпты. Өзіне ерген ел бірге барыпты. Қалғанын тағы алып келемін деп келсе, мұнда қалған Керей патшаға қарап бағынып қалған екен. Қайтып бара жатқан бетте ажал шап етіп аяғынан аяғынан алып, жолда өліп, қайда өлсе де бұл күнге дейін аты жоғалған жоқ. Төрт атының ұлы Керейдің екі атасының ұрпағы сол жақта. Есепсіз бай, "Бодамсыз Керей атанған деседі [ 170[ (IV вариант)"**

Уәліден соң хан сайланған Ғұбайдолланың (« Қазақ түбі « үлгілеріндегі Абайділдә–Л.Ж.) билігін патша өкіметі мойындамай, 1822ж. Сперанский уставына сүйеніп, Орта жүздегі хандық билікті жойды. Сол жылы Ғұбайдолланың Қытайға аттанған қазақ елшілігін Цин империясы да қызу қолдап, 1824 ж. Баянауылға 300 жауынгері күзетімен 10 қытай шенеулігі келіп жетті. Патша әкімшілігіндегі әкімдер нұсқауымен Қарабышев, Путинцов, Чернецкий отрядтары шұғыл түрде түрде Баянауылға жетіп, хан ордасы мен Ғұбайдолланың күзет жасағын тұтқындап, орыс офицерлері қысымымен Ғұбайдолла Цин елшілерінен хан атағын қабылдаудан бас тартатындығын мәлімдеуге мәжбүр болып, соңында әскери күзетпен Ғұбайдолла хан мен оның серігі Торайғыр би Омбыға жөнелтіледі. Ғұбайдолла Березов қалашағында 1840 жылға дейін қамалып, кейіннен босатылып, елге қайтарылады [ 171].

**"Сол сиырда туған бала 79 жасында 1905 жылан жылы дуан саламын деп ағаш кескен… Сиыр жылы. Он шақты қытай келіп: "Ағаш кестірмеймін, қала салдырмаймын, қазақ саған қарамайды бізге қарайды",–деп таласқан. Сонда Уәлі ханның бәйбішесінің баласы Абайділдә ханның заманы… Сонда орыстың полковойы: "Қазақ шүршітке қарайсың ба?– дегенде… Торайғыр мен Абайділдә ханды алып кетіпті… Сол барғаннан Омбыда 70 күн жатыпты… Бұл жақта Абайділдә мен Торайғырды алып кетті деп, қазақ қорқып, Баянауылға Шоң, Көкшетауға Уәлі ханның тоқалы Айғаным қала салдыра бастаған екен [ 172[ (I**

вариант). **Мұнан соң Абайділдәні хан көтерді. Бұлар тек хан атына мәз болды. "Қала салмаймын, бағынбаймын деп айтасың",–деп, Абайділдә ханды Баян таудан орыс ұстап алып кетіп,...** [ 173[ (II вариант)".

Міне, осындай аласапыран уақытта қазақ сұлтандары екі топқа жіктелді. Т.Шыңғысов, Қ.Құдаймендин, Жамантай т.б. патшаның отарлау саясатын ашық қолдап, дуандар ашылуына қолдау көрсетіп отырды. Ал қарсы топтағы сұлтандар ішінен Қасым хан әулеті адамдары ғана патшалы Ресейдің отарлаушылық бағытына қарсы шығып, қарулы көтеріліс бастады. « Қазақ түбі « нұсқаларында Кенесары заманының (9–кезең топтамасы) бастамасы, кіріспе шолу ретінде Саржан мен Есенгелдінің көтеріліс тарихы (1825–1836) қысқаша әңгімеленеді. Мәшһүр–Жүсіп « Қазақ түбі « жазбаларында 1819–1825 ж. оқиғаларды әңгімелегеннен кейін Саржан, Есенгелді, Қасымдардың жүргізген күрес тарихын [ 174[ аңыз–әңгіме оқиғасы ретінде келтіреді: Сарыхан (Саржан–Л.Ж.) төре жас шағында орыс көпестерін қорқытып, Қасым ұрпағын орыс ұстап алып кетеді деген әуезе–сөз таралып, Сарыхан төренің Иван Семеновиш (Карбышев И. [ 175[–Л.Ж.) деген полковоймен теке тірес ұрыс қылып, ақыры "**мұсылманды жақын көріп, Түркістан, Ташкентке қарай жан тартып барғанда, Ташкент бегісі қонаққа шақырып алып, Есенгелді деген інісі мен Әлжан деген баласымен, 40–50 шамалы жолдасымен,–бәрін түгел өлтірген**"[ 176].

Зерделей қарасақ, « Қазақ түбі « 1825–1836 ж. оқиғалар қысқаша түрде әңгімеленген. Мәселен, Саржан көтерілісінің орыс әскерімен жүргізген қамыл ұрыстары (1825–1836) бір ауыз сөз ретінде ғана келтірілген:"**Иван Семеновиш деген полковой шығып, Саржан төремен ұрыс қылып, екеуі жеңіп, жеңісе алмай жүрген күнде...**"Есесіне 1836 ж. Ташкент бегінің Саржан мен оның жақтастарын қастандықпен өлтірілуі [ 177[ анағұрлым көбірек баяндалады. Абылай әулетін тараткан шежіре нұсқасында М.Ж.Көпеев отарлаушылыққа қарсы күрес жүргізген Саржан Қасымұлы тұлғасын жоғары бағалап Абылай ұрпағы сұлтандарынан жоғары қояды: "**Абылайдын 30 ұлының ішінен Абылай атын атап, жауға шапқан Қасым ұрпағы–Саржан, Кенесары, Наурызбай**" [ 178].

Кіші жүздегі көтерілістер тарихы ғана баяндалған « Қазақ түбі « шежіре сөздерінде 1836–1838 ж. Исатай қозғалысы туралы мәлімет аз сақталынған, тек Исатай серігі Шернияздын Баймағанбет Сұлтанмен кездесуі туралы әңгімесінде ғана қысқаша айтылады [ 179]. Сондай–ақ « Қазақ түбі « көшірмесінде (№378) 1827–1829 ж. Қайыпқали Есімов [

180], 1837–1838 ж. Исатай Тайманов [ 181], 1845 ж. Кенесары Қасымов [182[ көтерілістеріне қатысқан Кіші жүздің атақты батыры Науша Қаржауұлы хақында біршама мәліметтер жинақталған. « Қазақ түбі « № 378 бойынша, Науша батыр Бөкей ордасында Қайболды (Қ.Есімов–Л.Ж.) деген төремен бірлесіп, патша әскерімен соғысып, Шабар Ақшабарұлы көмегімен Кіші жүзге (1829) өтіп, Наушадан кейін 7 жылдан соң Жайықтан орыс әскерінен қашқан Исатай да өтіп, Кіші жүзде де Науша ханның 50 атын әкетіп, хан–сұлтандармен келісе алмайды [ 183]. Бұл оқиғалардың шынайылығын А.Ф.Рязанов, И.Кенжалиев, Ж.О.Артықбаев зерттеушілері мен орыс құжаттар айғақтайды.

**6.9 Тоғызыншы кезең (1837–1847 ж.)** бойынша жинақталған ортақ тақырыбы–Кенесары заманы: көтерілісі, ханның ата–тегі мен әулеті, батырлары т.б. Осы орайда мәліметтердің бір тобы ғана баспа бетінде жарияланғанын [ 184], қалған шоғыры ОҒҚҚ « Қазақ түбі « № 1170 "б" , « Қазақ түбі « № 1176 үлгілері мен көшірме нұсқалары [ 185[ сақталғанына назар аударамыз.

1836 ж. Саржан, Есенгелділердің қастандықпен өлтірілгеннен кейін Кенесары 1837 ж. көктемінде Ақмола округіне келіп, көтерілісті бастайды. "Бұл дәрісі бар бөшкеге ұшқандай әсер етті. Бұған дейін ішінен тынып жүрген қазақтар Кенесары Қасымовтың туы астына топ–топ болып жинала бастады" [ 186]. Мәшһүр–Жүсіп Нұрсиет Байғозыұлы мәліметін (сол жылы туғанын) мүшел қайыру әдісі арқылы есептей отырып, Кенесары бүлігінің (көтерілісінің) 1837 ит жылы басталғанын айғақтайды [ 187].

1837 ж. "**Кенесары–Наурызбай көтерілісі аға–сұлтандардың апалаң–тұпалаңын салған**". Көтерілісшілер қатарына Баянауылдағы елдің бір тобы (Қаржас, Орманшы) қосылып жатса, бір тобын Баянауылдың сұлтаны Поштай қазақ–орыс алдырып, "**Айдабол, Күлікті қойдай қамап, иіріп, алып қалды". "Қоңырқұлжа Қараөткелге аға–сұлтан, дуанбасы еді, ол да орысты арқа сүйеу таяныш қылып, өз тілін алған қазақты алып қалды**" [ 188[

1947 ж. монографиясында көрнекті ғалым Е.Б.Бекмаханов 1838 ж. 22 маусымда Ақтауда жасалған Кенесары әскерінің сәтсіз шабуылын Мәшһүр–Жүсіптің сипаттағанына ерекше ден қояды: "М.Ж.Көпеевтің сипаттап жазуынан біз Кенесарының соғыс тактикасы жөнінде тұңғыш рет білеміз. Мысалы, сол оқиғаны көзімен көрген Жәдігер Сымайыловтың аузынан жазып, Ақтау қамалына 1838ж. жасалған батыл шабуылды суреттейді және Кенесарының осы батыл шабуылға қатысқан жекелеген батырларын, атап айтқанда,

көрсеткен ерен ерлігі үшін Кенесары “Жеке батыр” деп ат қойған Төлебай батырды сипаттап жазады” [ 189].

Бұл оқиғада, Мәшһүр дерегі (тікелей куәгер Майлы Жәдігер қария сөзінен) бойынша, Сүйіндік Жанайдар батыр қазақ–орыс ортасында қалған Кенесары ханды құтқарып, арашалап, қаша ұрыс салып, құтылып кетеді [ 190].

Сондай–ақ Кенесары жасағының 1838 ж. 7 тамызда Қараөткелді қамал өртеген ұрысы туралы мәліметтерді де « Қазақ түбі « ұсынады. Мұнда оқ тиіп қан майданда қазақ тапқан досы қыпшақ Басығара батырдың сүйегін жерге қалдырмай атына өңгеріп ала келген Тана Таныш батыр ерлігі әңгімеленеді [ 191].

1837–1838 ж. “**Еділ–Нұра бойында Қоңырқұлжа төремен жау** ” [ 192 [ болды. Бұл кездегі Орта жүздегі саяси ахуалды баяндаған №149 көшірмесі (188–189 беттер) бойынша, Кенесарының көтерілісті бастамастан бұрын Орта жүз билеушілерінің жиналысы шешімін тосқан. Рубасылар К.Қасымұлына беретін шешімін кешіктіріп, Иван Семеновиш деген полковоймен келіссөз жүргізген. Кенесары көтерілісті бастап, Қараөткелді (Ақмола–Л.Ж.) қамап өртеген. Кенесарының ’’ел шаба бастаған” әрекеттерінен қорыққан қазақ рубасыларының бір тобы орыс әкімшілігінен жәрдем сұраған [ 193].

1840 ж. көтерілісші отрядтары “**Обаған, Тобылдан, Алтыбас Қыпшақ Балқожа, Қанқожаның елін шауып**” кетеді [ 194]. 1840 ж. қоқандықтар Қасым сұлтанға қастандық ұйымдастырып, өлтіреді [ 195]. 1841 ж. қыркүйегінде Кенесары хан сайланады [ 196]. Бұл Мәшһүрдің Кенесарының 7–8 жыл хандық билік құрды деген мәлімдеулеріне [ 197[ келіңкірейді. Бұған қоса « Қазақ түбі « 1837–1841 ж. аралығындағы Кенесарының таңдаулы жасақ саны 2000–нан аспаған деген « Қазақ түбі « топшылауы да шындыққа сай келеді [ 198]. 1841 ж. көтерілісшілер “**Қаратаудың қақ түбіндегі Созақты шауып** ” кетеді [ 199]. 1842 ж. Сотников отряды күзетсіз қалған Кенесары ауылын шауып алып кетеді [ 200]. Мәшһүр жазбасы бұл оқиға туралы ханнын орыс әскері алдынан шығамын деп мүлде басқа жаққа (Ертіс) өтіп кеткенін, иесі ауылды орыс шапқанда Сапақ байдың баласы да қоса өлтіргенін айғақтайды [ 201].

1844–1845 ж. Кенесары көтерілісшілері “**Кіші жүздің бергі шеті бес Жаппас, төрт Шөмекеймен**” жауласады [ 202]. Мұндағы « Қазақ түбі « үлгілерінде сөз болған “Жасауылқырған” оқиғасы [ 203[ орыс құжаттарындағы мәліметтерді [204[ толықтырады . 1845 ж. Сібір бекініс шебіне қарай көшкен Жаппастардан 120 ауыл Торғай қарай бөлініп;’’Наурызбай жасагын өлтіруге қатысымыз жоқ, біз

Кенесарыдан бас тартпаймыз''– деп мәлімдеп, бөлініп, көшіп кетеді [ 205[ 1845 ж. мамырда Кенесары жасағы қозғалысқа қосылмаған Жапастардың жүз ауылын шауып кетеді: "**Кенесары–Наурызбай ақпан–қаңтарда 1700 кісімен аттанып... ел шаба алмай, жасанған жауға килігіп қалып, өздері жаралы болып, жан сауғалап қайтып, сол бойымен Кіші жүзден кегін ала алмай, жерін тастай қашып, Шу,Қаратауға қарай ауып кетеді**" [ 206].

1844–1845 ж. Кенесары көтерілісшілерін жеңе алмаған әскери бөлімдердің сәтсіз жорықтарынан кейін, Ресей әкімшілігі Ырғыз, Торғай бойына бекіністер салу арқылы көтерілісшілерді ығыстыруды жоспарлайды [ 207]. Соның әсерінен Кенесары бастаған казак ауылдары Сыр бойына көшуіне мәжбүр болады. 1845 ж. Бұхар мен Қоқанның Кенесарыға қарсы одактасуы қазақтардың Іле өзені мен Балқаш көлі аралығындағы Қамал түбегіне орналасуына негіз болады [ 208].

Бұл арада Мәшһүр–Жүсіптің Кенесары осы Қамауға (Қамалға) келместен бұрын Ұлы жүзде қалыптасқан саяси жағдайына түсініктеме беруі « Қазақ түбі « үлгілерінің маңыздылығын, мәнділігін арттыра түседі: "**Іле деген өзеннің Балхашқа құйған жерін Қамау деп атайды. Қараталдың, Іленің, Шудың, алабын Алматы төңірегі Найман мен Үйсін жайлайды. Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты деген рулары Кенесары Ұлытау, Кішітаудан ауып барғанда, сол Қамауға барған. Шапыраштыдан басқа Ұлы жүз бұрыннан Қоқанға қарап, атқа мінерлері, еркегі жыл сайын сарттан шапан киіп тұратын. Найман, Темірсу, Жемінен Алматы, Аягөздегі орысқа бағынып, тері шекпен киіп тұратұғын** ''[ 209].

Патша үкіметі Кенесары ықпалын шектеу үшін генерал–мойор Вишневский қарамағына Нюхалов, Абакумов, Карбышев отрядтарын қосып береді [ 210]. Әсіресе Нюхалов отряды Қызылағашта бекініп, көтерілісшілдерді ұзақ қоршауға алады. Кенесарыға қарсы топка Бөлен, Сүйік, Әлі сұлтандар жасақтары, қосылып, осы қызметі үшін олар марапатталып, шен–шекпен алады [ 211[: "**Патша үкіметі... Аягөзден Кенесарымен соғысуға Нюхалов деген жасауылда қосын қылып шығарған. Оған көп жігіт–желеңмен Абылайұлы Сүк төре, Абылайдың тұңғышы Әділ ұлы Әлітөре, Салтыбайұлы Барақ төре, Шоңкайұлы Бөлен төре ерген екен. Осы айтылған төрелерді зерлі шекпен кигізіп бір–бір қылыш асындырып, жылтыраған тағып жіберді** " [ 212]. « Қазақ түбі « аңыз–әңгімесінде Қызылағашты Нюхалов әскері қыстап жатқаны, аз серіктерімен бір ауылда Наурызбайдың қонақ болғаны, қонақтарды Нохалов әскері

коршап алғаны, бұл оқиғаға Шалғынбай әкесі Бірәлі төре қатысқаны, Наурызбайлардың қоршауды бұзып өткені әңгімеленеді [213].

Қоршалу қаупінен құтылу үшін К.Қасымұлы көтерілісшілері Қамалды тастап, Шуға өтеді [ 214]. Бірақ Шу бойына ауысқан Кенесарыға Қоқанға қарсы күресті жалғастыруы әскери сәтсіздіктер әкелді. Алғашында 1846 ж. 20000 әскер жинақталған Кенесары қолы Мерке қамалын басып алып, біраз жеңістерге жетеді [ 215]. Қырғыз манаптары Кенесары ұсынысын қабылдамай, Қоқан мен Ресейге арқа сүйеп, ханға қарсы әрекеттерге көшеді.

« Қазақ түбі « жазбаларында Қызылағашты Нюхаловтың қыстағаны, қырғыз билеушілеріне хат жазғаны, Ресей келісімін көрген қырғыздар күшейгені, Кенесарының Қосшы, Солты руларын шапқаны, 1846 ж. Пішпек түбінде соғыста Сарбағыс Қалпақ батыр қолын қазақтардың жеңуі, бейбіт бітім жасасуы, бітімді қырғыз жағының бұзуы, 1847ж. Кекілік Сеңгірдегі шайқаста Кенесары жасағы қоршалуы, түн ішінде Сыпатай мен Рүстемнің қалың Дулатты қашырып жіберуі, ас–сусыз 3 күн соғысқан қазақтардың қолға түсуі Кенесары, Наурызбайдың ер өлімімен өлуі айтылады [ 216]. Бұл оқиғалар орыс құжаттары мен зерттеулерінде айғақталады [ 217].

Жазба деректерде Кенесарының 1847 ж. қатыгездікпен өлтірілуі айтылады [ 218]. Мәшһүр жазбасында Кенесары, Наурызбай ер өлімімен өліп, **“бас терісін сойдырып, орыс жұртына, патшаға жіберген. Бұл үшін Шабдан, Жантай Қарабековтар патшаға құрметті кісі болып, шаһырт тапты"** [ 219].

**6.10 Оныншы кезең (1848–1865 ж.)** бойынша « Қазақ түбі « мол дерек көзі жинақталған. Баса назар аударарлық бір мәселе, Мәшһүр–Жүсіп қазақ елі тарихын әңгімелеу барысында XVIII–XIX ғғ. Бұхар (XVI ғ.), Қоқан (XVII ғ.) хандарының тарихын шежіре ретінде келтіреді. Бұл тұста тарихты бейнелеудегі хронологиялық тұтастықтың “әдейі” мақсатты түрде бұзылғанын аңдаймыз. Бұған қарағанда автор Кенесары көтерілісінен кейінгі қазақ халқының тарихын жан–жақты талдап көрсету үшін XVI–XVIII ғғ. Бұхар, XVIII–XIX ғғ. Қоқан билеушілері шежірелерін қосымша дерек көзі ретінде кірістірген. Белгілі бір тарихи кезеңді (1848–1865), не сол замандағы оқиғалар барысының көп қырлылығын, заңдылығын таныту үшін Мәшһүр–Жүсіптің материалды жинақтап беру әдісін қолданғаны білінеді. Мысалы, « Қазақ түбі « № 1177 үлгісінде (94–99,126–140 беттер) алдымен XVIII ғғ. Абылай хан заманы, қазақ хандары шежіресі, XIX ғғ. ақындар айтысы туралы деректер беріліп, олардан кейін XVI ғғ. Шайбанилар әулеті (Абдолла хан), XVIII ғғ. Аштарханилар әулеті, Алтын Бесіктен бастап тарататын Қоқан

хандары (XVIII–XIX ғ.) әулеті тарихи сөз болады. « Қазақ түбі « № 1170 "б" нұсқасында (862–885 беттер) 1847 ж. Кенесары жеңілісін әңгімелеуі соңынан бірден XVI–XIX ғғ. Орта Азия билеушілері тарихы камтылған шежіре мағлұматтары ұсынылады. Яғни, « Қазак түбі « жазбаларында 1848–1865 ж. кезең тарихы XVI–XIX ғғ. Бұхар, Қоқан хандарының шежіресі болып табылады.

« Қазақ түбі « варианттарындағы оныншы кезеңнің шын мәніндегі хронологиялық шегін (XVI–XIX ғ.) шартты түрде 1848–1865 ж. оқиғалардың тарихи алғы шарты ретінде қабылдаймыз. Мұнда XVI–

XVIII ғғ. Бұхара билеушілері мен XVIII–XIX ғғ. Қоқан билеушілері тарихы алма–кезек байланыста айтылады. Алдымен Бұхар хандығын билеген Шайбани әулеті (1499–1598) тарихы; көбінесе Шибан әулетінің негізін салған Мұхаммед Шайбани [ 220[ мен атақты Абдолла [ 221[ туралы шежіре сөзі, аңыз–әңгімелері сөз болады [ 222]. Одан кейін XVII–XVIII ғ. билік құрған Аштарханилер әулеті (1599–1753) тарихы (Иманқұлы хан [ 223[) таратылады [ 224].

Бұхарды билеген екі әулет өкілдерін жіктеп әңгімелегеніне қарағанда, Мәшһүр–Жүсіптің Орта Азия мен Ресей еңбектерін салыстырғаны айқындалады: "**Ғабдолла ханның өзі қос медресе салдырды. 980–991** (1572–1583ж.–Л.Ж.) **бозманларын. Бұхарада 111 хыжыралы, екі тұбқалы Мырғыраб медресесін мұның тақау алдыңғы замандарында 932–де** (шамамен 1526ж.–Л.Ж.) **Мырғыраб батыр салдырды... Астрахан ханларын Дин Имамқұлы хан, баласы Ғабдолғазиз хан...**" [ 225].

219 Кенесары–Наурызбай хақындағы әңгімелер. /Материалды әзірлеген О. Исмаилов. // Жұлдыз. – 1992. – №4.– 199 б. ; Көпеев М. Ж. Тарихи әңгімелер. /Баспа бетіне әзірлеген Жүсіпов Н. Қ. // Жұлдыз. – 1994. – №10. – 201 б. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 18 тізім. – 1–2 б. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 7 тізім. – 1–2 б. ; Сонда. Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 7 тізім. – 3 б. ; ОҒКҚҚ, №1170 "б" папка. –805(201) б. ; Сонда. №1330 папка. – 233 б.
220 Ғылыми тақырыбымыздың басты нысанасынан ауытқымау үшін одан әрі қарай зерттеулерімізде XVI–XIX ғғ. Орта Азия билеушілері тарихы қысқаша шолу түрінде беріледі. Қараңыз: ОҒКҚҚ, №1176 папка. – 107(101) б.
221 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.38(68),94(141)–99(146;72). ; ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 1 топтама, 35 тізім. –Б.104. ; Көпеев М.Ж. Таңдамалы. /Құраст. С.Дәуітов. –Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. – 76 б.

222 ҚСЭ. – Т.1. – 534 б. ; ОҒКҚҚ, №1177 папка. – 94(141)–99(146;72) б. ; ОҒКҚҚ, №1170 "б" папка. – 862–864 б.
223 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 1 топтама, 35 тізім. –Б.105.
224 ҚСЭ. – Т.2. – Б.623. ; ОҒКҚҚ, №1177 "б" папка. – 864–869 б.
225 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 1 топтама, 35 тізім. –10–105 б.
226 ОҒКҚҚ, N1177 папка. – 126(173)–134(181) б. ; Көпеев М. Ж. Бұхар, Қоқан хандары туралы. /Даярлаған Н. Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 1997. – №1. – 78–80 б.
227 Көпеев М. Ж. Бұхар, Қоқан хандары туралы. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тарихы. – 1997. – №1. – 78–79 б. ; ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.126(173)–128(175). ; 229 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – 135(182)–140(187) б. ; Сонда. №1170 "б" папка. – 870–878,883–887 б.
230 Көпеев М.Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. // Энциклопедия "Айқап". [ Бас. ред. Нұрғалиев Р. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы бас ред. , 1995. – Б.107.
231 Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – Т.1. – 634 б. [368–370]. ;
232 ОҒКҚҚ, №1177 "б" папка. – 873–883 б. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 22 тізім.
233 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – 375(186;445)–377(188;466) б. ;
235 Көпеев М. Ж. Тұрмыс жайында болған хабарлар. / "Дала уалаяты" газеті. – 1890. – №9. // Дала уалаятының газеті. /Құраст. Сүбханбердина Ү. – Алматы: Ғылым, 1989. – 160–165,630–631 б.
236 Сонда. 195–200, 633 б.
237 Сонда. 110–122,784 б.
238 Сонда. 169–172,787 б.
239Көпеев М.Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. // Энциклопедия "Айқап". /Бас. ред. Нұрғалиев Р., құраст. Сүбханбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: Ғылым, 1989. – 106–109,304–305 б.
240 Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. –49 б. ; ОҒКҚҚ , №1176 папка. –202(209) б. ; 241 ҚҚҒС. – Т.3. – 59-69 б. ; ОҒКҚҚ, №1172 папка, №9 дәптер. –13,14,16 б. ; Сонда. №1174 папка, №7 дәптер. – 125–128 б. ; 242 История Казахстана. – Алматы, 2000. – Т.3. – С.714.
243 Көпеев М. Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі. /Даярлаған Н.Жүсіпов. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1994. – N10–12. –111–112 б. ; ОҒКҚҚ, №1177 папка. – 160–191 б. ; Сонда. №1177 папка. –27(14)–32(20) б.; Көпеев М. Ж. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т.1.

## 4 тарау М. Ж. Көпеевтің деректанушылық көзқарасы

Мәшһүр Жүсіп ел тарихын шежіре түрінде сипаттайды. Тарихи тақырыпты қамтитын шығармалары « Қазақ түбі» атауымен басталып отырады. Мәшһүрдің тарихты баяндаудағы енді бір өзгешелігі жер, жүз, ру, тайпа, жеке адам (тұлға)және халықтар тарихын біртұтас жүйеде қарастырады. Мәселен, 1907 ж. кітабындағы автордың арғы аталары туралы баяндалған мәліметтерде бір әулет өкілдерінің тарихын жер тарихымен қатар қарастырған: “**Мен өзім, атым Жүсіп, 49 жаста отырмын. Әкем аты Көпей, жылы барыс еді. 73 жасында, барыс жылы өліп, Баянауылға қойылды. Оның әкесі Сермұхаммед 70–тен асып өліп, Қызылтауға қойылған. Оның әкесі Ақжігіт 49 жасында өліп, Көкшетау бауырында Шортанқарағай, Қыздыңқарасуы деген жерге қойылды. Оның әкесі Бесім қартайып өліп, Ұлытауда бес саланың өре басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудың теріскей жағына ататұғын сайларды “Бесімнің бес саласы” деуші еді. Тірі күнінде өзінің қоныс қылған жері болғаны үшін…**”[1].

Мәшһүр Жүсіптің ғалым ретінде ғылыми көзқарасының қалыптасуына оның Шығыс өркениетін жетік меңгеруі және озық ойлы Еуропа мәдениетімен таныс болуы негіз болуы әбден ықтимал. Оның ғылыми мұрасын қазіргі ғылым салалары тұрғысынан қарастырсақ, онда әрі тарих, әрі шежіре, әрі этнология, әрі жер тарихы, әрі әдебиет, әрі фольклортану, әрі әдебиеттану, әрі тіл тарихы, әрі философия; әрі этнография мағлұматтары шоғырланғанын байқаймыз. Керісінше, кейбір қолжазба мәтіндері таза бір салаға ғана (медицина N1175, теология N1173, В. В. Радлов кітабы N1170 “а” т.б.) арналып жазылған.

Мәшһүр Жүсіп жазбалары арасынан ғалымның жалпы қазақ тарихына, шежіре сөздеріне берген ғылыми көзқарасы да кезігеді: “**Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. “Оқуға сенген ұмытшақ” деп оқуды керек қылмаған. “Жазуға сенген жаңылшақ” деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын, құлағының тесігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуыменен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған**” [ 2].

**7.1 Дерек жинастырушы** ретінде Мәшһүр Жүсіптің жүргізген жұмыс көлемінің кең ауқымдылығы, оның ат үстінде ел арасынан аз уақыт ішінде мол материал жинап үлгергені таң қаларлық. Мәшһүр

Жүсіп Көпейұлы тарихи шығармаларына дерек берушілер арасынан оның замандастарын: Мейрам Жанайдарұлын, Сыздык Кенесарыұлын, Ахмет Кенесарыұлын, Саққұлақ шешен, Бердалы қожа, Майлы Жәдігер, Ысмайыл қария, Бөртіней Байғозыұлы, Садуақас Мұсаұлы Шорманов т.т. тікелей оқиға куәгерлері, не куәгердің ұрпақтары да бар. Сондай-ақ аталған шежірешілердің өзара ақпарат алмасу тарихына мысал ретінде М.Ж.Көпеевтің жас кезінде Әбілғазы шежіресі нұсқасын Байдалының Мұстафасы қолжазбасына көшіріп бергенін айтумызға болады: "**Осы сөз Ургеніште 23 жыл хан болып тұрған Араб хан баласы Әбілғазы хан шежіресінен алынған сөз болса керек. Жас күнімде өзім жазып алған сөз Байдалынын Мұстафасына жазып берген шежіреңізде бар екен деп Ғиса баласы Мақұл 1928–нші жылда, Баянауылда өзіме көрсетті**" [3].

Ұлы ғалымның тарихтанушылық көзқарасын танытатын тағы бір қыры–«Қазақ түбі» еңбегіндегі ресми деректер, зерттеулермен қатар ауызша мәліметтердің берілуі. Шыңғыс хан және оның шығу тегі туралы жинағандарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы "Қазақ түбі" аңызында Әбілғазы шежіресі мен В. В. Радловтан құнды мәліметтер келтірген: "**Алтынбел ханның Алмалы Көрікті деген қызынан туған әкесі иоқ(жоқ), сағымнан пайда болған Шыңғыс хан пайғамбар тарихтан беш иоз илик тоқызда (559) доңыз жылында Мұғол иортында Вком Илдоқ тиген ирде дүниеге келді. Бір қолы иұмық... қан ұстап туып еді**" [4].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мәліметтерді қалай естісе солай өзгертпей жазып алып отырған, кейінгі « Қазақ түбі» нұсқаларында да сол деректі дәл солай өзгертусіз келтіріп отырған. Яғни мағлұматтың түпнұсқалық негізі сақталынып, ешбір бұрмалаушылыққа түспегендіктен тарихи маңызыдылығы артады. Әрбір мәтіннің басында, не ортасында, не болмаса соңында сол деректің түпкі иесінің, мәліметті ауызша жеткізушінің есімі аталуы, оның ата–тегі өмірбаяны туралы мәліметтер берілуі, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының деректанушы ғалым екендігін дәлелдейді. Тіпті аңыз–әңгімені қайда, қашан, қандай жағдайда, кімнен, қалай естігенін мәлімдеуі сол деректін шынайлылығына, бұрмаланбағанына күмән келтіртпейді.

Мысалы, «Қазақ түбі» N1177 топтамасында ең алдымен Әбілғазы Баһадүр өмірбаянымен таныстырып [5], артынан шежіресінен үзінділер беріп, В. В.Радлов жазбаларынан алынғандығын хабарлай отырып [ 6], соңынан Радловтың "Қазақ түбі" әңгімесін ұсынады.

Дерек жинастырушы ретінде деректер ұсынуда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бергі VIII–XIX ғғ. тарихи оқиғаларын баяндауда да жер–су атауларына көбірек сүйенеді. Мысалы, Кенесары топтамасында Кенесарының соңғы шайқастары туралы айтпастан бұрын қырғыз тайпаларының географиялық картасы (орналасуы, өзен–таулары, асулары, жер бедері), соғыс барысы туралы деректерді байланыстырып беріп отырады [7].

Сонымен қатар М. Ж. Көпеев шежіре үзінділерінің бірінде әз Тәуке ханнын моласының Қараөткелде салынғаны, кейіннен бүлінгені туралы да деректер бар [8].

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» (1907 ж.) кітабында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Сарыарқаны қоныстанған елдер тарихын жер –су атауларымен байланыстырып баяндайды. Оның мәліметтері бойынша, кезінде Сарыарқаны Мық, Шерміш жұрттары иеленген,содан ноғайлы тұсында "Хан сүйегі", "Ақжар-Сасай", "Тоғанастың тоқсан екі көлі", "Сұлу там», «Қызыл мола" т.т. жер-су атаулары пайда болған.

Баспа бетінде басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Қазақ шежіресі" атты туындысында (құрастырушысы: С. Дәуітұлы, Алматы, Жалын, 1993) өзі тек Баянауыл аймағының тарихы, мекендеген ру–тайпалар тарихы: тұлғалар, батырлар, билер, ақындар т.б. тарихы, жер-су атаулары тарихы жинақталып, байланыстырылып берілген. Шежірені Баянауыл аймағы тарихы туралы мол дерек көзін ұсынған бірден-бір ғылыми зерттеу деп тануымызға болады. Бұған қазіргі кезде атақты жерлес ғалымдарымыз, ақындарымыз т.б. туралы жарияланып жатқан естелік кітап, шежіре авторларының Мәшһүр шежіресіне көбірек сүйенуі айғақ бола алады [9].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» нұсқалары мазмұны, жазылу реті, жүйеленуі жағынан өз замандастары Қ. Халид, Ш. Құдайбердіұлы зерттеулерінен өзгешеленеді. Пайдаланған дерек көздерінің басым үлесін есепке алсақ, Қ. Халид шығыс, Ш. Құдайбердіұлы батыс мағлұматтарына көбірек сүйенген. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ең алдымен, негізінен, халықтық төл мәліметтерге иек артады. М. Ж. Көпеев өзі келтіріп отырған ауызша деректерді таза тарихи шындық ретінде қабылдамайды, тек тарихи материал ретінде ұсынады. Ал замандасы Шәкәрім Құдайбардіұлы өз шежіресінде ауызша деректердің ақ-қарасын салыстырып қарамай, шынайы тарихи негізін сараптамай шындық ретінде зерделеуі бірқатар жаңсақтыққа жол берген.

М. Ж. Көпеев шежіресі мазмұны екі сипатқа ие болған: әрі ата тек тізбегі, әрі жылнамалық сипатқа ие болатындығы баспасөз беттерінде аз айтылмайды [ 10].

**7.2 Дерек зерттеуші** ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі жинастырған, ел арасында кездескен мәліметтерге талдау жүргізіп, салыстырып шынайылығын зерделеп отырған. Мысалы, Аныстан бастайтын қазақтың шығу тегі туралы жазылған бір нұсқасында, Шәкәрім Құдайбердіұлының осы бір вариантын сынаған. Жер атауына (Домбы Ата) сүйеніп, бұл шежіренің тарихилығын, шындығын (Тарихымызда Анис кезеңін VII–VIIIғ. Ислам діні таралған уақыт деп қарастыруымызға болады) өзінше дәлелдейді.[ 12].

Сонымен бірге « Қазақ түбі» жазбаларындағы “Олжабай батыр” топтамасы бір әңгімесінде “Шүршітқырған” шайқасы, Баянауылдағы “Шүршітқырған” жер атауы туралы да тың деректер беріледі. Ал қытай құжаттарында, жинақтарында Дардана мен Хадаха (қытай генералдары) әскері ылғи “жеңістерге” жетіп, тіпті Баян тауының батысында 1757ж. Абылай әскерін талқандаған-мыс деп айтыла береді [ 13].

Араб, парсы, түркі сөздерінің тілдік құрылымын жетік меңгерген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының төте жазуда қазақ сөздерін араб графикасы заңдылығына емес, қазақша айтылу ретіне қарай жазылуы керек (транслитерациялау) деп есептеген: “**Қазақ арабша “таифа” дегенді “таипы” дейді, “ғани” дегенді “кәні” дейді (олжаға кәні болдым). Ал арабша “ғани” бай деген сөз. “Дағуа” дегенді “дау” дейді. Арабша “саяд”–аң аулау деген сөз. Қазақ “саятшы” дейді. Арабша “фаһим” дегенді қазақ байымдау дейді, “лахазза” дегенді “ілездің арасында” дейді. Парсыша “пәнде” дегенді қазақ “бенде”, “фидея” дегенді “жаним пида” дейді.**

**Егер علمه(ғлме) деген сөзді жазғанда, ғайынның үстіне үтір салмасақ, қазақ ғұлама я ғалама деп оқырын білмей, оқып келе жатқан сөзінің ретін бұзып алады. Егарда علما (ғұлама) деп жазсақ, бөгеті жоқ, түсіне қалады**” [ 14].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бұл пікірін ғалымдар: В. П. Юдин, А. Б. Халидов, М. Х. Абусеитова, Р. Сыздықова, Т. К. Бейсенбиев, М. Қойгелдиев, А. И. Исин зерттеулері де қуаттай түседі [ 15].

Топографиялық, әрі топонимикалық, әрі географиялық мағлұматтарды тарихи таныммен салыстырып, Нұх топан суы туралы айтқан Мәшһүр дәлелдері, пайымдаулары назар аударарлық: “**Естіген құлақтың жазығы жоқ. Құрттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді:**

**– Нұх пайғамбар тақтайдан кеме салған,**
**Ол кеменің тақтайын тышқан тескен,–деп.**

**Бұл–естіген сөз. Құлақ естігенді көз көрмек. Бұл күнде көзіміз көрген бір нәрсені ойға алып жүрсек, топан су тасып, дүние жүзін қаптағандығы айдан жарық, күннен анық көрініп тұр... Жарапазаншы шал айтты деп топан суы болғандығына нанып тұрғаным жоқ. Өз көзім көрген нәрседен нанғандығымды білдіріп айтып тұрмын. Сол топан судың болғандығын тау біткеннен 40 кез асқандығын жер айтып тұр. Су айтып тұр. Тау–тас айтып тұр"** [ 16].

Шежіреші ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының генеологиялық кестесін ежелгі заманнан, Уыз хан (Оғыз хан) кезінен бастап, дәлірек айтқанда, Уыз ханның Үш оқ атанған ұрпағы қазақ елінің үш жүздік құрылымымен сабақтастырады: **"Күн, Ай, Жұлдызына таласпай–ақ қоялық. Үш оқты бізге қимай ма? Біз неге әлі күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!"** [17] Ғалымның бұл пікірі ғылыми топшылауларға жақын. Себебі Х. Әділгереев мақаласында келтірілген Х ғ. Макдисидің "Алтын тоғай" зерттеуі бойынша, оғыздар үш ордаға: Ұлы Орда, Орта Орда, Кіші Ордаларға бөлінген екен.[ 18]

Оның үстіне деректанушы ретінде Әбілғазы Баһадүр шежіресіндегі деректерді халықтың әдет–ғұрпымен, салт–дәстүрімен т.с.с. өзінің тарихи тілінде байланыстырған. Шежірешінің ғылыми топшылаулары өзіндік ерекшелігімен назар аудартады: **"Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз–Уыз хан балаларына өз пайым–парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды–жарамдысын ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге шейін біздің қазақта айдың басында туған баланың атын Айбас қояды, таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Көл басында туса, Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзекте туса Күзекбай, Күзеубай. Есілде туса Есілбай, Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі–өнеге–осы.**

**Екінші өрнек үлгісі–кніз үй. Бір нәрсені біреу іздеп таба алмай келсе: "Осы уыз үйлі пәленнен таба алмағаның ба?"–дейді.**

**Үшінші өрнек үлгісі–топырлатып жылқы сою, қой сою, қара сабаға қымыз толтыру.**

**Төртінші өрнек үлгісі–тоғыз–тоғыздан сый, сыйлық, сяпат. Өлген өлігіне мал шығарса да тоғыздан. Байлар өлсе жаназаға барып келушілерден: "Неше тоғыз шығарыпты?"–деседі.**

**Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз–Мұғол, Маңғұлыскейге барып қосыламыз.**

**Үшінші буын атамыз–Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай–ақ коялык. Үш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!»** [ 19].

Бұған коса, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы деректерді мәлімдеп қана қоймай, оқиғаның болған уақытын, себебін ашып көрсетуге ұмтылады. Мысалы, ол XIII–XVII ғғ. тарихи даталарды ескіше жыл санау (һижра) есебімен беріп, ал XVIII–XIX ғғ. оқиғаларды жаңа жыл санау (Григориан) бойынша берген: "**Қазақ жұртының аузында: "Қасым ханның қасқа жолы",–деп атанып қалды. Тоғыз жүз отызда Сарайшықта** (офат) **болды** [ 20]. **1738–де Әбілхайыр хан бас болып, Адайдан баска Кіші жүз орысқа бағынады. 1750–де Абылай хан мен өр Жәнібек орысбен сауда араластыру үшін Тройскіден базар аштырған. 1755–ші жылда Құлыкесінің баласы Сүгірәлі жасаққа келген қазаққа бір өткелдің аузында 100 ат ұстатып беріп Сүгірәлі мырза атанған**[21]».

Тарихтанушы ғалымның мүшел қайыру әдісін қолданып, тарихи оқиғаның қай жылы болғанын анықтауы ерекше көңіл бөлерлік. М. Ж. Көпеев 1837–1838ж. оқиғаларға қатысқан Байғозының ұлдарының мәліметтеріне (Нұрсиет Байғозыұлының сол жылы туғанын) сүйеніп, Кенесары Қасымов көтерілісі ит жылы (1837ж.–ит жылы) басталды деген қорытындыға келеді [22]. Хан Кенесары көтерілісінің аяқ кезі туралы « Қазақ түбі» екі мезгілді қатар жазып кеткен: бірі–1846 жыл [ 23], екіншісі–1847 жыл [ 24].

Хан Кенесарының Қамауға (Қамалға) келгендігі туралы, Ұлы жүз халқының ішкі саяси жағдайы туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев мәліметтерді келтіре отырып, өз ой–пікірін,көзқарасын қоса айтады: "**Іле деген өзеннің Балқашқа құйған жерін Қамау деп атайды. Қаратaлдың, Іленің, Шудың алабын, Алатау төңірегі Найман мен Үйсін жайлайды. Албан, Суан, Дулат, Жалайыр, Шапырашты деген рулары Кенесары Ұлытау, Кіші таудан ауып барғанда, сол Қамауға барған. Шапыраштыдан баска Ұлы жүзде, Найман да Кенесарыны мойындай қоймаған. Ұлы жүз бұрыннан Қоқанға қарап атқамінерлері, еркегі жыл сайын сарттан шапан киіп тұратын. Найман, Темірсу, Жемінен, Алматы, Аягөздегі орысқа бағынып, тері шекпен киіп тұратұғын**" [25].

Енді бір қолжазбасында ғалым қазақ хандарының билеу институтына, тек шежіресіне жеке тоқталып өтеді. Қалмақ қонтажыларымен салыстыра келе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ тарихындағы орталықтандырылған, біріккен абсолютті билеу жүйесінің жоқтығын сынап жазады: "**1778 – жылдар Абылай ханның Орта жүзге хан болған шамасы. 1821–жылдар Уәлі хан**

**өліп, асы берілген шамасы. Қалмақтарға да әртүрлі ат қойылса керек. Мұның ханы Қалдан Шерін – Батыр баласы. Қара қалмақтың ханы қоңтажы, орыс историясында "хан тайшы" делінеді. Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт – бұлардың ханы кәрі Аюке Тапсыради деседі. Қоңтажы, Аюке бірақ кісінің аты болмайды. Шүршіт хан Ежен хан атағандай болғандарына айтыла берсе керек.**

**Қазақта мұндай үзілмей бірінен соң бірі болып тұратұғын хандық жоқ. Анда–санда қолдарына хандық тиіп қалады да, ұзамай быт–шыт болады"** [ 26].

**7.3 Деректерді жіктеуші,топтастырушы** ретінде бергі XVIII–XIX ғғ. тұлғаларды сараптауға келгенде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы олардың кімдердің замандасы болғандығына назар аудартып, жіктейді. Жәнібектерді сараптау барысында ғалым Шақшақ Жәнібектің қалмақтың қоңтажысы Қалдан Шерінмен замандас екенін, ал керей Жәнібектің олардан сәл кейін көзге түсе бастағанын ашып көрсетеді [27]. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кейбір аңыз–әңгімелердегі көмескі мәліметтердегі тарихи тұлғаның аты өзгергенде ("Алаша хан" т.б.) халық жадында сақталынған есімін ғана мәлімдеп, қай кезде өмір сүргенін өзі де анықтай алмағанын да жазып кеткен: "**Қазақтын өз сыбағасына арналып хан болғандар: Қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан, "Күлтөбеде күнде кеңес" атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан.**

**Қазақта хан болып, заң–закон жасап, халық қатарына қосқандар осы айтылған хандар. Алды–арты жоқ Алаша хан деген бір хан билеген. Қазақ үш жүзге бөлініп. Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз Арғын, Кіші жүз Алшын атанғаны: Алаш деп ұран шақырысып, "Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда, ұранымыз Алаш болғанда деп айтатын заман болған"** [ 28].

Сонымен қатар М. Ж. Көпеев кейбір аңыз–әңгімелердің шығу тегін, себебін ашуға да ұмтылған. Қазақ–қырғыз қарым–қатынасының XIX ғ. бірінші ширегіндегі шиеленісуінің түп төркінін, яғни алғышартын Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығынан басталатындығы туралы өз ой–пікірін ұсынады. [29] Ал Сыпатай батырдың қырғыздармен достасуына Ұлы жүз руларының қырғыздармен көршілес, аралас болу әсер еткен деп карастырады: "**Қырғыз таптары Шапырашты, Үйсінмен аралас отырған: Сарбағыс, Солты, Бұғы. Сарбағыстан Әтіке Жырыкқа алты ұлы алты ас берген. Сол алтауының бірі–Қарабек, мұнан Жантай, мұнан Шабдан''** [ 30].Сонымен бірге Ә.Исақовтың зерттеуінде [31]

де Сыпатайдың ағасы Андас батырдың, Қанай мен Жаңғараш манаптардың Қарабалта деген жерде жерленгені туралы деректер бар.

М. Ж. Көпеев шежіресінің және жалпы Шығыс шежіре үлгілерінің ортақ жаңсақ кетушілігі де кездеседі. Мысалы, қолжазбалардың шашыраңқы орналасуы, кейбір оқиғалардың қолжазбаларда өзгеріссіз қайталануы т.с.с. Ғалым қолжазбасындағы тарихи мәліметтердің байланыстылығын, хронологиялық реттілігін аңғару қиын. Мысалы, қазақ халқының шығу тегін әртүрлі варианттармен жазады. Қазақ аңыздарындағы түркілік кезеңді (Мәшһүрдің Әбілғазы шежіресі) Ел хан есімінен бастап баяндайды. Бұл нұсқаларда қазақтың шығу тегін Аныс (Әнес, Ан), Аққөсе, Мәлік сахабалардан бастап тарату себебіне тоқталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы « Қазақ түбінде» Ш. Құдайбердіұлы шежіресіндегі [32] "қазақты арабтардан тудыратын" үлгінің күмәнді жақтарын ашып көрсетеді.

М. Ж. Көпеев "Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған" еңбегінде Алаша хан замандастары ретінде Қондыкер, Құбаң, Қотан, Қоғам, Майқы есімдері айтылады [33]. Оның мәліметтері де [34], Ә. Х. Марғұлан зерттеуі [ 35] де Қондыкер атауын оғыз этнонимімен байланыстырады: **"Қазақ эпосында оларды "Көндігер Құбаң жұрты", "Ноғайлы", "Қаят", "Қыпшақ" деп түрлі атаумен атайды. Бұл жердегі "Көндігер, Құбаң жұрты" дегені–орта ғасырлардағы Күншығыс әдебиетіне әйгілі ''оғыз'' бен "қыпшақ'' жұрты. "Кубан" Еуропа әдебиетінде жиі кездесетін "Куман" елінің осы күнге дейін сақталып келген бір есімі болуы әбден ықтимал, екінші сөзбен айтқанда қыпшақтың бір руының аты да болуы мүмкін". [ 36]**. Егер IX–XII ғғ. тарихты Мәшһүр шежіресі этнонимдер атауларын кісі есімдерімен байланыстырып көрсетсе, « Қазақ түбі» XIII–XIV ғғ. және XV–XVII ғғ. оқиғаларды Шыңғыс әулеті шежіре үлгілері (Әбілғазы мәліметтері) арқылы баяндайды. [ 37].

Қазақ хандарының Сырдария қалалары үшін XV ғ. а. мен XVI ғ. б. шайбанилармен күрес жүргізгені белгілі[ 38]. Осы бір саяси күрес тарихын айғақтайтын мәліметтер « Қазақ түбі» де бар. XVI ғ. дәуірі тудырған мотив казақ ру–тайпаларын "қожалардан" шығарып таратады. Мәшһүр Жүсіптің "Қазақ шежіресінде" [ 39] Жанарыстың (Орта жүз) 6 баласына (Қарақожа–"арғын", **Аққожа**–"найман", Ақтамбердіқожа–"қыпшақ" т.с.с.), Арғын тоқалынан тараған 5 ұлына (Ақсопы–"қанжығалы", Қарасопы–"қарауыл", Сарысопы т.т.) "қожа"," сопы " есімдері қатар айтылады. XVI ғ. б. казақ қоғамында дін өкілдерінің ықпалы зор болғандығы З.Жандарбек зерттеуінде сөз

болып, Байшора, Жаншора, Қарашора, Аққожа, Қыдырқожа (Кіші жүз Алшында) атаулар тарихы қожалардың жүздердің пірлері болғандығымен сабақтастырылған [ 40].

« Қазақ түбі « шежіресінің "ноғайлы" үлгісі де бар. Мұнда да қазақ халқы тарихы Ормамбет есіміне байланысты аңыз–әңгімелер арқылы берілген. М. Тынышпаев зерттеуінде Ормамбет би өлген соң (1600 ж. шамасында) ноғайлардың өзара бытырап кеткенін айғақтайды [ 41]. Енді бір шежіре сөзінде Мәшһүр–Жүсіп қазақтың Келімбеттерден бастап тарататұғын нұсқалар барлығын, бірақ үлгілер тарихын ешкім түсіндіре алмағанын айтады: **"Біреу Болат кожа дейді, біреу Ақжол дейді. Екеуі бір кісіге аталған ат деседі. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, үш жүздің атасының аты деседі. Біреулер Ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шодан деген аталары бар десіп жүрді. Бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ болды»** [ 42]. Ал В. З. Галиев кітабында [43[ бұл Келімбеттердің Ноғай ұлыстарын басқарған Ормамбет, Тінмамбет балалары екендігін айтып, шежірелердегі "Келімбет" варианттарын XVI–XVII ғғ. қазақ–ноғай байланыстары тарихы деп түсіндіреді . Белгілі шығыстанушы ғалым М. Қ. Әбусеитова монографиясында ноғайлардың XVI ғ. Сарыарқаны коныстанғаны жоққа шығарылмайды [ 44].

Бұл шежіре нұсқасы тарихына Ә. Марғұлан да пікір білдірген: "Қырда ерте кезде салынған тас үйлер туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жазғандары тарихи жағынан өте бағалы. Ол кісінің айтуынша ноғайлы–қазақ халқының әскер басы жігіттері айдалада жүргенде, тас қорған үй жасайтын болған. Шідерті өзенінің аяғында тұратын, "Ақжар–Сасай"–сол ноғайлы қыпшақтардың хандарының орда қылып, тақ орнатқан жері. Есіл, Нұраның арасындағы үлкен айдын "Тоғанастың тоқсан екі көлі"–ноғайлы–қазақтардың жойқын егін салған жерлері. "Қызыл–мола", "Сұлу–там", "Сырлы–там", "Хан–сүйегі" солардың жәдігерлері" дейді (Мәшһүр–Жүсіп. Сары–Арқа. 1907, 2–4 б.)" [ 45].

Бергі XVIII ғ. а. оқиғаларды (Абылай ханның қырғыздарға қарсы жорықтары) айғақтайтын шежіре сөзі де арғын тайпасы қарамағындағы "жаңа қырғыз" тармағының пайда болу тарихын қозғайды: **"Жаңа қырғыз деп сөйленеді, қырғыз ханының Абылай ханға ақ үйліге берген бір тайпа елі"** [ 46].

**7.4 Деректерді құрастырушы** ғалым ретінде Мәшһүр Жүсіп жинақтаған барлық тарихи материалдарды өзінің « Қазақ түбі» атты жинағына кіргізген. Бірақ қолжазба кітап мазмұнына кіргізбестен бұрын бұл деректер сұрыпталған, толықтырылған, кезеңдерге бөлініп,

такырыптары қойылып жинақталған, соңында өзара байланыстырып берілген. Мұның өзі Мәшһүр Жүсіптің деректанушы ретінде ғылыми көзкарас негізінде зерттеу жұмысын жүргізгендігін айқындайды.

« Қазақ түбі» нұсқаларының ғылыми маңызын көтерген бір құнды өзгешелігі – әр «Қазақ түбі» үлгісінде тарихтың әртүрлі баяндалуы, кейбір нұсқа мәтіндердің мазмұны келесі «Қазақ түбі» варианттарында қайталанбауы. Мәшһүрдің «Қазақ түбі« тақырыбында жазылған шығармаларының мазмұны әртүрлі:

Бірінші үлгісінде Адам Ата Нұх заманынан Уыз ханға дейінгі кезең [ 47], Мұхаммед пайғамбар және Аныс, Аккөсе сахабалар дәуірі [ 48], 92 баулы Қыпшақ, 32 баулы Өзбек, "үш жүз" атанулары ("Алаша хан" әңгімесі) туралы шежіре сөздері [ 49]; Әбілғазы шежіресі негізінде Әз Жәнібектен бастап әз Тәукеге дейінгі қазақ хандары тарихын баяндауы [ 50]; Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи аңыз–әңгімелер [ 51] жинақталған.

« Қазақ түбі « екінші нұсқасында В. В. Радловтың "Қазак түбі" аңызындағы Шыңғыс хан (Шынкыз) шығу тегі жөніндегі аңыз–әңгіме нұсқасы [ 52]; Абылай хан және оның заманы хақындағы ауыз әдебиеті үлгілері (аңыздар, жырлар, дастандар) [ 53]; Нысанбай жыраудың "Кенесары–Наурызбай" дастаны беріледі.

Үшіншісінде Әбілғазы шежіресіндегі: Адам Ата, Оғыз (Уыз) хан әңгімесі [54]; Шыңғыс хан (Темучин) шығу тегі; Шыңғыс ханнан Есім ханға дейінгі хандар тізбегі қысқартылған нұсқасы [ 55]; Абылай хан және Абылайдан кейінгі замандағы ұрпақтары [ 56] сөз болады.

Төртінші вариантында үш жүз ("Алаша хан" әңгімесі) шығу төркіні туралы әңгіме нұсқасын [ 57]; Жәнібектен әз Тәукеге дейінгі хандар шежіресін (Мәшһүрдің хандар тізбегінің бір үлгісі) [ 58]; Ақтабан шұбырынды аңызын [ 59], Еңсегей бойлы ер Есім хан ертегісін [ 60] әңгімелейді.

Бесінші нұсқасына Адам Ата, Уыз хан шежіресі (Әбілғазы нұсқасы) [ 61]; В.В.Радловтың Шыңғыс хан шығу тегі туралы әңгімесі [ 62]; Қ.Халидтың Алтын Орда тарихы және әз Жәнібек тегі туралы баяндаулары [ 63]; Мәшһүр Жүсіптің Жәнібектен әз Тәукеге дейінгі шежіре варианты [ 64]; Ақтабан шұбырынды туралы тарихи сөздері топтамасы [ 65]кірген.Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларының тарихты әртүрлі вариантта әңгімелеуі « Қазак түбі» еңбектерінің ғылыми маңызын көтергенімен, қолжазба мәтіндерінің шашыраңқы сипатта орналасуы тарих тұтастығын, кезеңдердің өзара байланыстылығын түсінуге кері әсер етеді.Ғалым тарих туралы мол дерек көздерін ашып көрсеткенімен тарихи оқиғаларды тануға, жүйелеуге, қорытуға, түйіндеуге келгенде "самарқаулық" танытады. Әрине бұған Мәшһүр–

Жүсіп дүниетанымының өзегі болған шығыстық білім ықпалы, діни орта әсері негіз болған.

"Қазақ түбі" материалдары бойынша жасалған шолу Мәшһүр–Жүсіп Көпейұлының деректанушы, тарихтанушы, шежіреші–этнолог, өлкетанушы, жер тарихын зерттеуші ғалым болғандығына назар аудартады. Зерттеуде атап–атап көрсетілген ғалымның тарихи көзқарастары, ғылыми еңбегі Отан тарихы ғылымы дамуына мол үлес қосады деп санаймыз.

**Әдебиеттері:**


1 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. /Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1990. – Т.1. –258–259 б.

2 ОҒКҚҚ, Көпеев М.Ж. қолжазбасы, №1177 папка. –258(301). ; Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. /Даярлаған С.Дәуітов. –Алматы: Жалын, 1993. –9 б.

3 ОҒКҚҚ, №1177 папка. –99(146) б.

4 ОҒКҚҚ, №1173 папка. –406 б.

5 ОҒКҚҚ, №1177 папка. –221(264) б.

6 Сонда. 264–279.

7 Көпеев М. Ж. Кенесары–Наурызбай хақындағы әңгімелер. /Дайын. О. Исмаилов. // Жұлдыз. – 1992. – №4. –197–198 б. ; Бекмаханов Е. Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – 52–53 б.

8 ҚПЖӘМ, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы, 2 топтама. –356–357 б.

9 Салғарин Қ. Қазақтың киелі тарихы. –152 б. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс–Баянауыл өңірі. –90–91 б. ; Қаныш елі (фото–кітап). /Құрастырушылар О. В. Таланова, М. Сәрсеке. –Алматы: Жібек жолы, 1999. – С.336

10 Айтбаева Р. Тарих айту дәстүрінің дамуы хақында. // Қазақ тарихы. – 1994. – №3. –44 б. ; Тілеке Ж. Шежіре: Ертіс–Баянауыл өңірі. –62 б.

11 Құдайберді Ш. Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі. –70 б.

12 Бұл туралы 2 бөлімнің 2 тарауында (екінші кезеңінде) айтылған. Қараңыз: ОҒКҚҚ, №1176 папка. –108(152;55–111(105) б.; Сонда. №1174 папка. –256(299)–261(304;154) б.

13 Марғұлан Ә.Х. Олжабай батыр. //Жұлдыз. – 1984. – №2. –Б.171.; Цинская империя и казахские ханства: вторая половина XVIII–первая треть XIX в. /Сост. Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. – Ч.1. – С.110.

14 Бекхожин Қ. "Дала уалаяті" және мәдениет мәселелері. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – №10. – 55–65 б.
15 Юдин В. П. Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда. /Составители Баранова Ю. Г., Абусеитова М. Х. – Алматы: Дайк–Пресс, 2001. – С.388. [42–43 с].; Абусеитова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI–XVII вв.: история, политика, дипломатия. – С.67–70. ; Халидов А. Б. Арабские рукописи и арабская рукописная традиция. –Москва: Наука, 1985. – С.312 [95,156–157]; Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б. [110–112]. ; "Әділ сұлтан" эпикалық жыры. /Зерттеу, қолжазба факсимилиесі, транслитерациясы, транскрипциясы, түсініктемелері, баспаға дайындау – Исин А. И. – Алматы: Дайк–Пресс, 2001. – 148 б.; Бейсенбиев Т. К. "Тар их–и Шахрухи" как исторический источник. – Алматы: Наука, 1987. – С.200 (32).
16 Көпеев М. Ж. Наурыз. // Парасат. – 1990. – №3. –12–13 б.
17 ОҒКҚҚ, №1177 папка. –235(278) б. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі, 2 топтама. –3 б.
18 Әділгереев Х. Қазақ халқының құралуы тарихынан. // Социалистік Қазақстан. – 1941. – №115. – 18 мамыр. –3 б.
19 ОҒКҚҚ, №1177 папка. –235(278) б.
20 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.244(287). ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 2 топтама, 13 тізім. – 8 б.
21 Сонда. №1178 папка. – 171(304) б.
22 Сонда. №149 папка. – 188–189 б.
23 ОҒКҚҚ, №1170 "б" папка. – 845(241) б.; Сонда. №1178 папка. – 20(34) б.
24 Сонда. №1176 папка, №1 бума. – 84 б.; Сонда. №657 папка, №9 дәптер. – 1–7 б.; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 64 "ә" тізім.
25 ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 65 "ә"тізім. –2 б. ; Сонда. N1177 папка. – 240(193;120) б.
26 ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 том, 6 тізім. – 22 б.
27 ОҒКҚҚ. №1178 папка. – 88,176(313) б.
28 ҚПЖӘМ, Фазыл көшірмесі, 5 топтама, 6 тізім. – 22 б.
29 Абылай хан. [ Құрастырған С.Дәуітов]. – Т.1. – 239 б. ; ҚПЖӘМ, Жолмұрат көшірмесі, 4 топтама, 54 "в" тізім. – 1–2 б. ; ОҒКҚҚ, №829 папка, №1 дәптер. – 6 б. ; Сонда. №1177 папка. –248(201) б.
30 ОҒКҚҚ, №1176 папка. – №1 бума. – 87(93) б.

31 Исақов Ә. Сыпатай туралы сөз. //Қазақ батырлары.–1991.–15.08.– 7.–5 б.
32 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз–қазақ һәм хандар шежіресі.– 80(70) б .
33 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. /Дайындаған С.Дәуітов. – Т.2. – 60 б.
34 Көпеев М.Ж. Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер. [Даярлаған Н.Жүсіпов. // Ақ Орда. – 1993. – №2. – 79–80 б.
35 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – 353 б.
36 Қазақ ССР тарихы (көне заманның бүгінге дейін). Бес томдық. – Алматы: Ғылым, 1983. – Т.2. –58 б.
37 Торма И. Мажарстандағы Қотан батыр. // Қазақ әдебиеті. –1995. – 31 қаңтар. – №3–4. –15 б. ; Голден П.Р. Құман–қыпшақтардың тайпалары мен рулары. // Ана тілі. – 1998. – №12.
38 Абусеитова М.Х. К истории казахской государственностий XVI–XVII вв. // Государство и общество в странах постсоветского Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. – С.24; Ее же. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII вв. : история, политика, дипломатия. – С.123.
39 Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі. –14–15 б.
40 Жандарбек З. Қазақ жүздерінің пайда болуы жөніндегі жаңа деректер. // Государство и общество в странах постсовственного Востока: история, современность, перспективы: Материалы международной конференций. – С.57-58.
41 Тынышпаев М. Великие бедствия. – С.36–38.
42 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. [Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. –63 б.
43 Галиев В. З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – С.31–32.
44 Абусеитова М. Х. Казахстан и Центральная Азия в XVI–XVII вв – С.105.
45 Марғұлан Ә. Х. Ежелгі жыр, аңыздар. – 45 б.
46 ОҒКҚҚ, №1178 папка. – 141(304) б.
47 ОҒКҚҚ, №1176 папка, №1бума. – 100(94;51) –107(101) б.
48 Сонда. 108(102;55) –111(105) б.
49 Сонда. 114(108;34) –120(114;61) б.
50 Сонда. 344(430;170) –345(431;171) б.
51 Сонда. 345(431) –346(432;172) б.
52 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. [Құрастырған С. Дәуітов. – Алматы: Ғылым, 1992. – Т.2. – 91–96 б.; ОҒКҚҚ, №1170 “а” папка. — 111(60)–124(67) б.
53 ОҒКҚҚ, №1170 “а” папка. – 124(67) –127(68) б.

54 ОҒКҚҚ, №1173 папка. – 394–406 б.
55 Сонда. 406–408 б.
56 Сонда. 408 б.
57 ОҒКҚҚ, №1645 папка. – 76(250)–83 б.
58 Сонда. 83–85 б.
59 Сонда. 85–87 б.
60 Сонда. 108–112,146–148 б.
61 ОҒКҚҚ, №1177 папка. –221(264;147) –235(278;141) б.
62 Сонда. 236(279) –244(287) б.
63 Сонда. 244(287) б.
64 Сонда. 244(287) –248(291) б.
65 Сонда. 247(290;147) –248(291) б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Белгілі бір істеген іс–әрекеті, сөйлеген сөзі, тұжырымдаған ой–пікірі арқылы қатардағы қоғам мүшелері арасынан ерекшеленіп, ел тарихында орын алған жеке адам – тұлға. Отан тарихының жалпы даму барысына өз үлестерін қосқан тарихи тұлғалар қазақ қауымының саяси–экономикалық, әлеуметтік, рухани өмірінде хан, сұлтан, би, батыр, рубасы т.с. ретінде танылған еді.

М. Ж. Көпеевтің ғылыми көзқарасы қалыптасуына өмір сүрген заманы және өскен ортасы әсер еткен. Мұсылмандык білім алып, есейе келе орыс тілі арқылы Батыс өркениетімен танысып, өзіндік дәстүрі бар Орта Азия ықпалын қабылдап, отарлық саясатын күшейте түскен Ресей ықпалы дәуірлеуінің куәгері болды. Сол себепті Мәшһүрдің дүниетанымында да екі түрлі әлемнің: Шығыс пен Батыстың әсерлері айқын сезіледі. Алайда ғалым өз елінің тарихын, мәдениетін т.т. халықтық төл мәліметтерге сүйеніп жазды. Мұндай тарихи көзқарас қалыптасуына бала жастан ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтуы, ұстазы Хамариддиннің жыр–дастанды жинап жазып алу дәстүріне еліктеуі, Қазақстанның территориясын салт атпен аралап өтуі, жол бойында кездескен адамдардан шежіре сөздерін жинактауы т.б. негіз болды.

Қолға түскен барлық материалды сарқа пайдаланған Мәшһүр Жүсіп колжазбаларды жүйелеуде, сұрыптауға, кезеңдерге бөлуде, хронологиялық жүйе ретімен баяндауда тарих ғылымы өркендеген Батыс үлгісін негізге алды. Тарихты баяндау барысында шығыстык тарихнама дәстүріне негізделген шежіреге көбірек сүйенген.

Мәтіндерді тарихи–текстологиялық талдау барысы фольклор нұсқаларын жеткізушілердің (жинаушының емес) дүниетанымына тәуелділігін, өзгертілу мүмкіндігін, "Қазақ түбіндегі" тарихи оқиғалардың да тек бірыңғай хронологиялық– жылнамалық тәртіпке сай жазылмағанын, ара–арасында уақыт жағынан әртүрлі кезеңдердегі оқиғалардың біріктіріліп, бір кезеңге сыйдырылып енгізілгенін (Кенесары заманынан кейін XVI–XIX ғғ. Бұхар, XVIII–XIXғғ. Қоқан билеушілері тарихымен сабақтастырылған Ұлы жүз тарихы) т.т. айқындауға мүмкіндік береді.

Еңбегімізде көрсетілген мәліметтерге сүйеніп, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Қазақ түбі" тақырыбына байланысты жазылған қолжазбаларында мол тарихи дерек сақталғанын дәйектедік. Біздіңше, Мәшһүр Жүсіп мұрасын зерттеудің Қазақстан тарихы ғылымы үшін маңызы зор болмақ. Кез–келген ел тарихы бірнеше түрлі мағлұматтар көздерін жан–жақты сараптаулар көмегімен жазылады. Кеңес дәуірінде зерттеу танымына мәліметтердің соны да, мәнді бір түрінің

назарға ілінбеуі, немесе идеологиялық цензура талаптарына сай енгізілмеуі салдарынан тарихымыздың "ақтаңдақ" мәселелерін көбейте түсті. Бұл олқылықтың орнын Мәшһүр жазбаларындағы деректер толықтыра алатынына көз жеткіздік.

Қолжазба мәтіндерінің ғылыми зерде үшін пайдалы екі қыры бар. Біріншіден, ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып жеткізіліп келе жатқан әңгімелердің сол қалпында қағазға түскен нұсқалары, жазба шежіре түрлері, ғылыми еңбектер мәтіндері сарапталынады. Екіншіден, ғалымның мұрасын жүйелеу, жіктеу, құрастыру т.т. әдіс–тәсілдері, тарихтану мен деректануға қатысты мәселелерді талдауы, өз тұжырымдарын ұсынуы Отандық тарих ғылымының тарихнама, деректану салаларын байыта түседі.

Анықталған дерек көздері, қолжазба мәтініндегі мағлұматтарды салыстырмалы түрде талдау барысы қазақ елі тарихындағы оқиғалардың шынайы сипатын қайта қарауға, жаңаша көзқарас негізінде түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені Мәшһүр материалдарында деректер өзгертусіз жеткізілген, әрі есімдері ғылыми ортаға белгісіз мәлімет берушілер мәтіндері алынған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбасы – XIX ғ.аяғы мен XX ғ.басы аралығында мол сақталынған халықтық фольклор үлгілерінің жазылынып алынған, әрі жазба мәліметтерге сүйенген жинаушының өз пайымдаулары қатар берілген отандық тарихи мағлұматтардың мол шоғыры. Қазіргі кезде ұлттық рухани жаңғыру нәтижесінде М. Ж. Көпейұлы жазбаларын баспа бетіне жариялауға, сол арқылы қаһарман тұлғаларымызды жан–жақты тануға жол ашылды. Әлеуметтік жағдайына, қылған қоғамдық–саяси қызметіне қарай жіктемей әрқайсысын жеке адам – тұлға ретінде зерделеуге ұмтылу барысында Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы қаһарман тұлғаларымыздың шежірелік ата–тегі, өмір сүрген уақыты (туған, қайтыс болған жылдары), мекендеген жерлері, әкімшілік–сот жүйесіндегі орны (би, заңгер, хан, сұлтан, рубасы), әлеуметтік жағдайы (бай, орташа ауқатты, кедей), қоғамның ішкі, сыртқы өміріндегі ролі (елші, мәмлегер), белгілі бір тарихи оқиғаларға (шайқасқа, бітімге) араласуы т.т. туралы мол деректерді тарихи зерттеулермен, құжаттармен өзара байланыста қарастырдық.

Мәшһүр нұсқаларында ежелгі тарихи дәуірлер белгілі бір тұлғалар есімдерімен байланыстырылып баяндалынған. Шежіретанудың өзіндік ерекшеліктері, зерттеу әдістемесі, таным заңдылықтары барлығын ескерсек, ежелгі түркі заманының түрлі кезеңдерін шежіре сөздері арқылы жеткізген Мәшһүр мұрасының тағы бір шарттылығын тани түсеміз. Моңғол дәуіріне қатысты

варианттарда кісі есімдерін шатастырулар, қайталау қателіктері кездеседі. Мәселен, Мәшһүр жазбасында "Ноғайлының ханы" деп көрсетілген әз Жәнібекті Қазақ хандығы билеушісінен гөрі Алтын Ордадағы Жәнібекпен байланыстыруымызға тура келеді. Мәшһүр шежіресінде Шығыстық тарихнама дәстүрі негізге алынғанын ескерсек, XVIII–XIX ғғ, тарихи дәуірлердің кісі есімдеріне байланысты топтастырылуының себебі ашыла түседі. Патшалы Ресей тұсындағы оқиғалар Мәшһүр жазбаларында жинақталып, мәтіндер таңдап алынып, сұрыпталып, қысқартылып, не толықтырылып, 1907 жылы Қазаннан кітаптар түрінде басылып шыққан.

"Қазақ түбі " мәтіндерін негізге ала отырып, Мәшһүр Жүсіптің тарихтануға, деректануға қосқан үлесі, білдірген көзқарасы қарастырылды. Мұның барлығы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы аралығындағы тарихи білімнің дамуын, тарихнама саласын зерттеушілерге тың мәліметтер ұсынып, тарихи оқиғалар барысына деген өз көзқарасын қалыптастыруға қызмет жасайды. Мәселен, зерттеуде Мәшһүр деректерін талдау нәтижесінде Қазақ хандығындағы Салқам Жәңгір хан, әз Тәуке хан заманы жаңаша көзкарас тұрғысынан сараптауға салынады.

Зерттеуде қамтылған мәселелер Қазақстан тарихын зерттеушілерге, деректанушыларға, этнографтарға , этнологтарға, өлкетанушыларға ой салып, қызығушылық тудырып, Мәшһүр мұрасы төңірегінде пікір–талас жүргізілуі заңды. Мәшһүр Жүсіп колжазбаларының ғылыми таным арнасына жан–жақты тартылуы Отандық тарих ғылымы дамуына өз үлесін қосады деп санаймыз. М.Ж.Көпеев мұрасын игеру Отан тарихы ғылымында көкейкесті, аса қажетті шара деп білеміз. Әлі игерілмей жатқан бұл зор қазынаны зерделеу ісі тек тарихта болған тұлғаларымызды жан–жақты тануымызға ғана қызмет жасамайды, ел тарихындағы ақтаңдақ даулы мәселелерді шешуге де өз үлесін қосады деп тұжырымдаймыз.

## Қысқарған сөздер тізімі:

**ӘӨИ**– Әдебиет және өнер институты

**Б**– бет

**Ж**–жол

**И**–инвентарь

**ҚҚҒС**– Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, 6 томдық, Алматы, ғылым

**КПЖӘМ**– Қуандық Пазылұлы Жүсіповтің әулеттік мұрағаты

**ҚСЭ** – Қазақ Совет энциклопедиясы

**ҚТ**– "Қазақ түбі"

**ОҒКҚҚ**– Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қоры

**П**– парак

**Ш**– шифр

## Мазмұны


Алғы сөз 3

1 Мәшһүр Жүсіп: өмірі мен ғылыми – зерттеу тұғырнамасы 7

2 Тарихи мұраның жалпы сипаттамасы 11

3 «Қазақ түбі» үлгілеріндегі Отан тарихы 50

4 М. Ж. Көпеевтің деректанушылық көзқарасы 102

Қорытынды 116

Қысқарған сөздер тізімі 119

Л. Қ. Жүсіпова

**МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ-ДЕРЕКТАНУШЫ**

Оку құралы

Техникалык редактор М. К. Альжанова
Жауапты хатшы А. К. Темиргалинова

Басуға 01.02.2013 ж.
Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 х 42 ¼. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 6,72 Таралымы 500 дана
Тапсырыс № 2325

«КЕРЕКУ» Баспасы
С.Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64

1333 –



Жүсіпова Лаура Қуандыққызы 1973 жылы Семей қаласында туған. 1990 жылы № 5 қазақ орта мектебін үздік бітіріп, сол жылы Семей педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1995 ж. бітірді. 1998 жылы Павлодар мемлекеттік университетінің өндірістен тыс аспирантурасына түсті. 2002 жылдың 23 қазанда 07.00.09 – Деректану, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша Л. Қ. Жүсіпова «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері-тарихи дерек көзі ретінде» тақырыбында кандидаттық диссертацияны қорғап шықты. 2010 ж. «Қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы» тақырыбы төңірегінде докторлық диссертациясын қорғады. Жүсіпова Лаура Қуандыққызының ғылыми еңбектері 50-ден асады, оның ішінде 2002 жылы кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін 1 оқу құралы, 1 библиографиялық көрсеткіші, 4 кітап, шетел мемлекеттерінің ғылыми журналдарындағы мақалалар – 5 (*оның ішінде Thomson Reuters (ISI web of Knowledge. Impact-factor=0.165) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие халықаралық ғылыми журналдарда – 3 мақала Америкада)*, Комитет тізіміндегі ғылыми журналдарда 14 мақала, шетел мемлекеттерінің ғылыми конференция материалдарында 2 баяндама (*Австрия, Ресей*), Қазақстан Республикасында өтілген халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми конференцияларда 30-дан аса ғылыми еңбектері жарияланған.